- 21) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.С. Тасибековтың «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға конкурс өткізу туралы ақпары (№6, 26.01.2022);
- 22) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.С. Тасибековтың «Гидрология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске өзгерту енгізу туралы ақпары (№6, 26.01.2022);
- 23) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.С. Тасибековтың диссертациялық кеңестерге өзгеріс енгізу туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 24) Журналистика факультетінің деканы С.Ш. Мадиевтың ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының атауын ЮНЕСКО-ның Журналистика және коммуникация кафедрасы (орысша атауы: ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации) деп өзгерту туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 25) Журналистика факультетінің деканы С.Ш. Мадиевтың баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Д. Ысқақұлының «Мағжан – поэзия падишасы» атты монографиясын Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығына ұсыну туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 26) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың профессор Б.У. Жолдасбековаға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын беруге ұсыну туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 27) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың Түркия Республикасындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы туралы ережесін Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 28) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың қаржы және есеп кафедрасының профессоры Ф.К. Ердаuletованың «Accounting, audit and analysis in pawnshops» атты оқу құралын

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігіне ұсыну туралы ақпары (№7, 28.02.2022);
- 29) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.С. Тасибековтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ диссертациялық кеңестерінің мамандықтар тізімі мен оқыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу туралы ақпары (№8, 29.03.2022);
- 30) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Х.С. Тасибековтың қазақ тіл білімі кафедрасын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасы деп атауды ұсыну туралы ақпары (№8, 29.03.2022);
- 31) Механика-математика факультетінің деканы Д.Б. Жакебаевтың «Сандық технологиялар және робототехника» ғылыми-білім беру орталығын 10Б-4 дәрісханасына орналыстыруға және дәрісханаға «Сандық технологиялар және робототехника» орталығы атауын беру туралы ақпары (№8, 29.03.2022);
- 32) Халықаралық қатынастар факультетінің деканы Д.Қ. Жекеновтың №326 аудиториясына экономика ғылымдарының докторы, профессор Р.Е. Елемесовтың атын беру туралы ақпары (№8, 29.03.2022);
- 33) Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор Ф.Н. Жақыпованың 2022-2023 оқу жылында қабылданатын білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларды бекіту туралы ақпары (№9, 26.04.2022);
- 34) Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Л.А. Бимендиеваның «Исламдық қаржы және қаржылық аналитика орталығын» «Қаржылық технологиялар орталығы» болып қайта құрылу туралы ақпары (№9, 26.04.2022);
- 35) Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Ф.Н. Жақыпованың 2022-2023 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары аясында шекті балдарды бекіту туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 36) РОӘК ОӘБ-дің ғалым хатшысы А.С. Сырғақбаеваның 2022-2023 оқу жылында докторантураға түсу емтиханына арналған материалдарды (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан сұрақтары, эссе тақырыптары) бекіту туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 37) Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы Р.Е. Құдайбергенованың академиялық ұтқырлық ережесіне өзгерістер енгізу туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 38) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры А.С. Мағауованың «Методы научного исследования» (педагогикалық мамандықтар үшін) атты оқу құралына Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін алу үшін Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігіне қарастыруға ұсыну туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 39) Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Ф.Н. Жақыпованың магистранттарды Назарбаев стипендиясына ұсыну туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 40) Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Ф.Н. Жақыпованың 2022-2023 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесін бекіту туралы ақпары (№10, 23.05.2022);
- 41) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың Түркология және алтаистика ҒЗИ құру туралы ақпары (№11, 30.06.2022);
- 42) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың Археология және дала өркениеті ҒЗИ атауын Археология және антропология деп өзгерту туралы ақпары (№11, 30.06.2022);
- 43) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың информатика кафедрасының атауын өзгерту туралы ақпары (№11, 30.06.2022);
- 44) Бас ғалым хатшы Л.М. Шайкенованың PhD, химиялық физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы Ш.Е. Габдрашованың «Қорғаныс өнеркәсібі және төтенше жағдай қызметіндегі пиротехникалық бұйымдар» атты оқу құралын М. Әуезов ат. Оңтүстік-Қазақстан университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігіне қарастыруға ұсыну туралы ақпары (№11, 30.06.2022);
- 45) Бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы Шайкенованың Ғылыми кеңестің 2022–2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы ақпары (№11, 30.06.2022);
- 46) Стратегиялық даму орталығының директоры Г.С. Минажеваның университеттің негізгі көрсеткіштерін жетілдіру туралы ақпары (№12, 07.07.2022);
- 47) Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Х.С. Тасибековтың 6D060100, 8D05401 – математика, 6D070500, 8D06104 – математикалық және компьютерлік модельдеу, 6D060300, 8D06104 – механика, 6D074600, 8D07111 – ғарыштық техника және

технологиялар мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестің құрамын өзгерту туралы ақпары (№15, 18.08.2022);

3. ҚР БҒМ БҒСБК-ның қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор атақтарын беруге қатысты біліктілік мәселелері қарастырылды.

Есептік кезеңде Ғылыми кеңес ҚР БҒМ БҒСБК-ке

- 1) плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физикасы кафедрасы профессорының м.а., физика-математика ғылымдарының докторы, доцент А.М. Жукешовті (№2, 18.10.2021);
 - 2) PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), теориялық және ядролық физика кафедрасы профессорының м.а. К.А. Бошкаевті (№4, 24.11.2021);
 - 3) плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасы профессорының м.а., физика-математика ғылымдарының докторы С.С. Саутбековты (№8, 29.03.2022);
 - 4) дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы профессорының м.а., тарих ғылымдарының докторы Г.А. Сексенбаеваны (№8, 29.03.2022);
- профессор ғылыми атағына;**

- 1) қатты дене және бейсызық физикасы кафедрасы доцентінің м.а. С.А. Хохловты (№2, 18.10.2021);
- 2) заң ғылымдарының кандидаты, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы Н.Қ. Мыңбатырованы (№6, 26.01.2022);
- 3) тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының аға оқытушысы, PhD В.В. Павленконы (№6, 26.01.2022);
- 4) ЮНЕСКО-ның тұрақты даму кафедрасы профессорының м.а., биология ғылымдарының докторы Г.А. Садырованы (№8, 29.03.2022);
- 5) биотехнология кафедрасының доценті м.а., биология ғылымдарының кандидаты М.Х. Нармуратованы (№10, 23.05.2022);
- 6) қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті м.а., заң ғылымдарының кандидаты Алия Картбаевна Бердибаеваны (№11, 30.06.2022);
- 7) биотехнология кафедрасының доценті м.а., PhD Кенжегүл Болатханды (№11, 30.06.2022);

қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну туралы шешім шығарды.

4. Ғылыми кеңес мәжілістерінде 15 қаулы қабылданып, 107 тапсырма берілді, олардың орындалуын әкімшілік департаменті қадағалады.

- 15.11.2021 Ғылыми кеңесте 49 университет оқытушысы ҚР БҒМ-ның «2021 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауына қатысу үшін ұсынылды.

5. Ғылыми кеңес мәжілістерінде табысталған шәкіртақылар, марапаттар және дипломдар:

Ғылыми кеңес мәжілістерінде ҚазҰУ-дың үздік және лайықты студенттеріне жыл сайынғы ПОСКО қорының беделді стипендиясы келесі шәкіртақылар табысталды:

25- кесте. Пак Бенг Ук әрқайсысына 345 мың теңге (\$800) көлемінде POSCO Asia Fellowship 2021 шәкіртақыларды табыстады:

№	АЖТ	Факультеті	Мамандығы	Курсы
1.	Алпысбай Динара	Шығыстану	6B02207 – Шығыстану	2
2.	Амирова Айдана	Медицина және денсаулық сақтау	6B10103 – Жалпы медицина	2
3.	Асан Әбдірахым	Экономика және бизнес жоғары мектебі	6B04106 – Қаржы	2
4.	Барабашева Анастасия	Заң	5B030100 – Юриспруденция	4
5.	Болатбекова Аяулым	Медицина және денсаулық сақтау	6B10103 – Жалпы медицина	2
6.	Буркытов Данель	Экономика және бизнес жоғары мектебі	6B04102 – Менеджмент	2

7.	Жумақан Диана	Журналистика	6B03202 – Халықаралық журналистика	3
8.	Қайранбаева Жансая	Экономика және бизнес жоғары мектебі	6B04103 – Экономика	2
9.	Раис Жандос	Заң	6B12301 – Құқық қорғау қызметі	3
10.	Ундас Асель	Журналистика	6B03201 – Журналистика	2

Висмар университетінің (ГФР) дипломдары – неміс құқық магистрінің (Master of Law, L.L.M) «Неміс және халықаралық коммерциялық құқық» мамандығы бойынша 2021 жылғы түлектеріне – заң факультетінің 7M04218 – Құқықтану мамандығының магистранттары Жетпісбай Жандос Нұрғалиұлы мен Қасымбеков Досжан Аманқұлұлына табысталды.

Әулие Климент Охридский атындағы София университетімен бірігіп жасалынған «Europe and Asia: Cultural Diplomacy and Geopolitics of the EU» (Еуропа және Азия: Еуропалық Одақтағы мәдени дипломатия және геополитика / ағылшын тілінде) атты қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша келесі магистранттарға дипломдар табысталды: Жұмабекова Айя, Болатханова Ақбөпе, Казакпаева Салтанат, Оразбеков Мақсатқа.

Университетіміздің Жан Моне Эразмус+ естелік тақтасын қабылдап алынды.

Ла Сапиенза университетінің дипломдары (Италия) – ІСаяси ғылымдар, әлеуметтану және коммуникация1 факультетінің халықаралық ынтымақтастық және даму ғылым магистрі (Master's degree in Sciences of Development and International Cooperation) дәрежесі 2021 және 2022 жылғы екі түлегі – «7M02208 – Дүниежүзі тарихы» мамандығының тарих факультетінің магистранттары **Зұлқарнайұлы Шерхан** мен **Сұрағанов Сапарғали Серғалиұлына** беріледі.

6. Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, ҚР ҰҒА құрметті академигі **Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловқа** және техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, **Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа** «Аса көрнекті түлек» медалімен марапатталды.

- «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының» бас директоры, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Күнсұлу Дальтоновна Закарьяға** құрметті профессор атағы берілді.

- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» және 80 жылдық мерейтойына байланысты Үлкен алтын медалімен ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Ғахип Уалиев** марапатталды.

- Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры, **Дандай Ысқақұлы** «Мағжан – поэзия падишасы» атты монографиясы Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығына ие болды.

- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, химия ғылымдарының докторы, профессор, академик **Жұрынұлы Мұрат Жұрыновқа** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті доктор атағы берілді.

- Қазақстан Республикасының көрнекті саяси және мемлекет қайраткері **Ғаббасұлы Амандық Баталовқа** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессор атағы берілді.

- Ғылым, білім және мәдениет саласындағы халықаралық қатынастарды дамытуға қосқан үлесі үшін филология ғылымдарының докторы, профессор, «Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестердің» Президенті **Дэн Дэвидсонға** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры атағы берілді.

- Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, мемлекеттік және саяси қайраткер **Ақайұлы Асқар Ақаевқа** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры атағы берілді.

Ғылыми кеңес қызметі Ғылыми кеңес мүшелерін уақытылы хабардар етеді және факультеттердің Ғылыми кеңестерінің қызметін қадағалайды.

Ғылыми кеңес мәжілістерінен кейін бұйрықтарға негіз болатын және де Ғылыми кеңестің шешімдерін қадағалау мақсатында тиісті сұрақтар бойынша Ғылыми кеңес хаттамасының көшірмелері беріліп отырады.

Ғылыми кеңес университеттің оқу-ғылыми-өндірістік кешен ретіндегі бүкіл қызметін регламенттеуші орган ретінде қызмет атқарады:

Кеңес білім беру, әдістемелік, ғылыми қызмет және тәрбие жұмыстарының стратегиясын анықтайды; оқу үрдісін ұйымдастыру мәселелері бойынша шешім қабылдайды, қажетті жоспардағы білім беру құжаттарын бекітеді, әлеуметтік-экономикалық дамудың перспективаларын анықтайды. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының есептерін талқылайды, университеттің құрылымы бойынша сұрақтарды және біліктілікке қатысты мәселелерді шешеді.

1.3 ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ХАТТАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ

Ұйымдастыру-хаттамалық қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі – Қызмет) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады және университет ректорының ұйымдастырушылық және хаттамалық қызметін қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Басқару қызметінің мақсатын жүзеге асыру арнайы ұйымдастыру-бақылау және ақпараттық-әдістемелік және аналитикалық функциялар мен міндеттердің кешенін жүзеге асыру арқылы жүзеге асады. Қызмет өз функцияларын жүзеге асыру шеңберінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмаларының, университеттің Ғылыми кеңесінің хаттамалық шешімдері мен қаулыларының орындалуына бақылауды ұйымдастыруды, ректорат, ректордың бұйрықтары, арнайы тапсырмалары мен нұсқаулары және қадағалау тапсырмаларын жүзеге асырады.

2021-2022 оқу жылында барлығы 10 Ғылыми кеңес отырысы өткізілді. Осы отырыстарда 83 тапсырма берілді. Оның ішінде: 78 орындалды; қалған тапсырмалар мерзімі шілде-тамыз айына белгіленген. Сондай-ақ қызмет апта сайын университет бойынша ақпараттар (хаттамалар) жинақтау, ректор тапсырмаларының, ғылыми кеңес қаулылары мен ректорат шешімдерінің орындалуын бақылау; құттықтау жеделхаттары, көңіл айту хаттары мен құттықтау конверттерін дайындау және жөнелту; ректордың қатысуымен өтетін іс-шаралар бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан ақпарат жинау және талдау; басқа құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп ректордың қатысуымен іс-шараларды (халықаралық конференциялар, кеңестер, мерейтойлар, кездесулер) ұйымдастыру; жоғары дәрежелі қонақтарды қарсы алу, шығарып салу, жоғары дәрежелі қонақтардың қозғалу маршрутын (схемасын) дайындау; мерейтойлық медальдардың сертификаттарын дайындау; наградталған медальдардың есебін жүргізу; өтінімдерді дайындау және беру. Қызмет өз құзыреті шегінде келесі жұмыстарды жүзеге асырды:

I. Жоғары мәртебелі қонақтардың іс-сапарлары және Ректордың қатысуымен өткен іс-шаралар:

1. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Венгрияның Алматыдағы Бас консулы Ференц Блауманмен кездесті (09.06.2021);

2. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев белгілі мемлекет қайраткері, дипломат, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының Халықаралық бағдарламалар орталығының жетекшісі Қайрат Әбусейітовпен кездесті (08.09.2021);

3. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына кіретін университет ғалымдарымен кездесті (15.09.2021);

4. Басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Директорлар кеңесінің мүшесі, Astana Group басшысы Нұрлан Смағұловпен кездесті (21.09.2021);

5. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-білім беру орталықтары мен зертханаларының директорларымен кездесу өткізді (21.09.2021);

6. Директорлар кеңесінің мүшелері Арманжан Байтасов пен Гүлмира Елеуова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып, кампустың даму жоспарымен танысты (24.09.2021);

7. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевпен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы М.Д.Ахметовтің кездесуі өтті (01.10.2021);
 8. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Олимпиада чемпионы Елдос Сметовтың Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаевпен және университеттің студенттерімен кездесуі өтті (04.10.2021);
 9. Басқарма төрағасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Италия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшісі Марко Альберти мырзамен кездесті (04.10.2021);
 10. Басқарма төрағасы – ректор Ж.Қ.Түймебаев Лихай университетінің Шығармашылық зерттеулер жөніндегі бірінші проректоры және Mountaintop бастамасының директоры, профессор Ханджан Мехтамен тараптар ынтымақтастық перспективаларын және бірлескен жобаларды жүзеге асыруды талқылады (08.10.2021);
 11. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Түрікменстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі Батыр Режеповпен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы-ректорының кездесуі өтті (15.10.2021);
 12. Басқарма төрағасы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен Стамбул университетінің Cerrahpasa (Cerrahpasa) ректоры, профессор Нури Айдын бастаған делегацияның кездесуі өтті (16.10.2021);
 13. Басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының халықаралық қатынастар бөлімі меңгерушісінің орынбасары Анушервон Асоев пен халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі Әлішер Саидмухторовты қабылдады (04.11.2021);
 14. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов келді (07.12.2021 ж.);
 15. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы Төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса «Жыл ректоры» сыйлығын Басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа табыс етті (30.12.2021);
 16. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин келіп, жоғары оқу орнының қызметімен танысты (25.01.2022);
 17. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым, Елнұр Бейсенбаев, Мәди Ахметов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болды (21.02.2022);
 18. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің Хатшылығы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды (25.03.2022);
 19. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Индонезияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мохамад Фаджрус Рахман бастаған делегациямен кездесті (20.04.2022);
 20. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Францияның Еуропа және Сыртқы істер министрлігінің арнайы тапсырмалар жөніндегі комиссары Люк Леви мырза бастаған делегация келді (25.05.2022);
 21. Қазақ ұлттық университетінде жыл сайынғы дәстүрлі мереке – Түлектер күні өтті (28.05.2022);
 22. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келді (01.06.2022);
 23. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі және ғылымдағы ерекше еңбегі үшін ҚазҰУ-дың бірқатар ғалымдары мемлекеттік наградалармен марапатталды (01.06.2022);
 24. ҚазҰУ ректоры Алматы Менеджмент Университетіне жұмыс сапарымен барды (08.06.2022);
 25. ҚазҰУ QS WUR рейтингінде 150 орынға көтерілді (09.06.2022);
 26. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Ұлттық кітапханасының директоры Айхан Туғлумен кездесті (10.06.2022);
 27. Біләл Ердоған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келді (15.06.2022);
 28. Қырғызстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ресей Ғылым академиясының академигі, профессор, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Асқар Ақаевтың «Демографиялық көне заманнан бергі динамика және адамзаттың болашағы» атты дәріс өткізді (19.06.2022);
- Оқу жылының басынан есепті кезеңде барлығы 100-ден астам кездесу өткізілді.

II. Құттықтаулар және басқа да хат-хабарламалар

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік органдардың басшыларына және еліміздің еңбек сіңірген қайраткерлеріне 700-ден астам құттықтау хаттар мен көңіл айту хаттары жолданды.

Мысалы, құттықтау хаттары ҚР Премьер-Министрі А.А.Смайылова, Оқу-ағарту министрі А.Қ.Аймағанбетовке, ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.А.Абаевқа жолданды. т.б.

III. Университеттің атаулы медальдарымен марапаттау

2021-2022 оқу жылында марапатталғандар:

- әл-Фарабидің «Білім мен ғылымның дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» атты **үлкен алтын медалі** – 18 азамат.
- әл-Фарабидің «Білім мен ғылымды дамытудағы ерекше еңбегі үшін» **күміс медалі** – 29 азамат.
- **«Ерен еңбегі үшін»** медалі – 274 азамат.

Алтын медаль марапаты Қырғыз Республикасының экс-президенті А.Ақаевқа, Түркияның экс-президенті Абдулла Гүлге және т.б. берілді.

Мысалы, күміс медалімен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Т.И.Есполова, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары А.Г. Балаеваға, ҚР Сенатының депутаты Г.Д. Қарағұсоваға және т.б. марапатталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен ҚР Президентінің көмекшісі Исекешев Ә.Ө, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж Жұрыновқа және т.б. табысталды.

IV. Ұлттық мереке күндері құттықтау

Қазақстан Республикасының әрбір мемлекеттік мерекесіне құттықтаулар жазылған ашық хаттар жасалып, жоғары лауазымды тұлғаларға жіберілді (есептік кезеңде барлығы 500-ден астам құттықтаулар).


1.4 АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУЫ ДЕПАРТАМЕНТІ

Кіріспе: Адам ресурстарын дамыту департаменті "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ" КеАҚ (бұдан әрі – Университет/ЖОО) Директорлар кеңесінің 05.09.2021 жылғы шешімі бойынша бұрын болған адам ресурстары мен архив басқармасының қайта құру жолымен құрылды.

Департамент университеттің дербес құрылымдық бөлімшесі және операциялық қызмет жөніндегі проректордың ведомстволық басқаруында.

Жұмыс жағдайы:

2021 жылы штаттағы қызметкерлердің жалпы саны – 5300 (2020 жылы – 5257, 2019 жылы – 4941) құрады, оның ішінде қосымша қызметкерлер – 1100 (2020 жылы – 920, 2019 жылы – 728).



1-сурет. Университет қызметкерлер санының өсу динамикасы

1-

Штаттағы қызметкерлердің жалпы санынан оқытушы профессорлар құрамының саны – 2525 (2020 жылы – 2229, 2019 жылы – 2072), оқу-қосалқы құрамы – 570 (2020 жылы – 691, 2019 жылы – 711),

әкімшілік-басқару құрамы – 311 (2020 жылы – 296, 2019 жылы – 286), қызмет көрсеті құрамы – 1012 (2020 жылы – 1121, 2019 жылы – 1144).


Университет оқытушы-профессорлар құрамы сапалық құрамын жақсарту бойынша белгілі жұмыс жүргізді, олардың ғылыми дәрежелілігі - 75% құрады. 760 оқытушының біліктілігі арттырылды. Өткен жылы ғылым докторларының саны – 590, ғылым кандидаттары – 858 және PhD докторлары – 461.

Қызметкерлердің сапалық құрамын арттыру жөніндегі жұмыс қорытындылары Білім және ғылым министрлігінің және басқа да орталық мемлекеттік органдар тарапынан берілген көтермелеулерде оң көрініс тапты. 7 қызметкер мемлекеттік наградаларға ие болса, 18 оқытушы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантына ие болды. Білім және ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт министрліктерінің, Қазақстан халықтары Ассамблеясының марапаттарымен университеттің 102 қызметкері марапатталды. Университеттің 90 қызметкері "EREN ENBEGI USHIN" медалімен марапатталды. Департамент барлық көрсетілген номинанттар бойынша марапаттауға тиісті құжаттарды уақтылы және сапалы дайындады.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар санының өсу серпіні қамтамасыз етілді, олар 2021 жылы – 1770 (2020 жылы – 1610, 2019 жылы – 1523) құрады.

Қызметкерлерді ынталандыру үшін 2020-2021 оқу жылында 563 оқытушының жалақысына үстеме ақы төленді, негізгі оқытушы-профессорлар, кафедралар мен факультеттердің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі болды.

Кадр саясатында меритократия қағидаларымен іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрігімен келісім шеңберінде бос лауазымдарға қабылдау ішкі ауысуларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады. Университеттің арнайы құрылған комиссиясы бос лауазымдарға орналасуға конкурстар ұйымдастырып, өткізеді, оның қорытындысы бойынша 7 декан, 11 декан орынбасары, 24 кафедра меңгерушісі және 212 қатардағы ПОҚ конкурстық іріктеуден өтті.



2-сурет. Жылдар бойынша ПОҚ конкурстан өту серпіні

Жүргізілген жұмыстарға қатысты, 2021 жылы Департамент пен жеке құрам бойынша 7280 бұйрық рәсімделді (2020 жылы – 6800, 2019 жылы – 6262), әр түрлі кадр мәселелері бойынша 1400 мұрағаттық және 5500 анықтама берілді.

Еңбек заңнамасының және ішкі ережелердің талаптарына сәйкес 343 қызметкердің жеке істері өзектендірілді, жаңадан қабылданғандардың 575 ісі жаңадан қалыптастырылды.

Сондай-ақ, 2021 жылы ҚР БҒМ және басқа да мекемелер мен ұйымдарға 432 ақпарат дайындалып жіберілді. Токсан сайын ҚР БҒМ үшін "ПОҚ-ЖОО" бағдарламасы бойынша есептер және мемлекеттік органдарға статистикалық есептер қалыптастырылды.

"Директум" жүйесі бойынша бұйрықтар мен ұсынымдардың автоматтандырылған рәсімделуі қамтамасыз етілді. Осы мақсатта бұйрықтардың, сондай-ақ электрондық форматқа көшу үшін

өтініштер мен ұсынымдардың үлгілері дайындалды, құжаттардың қозғалыс бағыттарын келісу процесі жүргізілуде.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің деректер базасы бойынша жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім берген 780 кандидат пен қызметкерлердің деректеріне тексеру жүргізілді.

Кадрлық іс жүргізуді мемлекеттік және орыс тілдерінде реттеу жөніндегі іс-шаралар аяқталды. Жұмысқа "ІС бухгалтерия" бағдарламасы енгізілді, нұсқасы 8.2. Бағдарлама Қаржы бөлімшесімен өзара байланысты жұмысқа қарастырылған, бұл Департамент мамандарының функционалдық міндеттерін кеңейтті.

Мереке күндері проректорлар мен университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кезекшілік кестелерін үйлестіреді және есепке алады.

Жыл сайын барлық қызметкерлердің флюорографиялық тексеруден өтуі бойынша уәкілетті органдармен бірлескен іс-шаралар жүргізіледі. Сол сияқты қызметкерлердің профилактикалық тексерулерден өтуі қамтамасыз етіледі.

Департамент тұрақты негізде еңбек заңнамасы бойынша, Университеттің ішкі ережелері бойынша кадрлық мәселелерге қатысты консультациялық және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

1.5 ЗАҢ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

1.5 Заң және құжаттармен қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) Университеттің 04.06.2021 жылғы №272 жылғы бұйрығымен құрылды. Департамент мұрағат және құжаттармен қамтамасыз ету басқармасынан, әскери-жұмылдыру жұмысы секторынан және құқықтық жұмыс бөлімінен тұрады.

Департаменттің негізгі міндеттері университеттің құқықтыраы мен заңды мүдделерін қорғау, құжаттандырудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету, құжаттармен жұмысты ұйымдастыру, хаттар мен сұрау салулардың орындалуын бақылау және құжаттарды ведомствалық мұрағатқа өткізуге әзірлеу, сондай-ақ ҚР азаматтарының әскери міндетін орындауын және әскери есепке алу қағидаларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5.1 Құқықтық жұмыс бөлімі

Құқықтық жұмыс бөлімі 2021-2022 оқу жылында келесідей жұмыстарды атқарды.

Құқықтық сараптама жүргізілді :

- 1) **3254** – университет бұйрықтары;
- 2) **23000** - университет қызметінің түрлі бағыттары бойынша шарттар;
- 3) **1400** - ынтымақтастық туралы келісімдер мен меморандумдар және т.б. ;
- 4) **500** – ережелермен лауазымдық нұсқаулықтар.

2022 жылдың 2-жартыжылдығында университет басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етілуі - 50.

Ректордың және басқа да университет басшыларының тапсырмасы бойынша жеке және заңды тұлғаларға 80 жауап дайындалып берілді, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 50 тапсырмасы орындалды.

Құқықтық жұмыс бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының соттарында 172 азаматтық іс қаралды, оның ішінде сотпен 149 іс университет пайдасына шешілді, қалған 23-і сот өндірісінде қаралуда. Нотариусқа атқарушылық жазбаны жасау туралы жіберілген өтініштер саны - 5.

Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін соттарға жіберілген талап-арыздар саны - 80.

Сондай-ақ, студенттердің оқу үшін қарыздарын өндіріп алу бойынша сотқа 88 талап-арыз жолданды. Шығарылған сот шешімдерінің негізінде Университет пайдасына **15 982 274 теңге** көлемінде сома өндірілді.

1.5.1.1 Әскери-жұмылдыру жұмысы секторы

Әскери-жұмылдыру жұмысы секторына жұмысқа және оқуға қабылданатын Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттіліктің орындалуын, әскери есепке алу қағидаларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету, азаматтардың әскери есепте болуын айқындау және оларды тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына әскери есепке қою функциясы жүктелген.

Әскери-жұмылдыру жұмысы секторы келесі жұмыстарды орындады :

1) Студенттерді, қызметкерлерді әскери есепке алу мәселелері бойынша жергілікті әскери басқару органдарымен (бұдан әрі - ЖӘБО) хат алмасуды ЭҚАБЖ - мен біріктірілген «Salem Office» электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы 29 және «Қазпочта» арқылы 52 нөмір арқылы жүргізу;

2) ЖОО-ға жұмысқа оқуға және түсу бойынша әскери міндеттілердің әскери есебін бақылау, ЖОО-ға есепке алу - 744 адам;

3) Жазылып берілген анықтамалар, ЖОО - да білім алуды жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну туралы №3 қосымша-768 анықтама дайындалып, ЖӘБО-ға «Қазпочта» арқылы жіберілді;

4) Әскери есепке алу бойынша бақылау үшін оқудан шығарылған студенттерге бұйрықтардың үзінділері - бұйрықтардан 28 үзінді дайындалды және «Қазпочта» арқылы ЖӘБО-ға жіберілді;

5) ЖОО - да оқу аяқталғаннан кейін ЖОО-да әскери есепке алу бойынша бақылаудан алынды (кету парағы бойынша) - 2451 адам;

6) ЖӘБО-ға мәртебесін анықтау үшін ЖӘБО-дан сұрау салу бойынша студент-әскерге шақырылушыларға шақыру қағаздары бойынша жауап беру (оқиды, бітірді, оқудан шығарылды, көрсетілмейді) - 8 адам;

7) университеттің 2021-2026 жылдарға арналған жұмылдыру жоспарын әзірлеу -15.06.2022 ж. орындалды.

2022 жылға әскери міндеттілерді әскери есепке алуға өтінімді электрондық түрде (бағдарлама, жүйе) әзірлеу жоспарлануда.

1.5.1.2 Құқықтық жұмыс бөлімі

Құқықтық жұмыс бөлімімен барлық жылжымайтын мүлік объектілерін, жатақхананы, ҚазҰУ-дың әкімшілік ғимаратын қайта тіркеуді қамтамасыз етілді.

Қазіргі уақытта барлық жылжымайтын мүлікті, оның ішінде университеттің жер учаскелерін түгендеу (инвентаризация) бойынша жұмыстар аяқталды.

Құқықтық жұмыс бөлімінің қызметкерлері Университеттің негізгі және маңызды кеңес комиссияларына қатысады, атап айтқанда :

Тұрғын емес үй-жайларды және басқа да мүлікті жалға (жалдауға) беру жөніндегі комиссия. Жалға беру бойынша комиссияның 23 отырысы өткізілді.

Ағымдағы сәтте қысқа мерзімді (он бір ай) және ұзақ мерзімді (үш жыл) жалдау шарттары бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілді :

- 11 үй-жай (1 832,9 ш.м.) – қоғамдық тамақтану пункттерін ұйымдастыру үшін (асханалар, дәмханалар, буфеттер) ;

- 12 алаң (419,25 ш.м.) – кофеханаларды ұйымдастыру, кофе-барларды, өзімен бірге кофе типі бойынша аралдарды, вендингтік кофе және снэк сауда автоматтарын орнату үшін;

- 2 үй-жай (32,2 ш.м.) - азық-түлік дүкендерін ұйымдастыру үшін;

- үй-жайлар және алаңдар (5 680,4 ш.м.) – өзге де қызмет көрсету салалары үшін, оның ішінде:

- «Шамшырақ» - қонақ үй үлгісіндегі жатақханада уақытша тұруды қамтамасыз ету бойынша қызметтер кешенін көрсету үшін 2 875,4 ш.м.;

- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ еншілес ұйымын орналастыру үшін - 2 743 ш.м. («Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ технопаркі» ЖШС);

- көшіру орталығының қызметін ұйымдастыру үшін, сондай-ақ кеңсе тауарларын өткізу үшін - 21 ш.м.;

- өзіне – өзі қызмет көрсету кір жуғыш машиналарын орнату үшін - 39 ш.м.;

- вединг аппараттарын орнату үшін (зарядтау құрылғыларын жалға беру автоматтары (Power Bank) - 2 ш.м.

Департамент сондай - ақ: 2 - Қағида, 3-Ереже және Шарт жобасын дайындады.

2021 жылдың қарашасынан 2022 жылдың мамыр айына дейін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ білім алушылары үшін асхана үй-жайларын жалға алушылардан жалпы сомасы 1 440 000 (бір миллион төрт жүз қырық мың) теңгеге бір реттік тегін тамақ алуға 1 200 (бір мың екі жүз) талон алынды.

Оның ішінде 2021 жылдың желтоқсан ақпан айынан 2022 жылдың ақпан айларына біржолғы тегін тамақ алуға 60 000 (алпыс мың) теңге сомасына пайдаланылмаған 50 (елу) талон қайтарылды.

Тәртіптік комиссия 15 отырыс өткізіп, нәтижесінде еңбек тәртібін бұзған университет қызметкерлері түрлі тәртіптік жазаларға тартылды.

Келісім комиссиясында С.У. Бутакуловтың арызымен жұмысқа қайта алу туралы еңбек дауы бойынша 1 отырыс өткізді. Келісім комиссиясының шешімімен С. У. Бутакуловтың өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Жоғарыда көрсетілген комиссиялардан бөлек Құқықтық жұмыс бөлімінің қызметкерлері «Астана Банкі» АҚ-да салынған ақшалай қаражатты қайтару бойынша «Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясының кредиторлар комитетіне қатыстырылады.

Құқықтық жұмыс бөлімі қабылдаған шаралар нәтижесінде, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ «Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің төрағасы болып сайланды (Банктің тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің 2021 жылғы 12 мамырдағы № 37 «Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясы отырысына қатысушылардың бірауыздан қабылдаған шешімі туралы хаттамасы). Осыған байланысты Университет банктің тарату қызметіне белсенді қатысады және тарату комиссиясының банк кредиторларына берешекті өтеу жөніндегі қызметін бақылайды.

19.04.2022 жылғы МАЭС шешімімен отырыс хаттамасын ішінара жарамсыз деп тану туралы университеттің талабы қанағаттандырылды (кепіл жер учаскесін сату бөлігінде), 07.07.2022 жылы Алматы қаласы сотының апелляциялық алқасының отырысы өтеді.

Тарату комиссиясына қатысты талап-арызды Алматы қаласының прокуратурасы жердің орналасқан жері бойынша елорданың сот органдарына ұсынған. Есіл аудандық сотының 2022 жылғы 16.03. шешімімен талап қанағаттандырылды. Нұр-сұлтан қаласы сотының 2022 жылғы 08.06.қаулысымен шешім өзгеріссіз қалдырылды. Бұл жағдайда университет 3-ші тұлға ретінде тартылды.

Сондай-ақ, 2022 жылдың сәуір айында университет мемлекеттік баждың төленбеуіне байланысты (талап сомасының 3%= 40 млн.теңге) банктің кепіл жер учаскесін сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы университеттің талабын қайтаратын жергілікті соттардың сот актілерін қайта қарау туралы ҚР Жоғарғы Соты төрағасының атына өтініш берді. Қарастырылымда.

01.06.2022 жылғы жағдай бойынша «Астана Банкі» АҚ кредиторлармен есеп айырысуды жүргізді:

1 кезекте Банк кредиторларының тізіліміндегі - (қызметкерлердің жалақысы) 86 628,04 теңге сомасында (100%);

2-кезекте («ҚДКБҚ» АҚ) 19 868 000 000 теңге сомасында (52,87%).

3-кезекте - Университет.

Сонымен қатар, университет пен ҰЯЗУ МИФИ арасында филиалды құру және оның жұмыс істеуі туралы келісімге қол қойылды, оны заң бөлімі әзірледі. Университет базасында ашылған ҰЯЗУ МИФИ филиалына мүлікті өтеусіз беру туралы шарт жасасу бойынша одан әрі жұмыс жүргізілуде.

Сондай-ақ, Құқықтық бөлім ақылы қызмет көрсететін орталықтармен айналысатын университет комиссиясының құрамында жұмыс атқарды. Отырыс қорытындысы бойынша Құқықтық бөлім университет қызметкерлеріне ақылы қызмет көрсетуге тартылған орталықтардың жұмыс істеу заңдылығына қатысты өзінің ерекше пікірін білдіріп, кейіннен Комиссия төрағасына жіберілді.

Департаментпен келесідей құжаттар әзірленді :

1) Бішкек қаласында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ филиалын тіркеу жүргізілді;

2) сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі Қағидалар әзірленді. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ жылжымайтын мүлік объектілері. Ережені бекіту туралы мәселе университет Басқармасы отырысының күн тәртібіне шығарылады

1.5.2. Мұрағат және құжаттармен қамтамасыз ету басқармасы

Мұрағат және құжаттармен қамтамасыз ету басқармасы күніне 30-ға жуық шығыс, 60 кіріс хаттарын және 10-нан астам бұйрықтарды тіркейді.

2021-2022 оқу жылында Басқармада келесідей жұмыстар орындалды :

1) Құжат айналымының көлемі

Есептік кезеңде Басқармада 20581 құжат өңделді. Оның ішінде барлық кіріс хат – хабарлар саны – 8667, шығыс хат – хабарлар саны-9742, ішкі құжаттар саны-2172 бірлікті құрады.

Университет басшылығымен 5667 кіріс құжаттары қаралды. Оның ішінде жоғары тұрған ұйымдардан – 467, басқа ұйымдардан – 3670, жеке тұлғалардан – 695, е-otinish – 835. Барлығы уақытылы орындалды.

Тіркелген ішкі құжаттар саны - 2176. Оның ішінде негізгі қызмет бойынша бұйрықтар – 538, білім алушылардың жеке құрамы бойынша – 506, қызметкерлердің жеке құрамы бойынша – 827, әкімшілік-шаруашылық бөлімі бойынша – 4 және 62, өкімдер, қызметтік жазбалар – 193, тапсырма - 46.

2) Құжат айналымын оңтайландыру

2022 жылдың қаңтар айынан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша университет толығымен ЭҚАБЖ-мен біріктірілген «Salem Office» электрондық құжат айналымы жүйесіне көшті.

Кіріс құжаттар басшылықта электрондық форматта қаралады және орындаушыларға электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша қағаз жеткізгіште басып шығарусыз жіберіледі.

1.5.2.1. Мұрағат бөлімі

3) мұрағат бағыты бойынша

- E-otinish арқылы 787 сұрау салу орындалды;
- E-otinish арқылы 335 Мұрағаттық анықтама орындалды;
- Salem Office арқылы 224 сұрау салу орындалды;
- ХҚКО арқылы 78 қосымшаның телнұсқасы орындалды;
- АМГУ арқылы 55 дубликат қосымшалар орындалды;
- Жеке істер - 6630 дана (2011, 2012-жартысы) тігілді;
- Тігілген жеке істер - 7700 дана ((2020, 2021-бөлім)

Уақытша пайдалануға берілген құжаттар - 214 дана;

Студенттік бөлімге 262 жеке іс берілді;

Берілген құжаттардың көшірмелері мен құжаттардан үзінділер - 575 дана;

Оқудан шығарылған студенттерге жеке құжаттар (аттестаттар, дипломдар) і-172 дана берілді;

Филология факультетінің дипломдық жұмыстарын қабылдау – 2021 жылы - 6731 дана; 2022 жылы - 950 дана.

ДЕПАРТАМЕНТТЕР

2.1 АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ

2.1.1 Оқуға қабылдау офисі

Оқуға қабылдау офисі ақпан айында бөлім болып құрылып, бөлімнің қабылдау ережелері, жоспары әзірленіп, ережелерді қабылдау комиссиясының стендінде және университеттің ресми сайтында орналастырылды. Дарынды жастарды тарту мақсатында мектеп түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу туралы бастама көтерілді. Қала, аудан және облыс мектептерінің 9,11 сынып оқушылары үшін "Ашық есік күнін" және оқушылармен кездесу дәрістерін ұйымдастыру жұмыстары факультеттермен бірлесе отырып жүргізілді.

Оқуға қабылдау офисінің ұйымдастыруымен 11-сынып оқушыларына факультеттің кәсіби бағдар беру жұмысына жауапты оқытушылармен кездесуі наурыз айында болып өтті. Шара барысында ҚазҰУ туралы, факультет, кафедра жайында білім, ғылым, тәрбие жұмыстары бойынша сөз қозғалды, сонымен қатар жас талапкерлердің таңдау пәні, бағыттары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді, сұрақтар қойылып, жауаптар берілді.




Наурыз айында Нұр-Сұлтан қаласынан «Білім-инновация» дарынды қыз балаларға арналған лицей интернатының 11-сынып оқушыларымен кездесу болды. Оқушыларға университет туралы таныстыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың университет, факультеттер туралы сұрақтарына толық жауаптар берілді. Оқушылар ҚазҰУ-дың тарихи мұражайын және әл-Фараби мұражайын аралады, оқушылар университет туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды.



Екібастұз қаласынан облыстық көпсалалы өптілді лицей-интернат, 10-сынып оқушыларымен кездесу барысында, олардың болашақтағы таңдау бағыты бойынша факультеттер тараптарынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Университеттегі барлық білім беру бағдарламалары туралы оқушыларға түсіндіріп, университеттің негізгі бағыттары мен жетістіктерін таныстырып өтті.



Нұр-Сұлтан қаласы «Usnady», «Өркен-Ниет» білім қоры, Тараз қаласы, Ә. Бөкейханов атындағы ЖББМ, Өскемен қаласынан «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КМК, мектеп бітіруші түлектерге мамандықтар, дайындық курстары ҚазҰУ-да білім алудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, университеттің мұражайы мен кітапханасында экскурсия жұмыстары жүргізілді. Оқушылар болашақта университетке түскісі келетіндерін атап өтті.



Қарағанды қаласынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында болашақ жас талапкерлерге экскурсия жұмысы жүргізіліп, университет туралы қызықты, әрі пайдалы ақпарат алуға және оның іргетасының қалану тарихы мен оқу ғимараттары, кітапхана қорлары, интернет орталығы көрсетіліп, таныстырылды. Биология, полиолит, археология, этнография мұражайларын экскурсоводтар толық қанды тарихи деректер меноқиғаларды, археологиялық ескерткіштерді, экспедициялық зерттеулерді жан-жақты баяндап берді. Оқушылар студенттік өмірдің тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.



Алматы облысы, Іле ауданы, Ынтымақ аулынан келген оқушыларға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында 6,9,10 сынып оқушыларына экскурсия жұмысы жүргізіліп, университет туралы қызықты, әрі пайдалы ақпарат алуға және оның іргетасының қалану тарихы мен оқу ғимараттары, кітапхана қорлары, интернет орталығы көрсетіліп, таныстырылды. Биология, полиолит, археология, этнография мұражайларын экскурсоводтар толық қанды тарихи деректер мен оқиғаларды, археологиялық ескерткіштерді, экспедициялық зерттеулерді жан-жақты баяндап берді. Оқушылар студенттік өмірдің тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

Алматы қаласынан сәуір айында «№138 гимназия» оқушыларға ҚазҰУ туралы таныстыру жұмыстары жүргізілді. Университет, факультеттер туралы сұрақтарына толық жауаптар берілді. Оқушылар ҚазҰУ-дың тарихи мұражайын және әл-Фараби мұражайын аралады.

Болашақ талапкерлерге ҰБТ және олардың болашақтағы таңдау бағытыбойынша факультеттер тараптарынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, университеттің мұражайы мен кітапханасында экскурсия жұмыстары жүргізілді.

№ 81 мектеп-гимназия Болашақ талапкерлерге ҰБТ және олардың болашақтағы таңдау бағыты бойынша факультеттер тараптарынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мамандықтар, дайындық курстары ҚазҰУ-да білім алудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді.

Оқуға қабылдау офисінің мамандары Ақтау, Атырау қалаларында кәсіби бағдар бойынша жұмыстар жүргізіп келді. Іс-сапардың мақсаты Атырау және Маңғыстау облыстарының мектеп бітірушілеріне кәсіптік бағдар беру.


Атырау қаласындағы «Абай орталығында» оқушылар сарайында, Құлсары қаласының мәдени орталығында Құлсары қаласындағы №5 жалпы білім беретін мектепте, Н.Жантөрин атындағы драма театрында Ақтау қаласындағы мектеп түлектеріне, 21 мамыр Жаңаөзен қаласындағы №23 жалпы білім беретін мектепте, 24 мамырда Атырау және Маңғыстау облыстарының мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізіп қайтты.



ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Атырау және Маңғыстау облыстарының биылғы түлектеріне 10 мың грант бөлінгенін хабарлайды.

Осыған орай, жоғарыда аталған тапсырмаларды сапалы орындау мақсатында 18-19 мамыр аралығында Атырау облысының Атырау және Құлсары қалаларында және 20-21 мамыр аралығында Ақтау қаласында және Маңғыстау облысының басқа да аймақтарында жоғары оқу орындарының

өкілдері мекемелері түлектерге және орта арнаулы оқу орындарына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



«ПМ Education» білім беру орталығының ұйымдастырумен «Университеттердің көрмесі» іс-шарасына қатысып, мектеп оқушыларымен кездесу өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты – Алматы қаласындағы мектеп түлектерімен қатар студенттерімізге бір күнде қаладағы ең үздік университеттермен танысуға мүмкіндік беру болды. Университет тарапынан оқушыларға барлық факультет тарапынан түсіндіру, таныстыру, білім беру бағдарламалары бойынша жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара университеттерді үгіт-насихат алаңымен қамтамасыз ету және 9-10-11 сыныптардағы талапкерлер мен оқушыларға университеттер туралы ақпарат беруді қамтиды, университет туралы толық ақпарат оқытушылар тарапынан толық берілді.




Кәсіби бағдар жұмысы бойынша кафедра оқытушылары, профессорлардың ұйымдастыруымен Қазақстанның көптеген қалаларында бітіруші мектеп түлектерімен кездесу өткізілді.

Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша педагогикалық тәжірибеден өткен мектептермен тығыз байланыстар орнатылды. Кафедраның ПОҚ әрқайсысы өздері білетін мектептермен байланыс орнатып, шәкірттері арқылы кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізіп, түрлі деңгейлердегі іс-шараларды жүргізді. Мысал келтіретін болсақ, Химия және химиялық технология факультетінің кәсіби бағдар жұмыстары бойынша Алматы қаласының №161 лицейінің бітіруші сыныптарымен кездесу өткізілді. №168 мектептің 10-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырып, факультеттегі мамандықтар бойынша жан-жақты ақпараттар берілді. Ғылыми бағдар жұмыстары аясында мектеп оқушылары Кафедрада өткізілетін білім мен ғылымға қатысты іс-шаралары, студенттік өмірдің тыныс-тіршілігімен танысты.




Шығыстану факультетінің 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде ұйымдастырған кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысы бойынша, №113 мектеп-гимназиясының 10-11 сынып оқушыларымен офлайн форматтағы кездесу ұйымдастырылып, түлектерге факультеттегі «шығыстану», «аударма ісі»,

«шетел филологиясы» мамандықтары бойынша кең көлемді ақпарат берілді. Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназияның бітіруші сынып оқушыларымен офлайн форматтағы кездесу ұйымдастырылып, түлектерге факультеттегі «шығыстану», «аударма ісі», «шетел филологиясы» мамандықтары туралы кең көлемді ақпарат берілді.



Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің кәсіби бағдар жұмысы бойынша кафедраның ұйымдастыруымен «Қазақстан халқы тілдері күні» атты білім беру-мәдениет орталықтарының өкілдері, шетелдік тыңдаушылар қатысқан дөңгелек үстел өтті, шара барысында мемлекеттік тіл туралы мәліметпен таныстыра отырып, факультеттегі, кафедрадағы білім беру үдерісі бойынша жан-жақты ақпараттар берілді. Мектеп бітіруші түлектерге дайындық курстары, мамандықтар Мектеп бітіруші түлектерге дайындық курстары, мамандықтар ҚазҰУ-да білім алудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді.

Талдықорған қаласынан жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушыларымен кездесіп, кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді



Экономика және бизнес Жоғары мектебі кәсіби бағдар жұмысы бойынша «Керемет» СҚКО-да «AdmissionOffice-Кәсіптік бағдар беру және оқуға қабылдау» бағдарламасы аясында Талдықорған қаласынан келген 91 оқушымен кездесу өтті. Келген оқушылардың таңдау пәндері бойынша мамандықты таңдау аясы кең болғандықтан әр факультеттен жауапты тұлғалар барып, факультеттері,

мамандықтар туралы ақпараттар берілді. Біздің факультеттің атынан Смагулов А., Тураров Д.Р. қатысып, оқушылардың қызықтырған сұрақтарына жауап берді.



Кездесу барысында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Қазақстанның шығыс өңірінің ғылым, білім, мәдени, экономикалық дамуына қосқан өлшеусіз үлесі, университет тұлғалары арасынан танымал саясаткер, ғылыми қызметкерлер, басшылық орындарда жүрген мемлекеттік қызметкерлер көптеп саналатындығы туралы айтып, университетіміздің ғылым мен инновациялық білім беру технологиялары, ғылыми-зерттеу және оқу әдістемелік жұмыстары, білім беру бағдарламаларымен таныстырылды.



«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының бәрі де қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздері бізге мұра болып қалды.

2.1.2 Кәсіби даму және мансап кеңсесі

2021-2022 оқу жылында жалпы саны 2959 білім алушылар практика базаларында кәсіптік практикадан өтті.

26-кесте. Факультеттер бойынша практика базаларының саны

Факультет	Практика базалары
Механика-математикалық	224
Физика-техникалық	287
Химия және химиялық технологиялар	30
Биология және биотехнология	227
География және табиғатты пайдалану	514
Журналистика	97
Тарих	24
Филология	63
Халықаралық қатынастар	169
Шығыстану	129
Философия және саясаттану	270
Экономика және бизнес жоғары мектебі	345
Заң	22
Медицина және денсаулық сақтау	14
Ақпараттық технологиялар	544

Белсенді практика базаларының қатарында ұлттық компаниялар, мемлекеттік органдар, ғылыми орталықтар мен институттар, муниципалдық мекемелер, шағын және орта бизнес, кәсіптік бірлестіктер мен оқу орындарын (мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер) атап көрсетуге болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК, «Қарашығанақ Петролеум

Оперейтинг Б.В.» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК, «Hyundai Auto Almaty» ЖШС, «Қазфосфат» АҚ», ЖШС. Цин-Каз», «ЭкоФармТехнология» ЖШС, Алматы қаласы әкімінің аппараты, «Қазақстан» РТРК АҚ, «Алматы жылу желілері» ЖШС және т.б..

27-кесте. Практикадан өту

Факультет	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
212.	6B07501	Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
213.	7M07501	Стандарттау және сертификаттау	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
214.	6B05307	Ядролық физика	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
215.	7M05312	Ядролық физика	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
216.	6B05306	Физика және астрономия	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
217.	7M05310	Физика және астрономия	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026

218.	7M07503	Метрология	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
219.	6B07105	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
220.	7M07116	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
221.	6B07112	Жылу энергетикасы	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
222.	7M07109	Жылу энергетикасы	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
223.	6B07107	Электр энергетикасы	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
224.	7M07113	Бизнес аналитика және Big Data	KazSEE	18.06.2021-17.06.2026
225.	6B03104	Халықаралық қатынастар	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
226.	7M03112	Халықаралық қатынастар	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
227.	8D03105	Халықаралық қатынастар	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
228.	6B04201	Халықаралық құқық	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
229.	7M04201	Халықаралық құқық	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
230.	8D04201	Халықаралық құқық	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
231.	6B03105	Аймақтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
232.	7M03114	Аймақтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
233.	8D03106	Аймақтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
234.	6B04104	Әлемдік экономика	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
235.	7M04101	Әлемдік экономика	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
236.	8D04101	Әлемдік экономика	IAAR	28.01.2022-27.01.2025
237.	6B04205	Құқықтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
238.	7M04217	Құқықтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
239.	8D04203	Құқықтану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
240.	6B04203	Кеден ісі	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
241.	7M04214	Кеден ісі	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
242.	6B12301	Құқық қорғау қызметі	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
243.	7M12301	Құқық қорғау қызметі	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
244.	7M04224	Сот сараптамасы	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
245.	6B01101	Педагогика және психология	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
246.	7M01101	Педагогика және психология	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
247.	8D03104	Саясаттану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
248.	7M02216	Түркітану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
249.	6B02303	Шетел филологиясы (батыс тілдері)	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
250.	7M02307	Лингвистика	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
251.	8D02303	Лингвистика	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
252.	7M02309	Әдебиеттану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027

253.	8D02304	Әдебиеттану	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
254.	8D01705	Шетел тілі: екі шет тілі	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
255.	6B02301	Шетел филологиясы (шығыс тілдері)	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
256.	6B10103	Жалпы медицина	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
257.	7M10104	Медицина (Дәрігер-зерттеуші)	IAAR	28.01.2022-27.01.2027
258.	8D10101	Қоғамдық денсаулық сақтау	IAAR	28.01.2022-27.01.2027

2.1.6.2 Білім беру бағдарламаларының сапасын бақылау қызметі

Есепті кезеңде келесі бағыттарда жұмыс атқарылды:


1. Емтихандық сессия барысында компьютерлік тестілеу формасында емтихандар өткізу.
2. Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің жалпы орта білім беретін мекемелерінің 11-сынып оқушылары арасында "әл-Фараби" халықаралық олимпиадасының 1-2-турын, сонымен қатар студенттер арасында Республикалық пәндік on-line олимпиадаларын өткізуді сүйемелдеу.
3. Студенттердің транскриптіне қорытынды емтихандар нәтижелерінің күшін жою актілері негізінде тәртіп бұзушылықтарды енгізу бойынша жұмыс.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен (ҚР БҒМ ҰТО) атқарылған жұмыстар.

1. Емтихандық сессия барысында компьютерлік тестілеу формасында емтихандар өткізу

- 1) Тест тапсырмаларының базасын толықтыру бойынша жұмыс жүргізілді. Өзірленген тесттер UNIVER жүйесіне жүктелді.
- 2) Студенттерді «PROSTOPUS» бағдарламасымен таныстыру мақсатында барлық курс студенттері үшін байқау тестілері ұйымдастырылды.
- 3) 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінде тестілеу нысанындағы емтихандар "PROSTOPUS"прокторинг бағдарламасын қолдана отырып on-line режимінде өткізілді. 1-кестеде факультеттер бөлінісінде "UNIVER" жүйесінде тест нысанында өткізілген емтихандар саны көрсетілген.

71- кесте. Факультеттер бойынша тест түрінде өткен емтихандардың саны.

№	Факультет атауы	Тест емтихандарының саны
1	Механика-математика факультеті	61
2	Физика-техникалық факультеті	102
3	Химия және химиялық технология факультеті	24
4	Биология және биотехнология факультеті	73
5	География және табиғатты пайдалану факультеті	99
6	Журналистика факультеті	2
7	Тарих факультеті	25
8	Филология факультеті	53
9	Халықаралық қатынастар факультеті	11
10	Шығыстану факультеті	11
11	Философия және саясаттану факультеті	29
12	Экономика және бизнес жоғары мектебі факультеті	98
13	Заң факультеті	130
14	Медицина және денсаулық сақтау факультеті	2
15	Ақпараттық технологиялар факультеті	58




8-сурет. Күзгі семестр кезіндегі білім алушылардың тест түрінде емтихандар бойынша үлгеріміне сапалық анализ

1. 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде тестілеу нысанындағы емтихандар "AERO"прокторинг бағдарламасын қолдана отырып, on-line режимінде өткізілді. 72-кестеде факультеттер бөлінісінде "UNIVER" жүйесінде тест нысанында өткізілген емтихандар саны көрсетілген.

72- кесте. Факультеттер бойынша тест түрінде өткен емтихандардың саны.

№	Факультет атауы	Тест емтихандарының саны
1	Механика-математика факультеті	75
2	Физика-техникалық факультеті	116
3	Химия және химиялық технология факультеті	74
4	Биология және биотехнология факультеті	82
5	География және табиғатты пайдалану факультеті	158
6	Журналистика факультеті	51
7	Тарих факультеті	40
8	Филология факультеті	73
9	Халықаралық қатынастар факультеті	49
10	Шығыстану факультеті	17
11	Философия және саясаттану факультеті	77
12	Экономика және бизнес жоғары мектебі факультеті	132
13	Заң факультеті	69
14	Медицина және денсаулық сақтау факультеті	24
15	Ақпараттық технологиялар факультеті	54



9-сурет. Көктемгі семестр кезіндегі білім алушылардың тест түрінде емтихандар бойынша үлгеріміне сапалық анализ

Әр сессиядан кейін FX емтихандарын тапсыру үшін тестілеу ұйымдастырылды. Күзгі семестрде «UNIVER» жүйесінде тестілеу түрінде FX емтиханын 280 студент, көктемгі семестрде 245 студент тапсырды.

2. Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің жалпы орта білім беретін мекемелерінің 11-сынып оқушылары арасында "әл-Фараби" халықаралық олимпиадасының 1-2-турын, сонымен қатар студенттер арасында Республикалық пәндік on-line олимпиадаларын өткізуді сүйемелдеу.

1) Қарағанды облысы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға арналған қосымша білім берудің өңірлік ғылыми-практикалық орталығының хатына сәйкес 2021 жылдың 30 қарашасында 9 сынып оқушылары арасында химия пәнінен Қ.Сәтпаев атындағы V Республикалық олимпиада on-line режимінде өткізілді. Олимпиадаға республика бойынша 73 оқушы қатысты.

2) 20.04.2022 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының студенттері арасында Республикалық on-line олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға 44 студент қатысты.

3) 20.04.2022 «Химия» мамандығы студенттері арасында Республикалық on-line олимпиада өткізілді. Олимпиадаға 27 студент қатысты.

4) 21.04.2022 «Есеп және аудит» мамандығының студенттері арасында Республикалық on-line олимпиада өткізілді. Олимпиадаға 28 студент қатысты.

5) 22.04.2022 «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы студенттері арасында Республикалық on-line олимпиада өткізілді. Олимпиадаға 27 студент қатысты.

6) 25.04.2022 «Қоғаммен байланыс» мамандығы студенттері арасында Республикалық on-line олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға 6 студент қатысты.

3. Студенттердің транскриптіне қорытынды емтихандар нәтижелерінің күшін жою актілері негізінде тәртіп бұзушылықтарды енгізу бойынша жұмыс

Әр сессиядан кейін студенттердің транскриптіне қорытынды емтихандардың нәтижелерін жою актілері негізінде тәртіп бұзушылық туралы мәліметтер енгізу бойынша жұмыс жүргізілді. Күзгі семестрде академиялық адалдық ережелерін 207 студент, көктемгі семестрде 521 студент бұзған.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен (ҚР БҒМ ҰТО) атқарылған жұмыстар

1. Ұлттық тестілеу орталығының 25.08.2021 жылғы №15-10-9-2-2125 хатына сәйкес педагог қызметкерлер арасында ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу үшін тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылардың тізімі (Шығыс № 2-9-2021 02.09.2021 ж.) жіберілді.

2. Ұлттық тестілеу орталығының 13.08.2021 жылғы №15-10-9-3-1982 хатына сәйкес қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің ұқсас бағыттарына түсушілер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша тест тапсырмаларын әзірлеушілерге және сарапшыларға кандидаттар тізімі жіберілді. (Шығыс № 2-9-2601 03.09.2021 ж.).

3. "Жетісу дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі облыстық оқу-әдістемелік орталығының 21.09.2021 жылғы №258 хатына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне оқушылардың ғылыми жобаларын сараптамалық іріктеуді жүргізу үшін арнайы жұмыс тобының мүшесі ретінде үміткер оқытушылардың тізімі жіберілді. (Шығыс 14.10.2021 ж. № 2-9-3014).

4. "Алматы дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығының 13.10.2021 жылғы №278 хатына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсында қазылар алқасына мүшелікке үміткер оқытушылардың тізімі жіберілді (Шығыс 18.10.2021 ж. № 2-9-3052).

5. "Алматы дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығының 21.10.2021 жылғы №302 хатына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына қазылар алқасы, әзірлеушілер және сарапшылар ретінде қатысатын оқытушылар базасына енгізу үшін ұсынылатын оқытушылардың тізімі жіберілді. (Шығ. 27.10.2021 ж. № 2-9-3148).

2.2 ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ

2.2.1 Ғылым және басылым белсенділігі басқармасы

2021-2022 оқу жылында ұлы ойшыл әл-Фарабидің Қайырымды қала туралы философиялық идеясы негізінде жүзеге асырылатын және «Al-Farabi university smart city» жобасы заманауи университетті қалыптастыру жұмыстары жалғасуда. Университет қызметіндегі жаңа инновациялық тренд болып табылатын және төрт құрамдас бөлікті: білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілікті қамтитын Университет 4.0 моделі табысты іске асырылуда.

Осы стратегиялық бағытты іске асыру университеттің 16 факультеттен, 8 ғылыми-техникалық бейіндегі ғылыми-зерттеу институттарынан, Физика химиялық зерттеу және талдау орталығынан, ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханадан, ғылыми-технологиялық паркпен, үдерістік инновациялар орталығынан, әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі 6 институттан, 12 ғылыми-зерттеу орталықтарынан және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі 1 зертханадан және 1 институтан тұратын қазіргі заманғы ғылыми-инновациялық инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген, онда кластерлік тәсіл негізінде «идеяны генерациялаудан бастап оны коммерцияландыруға дейін» тиімді технологиялық дәліз құрылған.

2021-2022 оқу жылында университеттің ғылыми инфрақұрылымы жаңа бөлімшелермен толықтырылды. Шығыстану факультетінің ғылыми-зерттеу орталықтарының зерттеу жұмыстарын дамыту және азия аймағы елдеріндегі ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын дамыту мақсатында *Азия зерттеулер ғылыми-зерттеу институты*; биология және биотехнология факультетінде биология және медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсатында *Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығы*; минералды шикізатты өңдеу және химия-металлургия саласындағы инновациялық технологияларды дамыту бойынша және ғылыми-технологиялық шешімдер кешенін іске асыру мақсатында *Химия және металлургиядағы инновациялық технологиялар ғылыми-зерттеу орталығы* ашылды.

2020-2021 оқу жылында университеттің ғылыми инфрақұрылымы жаңа бөлімшелермен толықты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың технопарк базасында артериялық және веноздық тамырлардың өткізгіштігін қалпына келтіру үшін дәрілік препараттарды, құрылғылар мен әдістерді әзірлеу мақсатында «Қан тамырлары патологиясы» орталығы құрылды.

Университет ғалымдарының ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің өзектілігі мен маңыздылығы орындалатын ғылыми-техникалық жобалардың санымен және оларды іске асыру үшін тартылған қаражат көлемімен анықталады. 2021-2022 оқу жылында 381 ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалды, оның ішінде:

- 180 жоба ҚР БҒМ-нің гранттық қаржыландыру бойынша;
- 1 жоба ҚР БҒМ-нің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша;
- 1 жоба ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің гранттық қаржыландыру бойынша;
- 2 жоба «Ғылым қоры» АҚ;
- 24 ұйымдар, кәсіпорындармен жасалған шаруашылық келісімдер аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- 173 халықаралық қорлар мен ұйымдар гранты.

ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу қызметін интернационалдандыруда халықаралық ғылыми және білім беру байланыстарын жүйелі түрде кеңейту, шетелдік тәжірибені пайдалану, халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу маңызды рөл атқарады. Бірлескен ғылыми зерттеулер халықаралық Erasmus+ бағдарламалары аясында, және де халықаралық қорлармен және ұйымдармен ынтымақтастықта жүзеге асырылады: Ла-Франкофония университеттерінің халықаралық агенттігі, ЮНЕСКО, француздық Serphasil қоры, Корейтану академиясы, Қытай ғылым академиясы, сондай-ақ басқа да жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтардың гранттары.

2021-2022 оқу жылында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары халықаралық қорлар мен ұйымдардан 173 грант алды, оның ішінде 55-і бірлескен халықаралық жобаларға, 88-і ғылыми тағылымдамадан өтуге және 30-ы халықаралық конференцияларға, семинарларға, форумдарға қатысуға бөлінді.

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары санатты орындаушылар іске асырады, олардың ішінде, 30-ға жуық ҚР ҰҒА академигі, 60-қа жуық ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелері, 500-ден астам ғылым докторы, 900-ге жуық ғылым кандидаты мен 400-ден астам PhD докторлары бар.

Университетте жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – ғалымдар мен профессор-оқытушылар құрамының рейтингтік және халықаралық басылымдардағы жарияланымдық белсенділігі болып табылады.

2021-2022 жылдары Scopus деректер базасында индекстелетін 6 472 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 1 444-і әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының мақалалары. Осылайша, университет ғалымдарының үлесі қазақстандық жарияланымдардың жалпы санының 22,3 %-ын құрады.

2021-2022 жылдар аралығындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сараланған дәйексөз көрсеткіші (Field-Weighted Citation Impact) 1,09-ға дейін өсті. Бұл университет ғалымдарының дәйексөз көрсеткіші бойынша ғылыми жұмыстары әлемдік орташа деңгейге сәйкес келетінін көрсетеді. FWCI ұйымдардың ғылыми мақалаларының дәйексөз деңгейін бағалаудың негізгі өлшемі болып табылады.

2021-2022 жылы Scopus базасы бойынша университет ғалымдары мен оқытушы профессорлық құрамының жиынтық Хирш индексі – 3597. Шетелдік рейтингті басылымдарда мақалаларды негіздеу мақсатында нөлдік емес индекс Хиршасы бар университет ғалымдарының саны 1402 құрайды, бұл университет қызметкерлері мен ПОҚ-ның өз жұмыстарының нәтижелерін шетелдік рейтингтік басылымдарда жариялауға деген ұмтылысын білдіреді.

Университет өз ғалымдары мен ПОҚ-ның ғылыми қызметінің жетістіктері мен нәтижелерін қызметкерлердің ғылыми іс-шараларын өнімді диалог, нәтижелі ақпарат алмасу, университет ғалымдарының әлемдік, сондай-ақ отандық ғылыми қоғамдастықпен ынтымақтастығын кеңейту үшін тиімді платформа ретінде өткізу арқылы белсенді түрде насихаттайды. Есепті жыл бойынша университетте 173 ғылыми іс-шара өткізілді, оның ішінде 93 халықаралық және 15 республикалық ғылыми конференция, 17 халықаралық және 20 республикалық дөңгелек үстел, 14 халықаралық және 14 республикалық семинар.

2021-2022 оқу жылында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналдары халықаралық ғылыми дәйексөз мәліметтер базасына енген беделді журналдардың қатарын толықтыруда. 2021 жылы «International Journal of Mathematics and Physics» журналы әлемдегі ең үлкен деректер қоры болып табылатын Scopus базасына енді. Бұған дейін бұл журнал Web of Science (Clarivate Analytics) беделді халықаралық деректер базасының платформасында Emerging Sources Citation Index рейтингіне қабылданған болатын. 2021 жылдың қараша айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Elsevier компаниясы арасында журналды Scopus деректер базасында индекстеу туралы келісімге қол қойылды. 2022 жылдың наурыз айында «Бірлескен апта» бағдарламасы аясында журналдың базаға қабылдануы жөнінде презентациясы өтті. Презентация барысында сапалық және сандық көрсеткіштер, сондай-ақ журналды дерекқорға дайындау және жылжыту барысы талқыланды. Қазіргі уақытта дерекқорда журнал туралы мәліметтерді көрсететін жарияланым профилі жасалды.

2021-2022 оқу жылында ҚазҰУ-дың ғылыми журналдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми қызметтің

негізгі нәтижелерін жариялау бойынша жарияланымдар тізіміне енгізу бойынша жұмыстар жалғасты. 2022 жылы жарияланымдар тізіміне ҚазҰУ-дың тағы бір журналы, атап айтқанда «Physical Sciences and Technologies» журналы енді. «Interdisciplinary Approaches to Medicine» медициналық журналы сараптамалық тексерудің бірінші кезеңінен өтіп және техникалық кемшіліктермен жұмыс жасауда. «Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities» журналы да Комитет сарапшыларының пікірлерімен жұмыс істеуде. Қазіргі уақытта журнал қызметіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, «Al Farabi Journal of Social Sciences» деп аталды. Ағымдағы жылғы журнал нөмірлері жарияланғаннан кейін бұл журнал Комитет басылымдарының тізіміне қайта ұсыну жоспарлануда.

Сондай-ақ 2021-2022 жж. университеттің ғылыми журналдары ашық қолжетімді журналдардың халықаралық көпсалалы каталогы – Directory of Open Access Journals (DOAJ) дерекқорына белсенді түрде алға жылжытылады, бұл Scopus/Web of Science дерекқорларында журналдарды жылжыту кезінде маңызды көрсеткіш болып табылады. Қазіргі уақытта DOAJ ашық журналдар базасына 19 қазақстандық ғылыми журнал енгізілген, оның 11-і ҚазҰУ журналдары болып табылады.

2021 жылы Web of Science деректер базасына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үш ғылыми журналынан, атап айтқанда «Химия», «Физика» және «Математика, механика және информатика» хабаршыларының өтінімдер берілді. Әзірге үш журнал да бағалаудың бірінші кезеңінен өтіп, дерекқор редакторларының сараптауында. Осы журналдарға қатысты мәселелер бойынша дерекқор өкілдерімен хат алмасу белсенді түрде жүргізілуде.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы практикалық қызметте ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін шығармашылықпен қолдана алатын, жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау және тәрбиелеу сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. ҒЗЖ орындауға 11,8 мыңға жуық студент, магистранттар мен докторанттар қатысты. Университетте Студенттерді ақылы негізде зерттеулерге тартуға бөлінетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі университеттің ҒЗЖ гранттық қаржыландыруының жалпы көлемінің 10% - ын немесе шамамен 268,45 млн.теңгені құрайды.

2022 жылы университетте 33 мамандық бойынша СҒЗЖ республикалық конкурсы, 31 мамандық бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиада, 218 студенттік ғылыми іс-шаралар өткізілді.

Университеттің студенттері мен жас ғалымдары әртүрлі ғылыми журналдар мен жинақтарда 4 192-ден астам мақалалар мен тезистер жариялады. Оның ішінде студенттер – 1 452, оның 216 шетелде; магистранттар – 1 415, оның 115 шетелде; докторанттар – 1 325, оның 216 шетелдедік мақалалар мен тезистер. Ерекше белсенділік танытқан келесідей факультеттерді атап өтуге болады: физика-техникалық факультеті – 431 жарияланым, экономика және бизнес жоғары мектебі – 377, заң факультеті – 257, география және табиғатты пайдалану факультеті – 300, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті-163 жарияланым.

Дәстүрлі түрде сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Фараби әлемі» атты студенттер, магистранттар мен жас ғалымдардың Халықаралық ғылыми конференциясы өтеді. 2022 жылы аталған конференция 6-8 сәуір аралығында қашықтық форматта өткізілді.

Конференцияға 3600-ден астам студенттер, магистранттар мен жас ғалымдар, мамандар қатысты. Оның ішінде 440-ы ҚР басқа ЖОО-нан, 109-ы алыс шетел мен ТМД елдерінен келген қатысушылар.

Университетте жыл сайын университеттің «Үздік жас ғалымдарын» марапаттау дәстүрі қалыптасқан. 2022 жылы осы жоғары сыйлықтың лауреаттары:

- Кенжина Инеш Ергазыевна (Физика-техникалық факультеті);
- Беляев Ержан Келесович (Механико-математика факультеті);
- Курманов Ергали Бержигитович (Физика-техникалық факультеті);
- Хохлов Серик Анатольевич (Физика-техникалық факультеті);
- Тауанов Жандос Турегулович (Химия және химиялық технология факультеті);
- Иқсан Олжас Абайұлы (Биология және биотехнология факультеті);
- Омарова Анара Сагидуллаевна (Химия және химиялық технология факультеті);
- Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызы (Филология факультет);
- Қайдар Баян Берікұлы (Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті);
- Акимниязова Айгуль Нурланқызы (Медицина және денсаулық сақтау факультеті);
- Нұрым Нұрдаулет (Ақпараттық технологиялар факультеті);
- Бисенбаева Саним Бегимовна (География және табиғатты пайдалану факультеті);
- Букенов Бауыржан Омирбекович (Химия және химиялық технология факультеті);
- Жунисова Гульнар Ерикқызы (Экономика және бизнес жоғары мектебі);
- Есекеева Эмина Фансатқызы (Философия және саясаттану факультеті);
- Жакупбекова Арай Алибековна (Физика-техникалық факультеті).

Студенттер арасында олимпиада өткізу білім деңгейін арттыруға және ғылыми қызметке деген қызығушылығын белсендіруге, алға ұмтылуға серпін береді.

Базалық жоғары оқу орны ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУда жыл сайын жаратылыстану, техникалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бойынша студенттер арасындағы ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын анықтайтын ҚР БЖҒМ республикалық байқауы өтеді. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен кестеге сай, 2022 жылы 44 мамандық бойынша СҒЗЖ Республикалық байқауының II кезеңі өтті. Байқауға 655 жұмыс келіп түсті, нәтижесінде 213 студент жеңімпаз атанды. Конкурстық комиссия ұсынсы негізінде 44 студент 1-орын, 78-і 2-орын, 91-і 3-орын иеленді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базалық жоғары оқу орны ретінде қашықтан XIV Республикалық студенттік пәндік олимпиада өткізді. Байқауға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарынан 31 мамандық бойынша 871 студент қатысты. Олимпиада нәтижесінде 478 адам ҚР Білім және ғылым министрлігінің атынан I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Университеттің, ғалымдар мен ПОҚ-ның 2021-2022 оқу жылындағы жетістіктері халықаралық және мемлекеттік марапаттармен атап өтілді.

Халықаралық марапаттар:

Филология факультетінің професоры, филол. ғылымдарының докторы Ж.Д. Дадебаев *Абай атындағы «ТЮРКСОЙ» түркі мәдениеті ұйымының халықаралық медалін* иеленді.

Философия және политология факультетінің PhD, доцент м. а. Н.К. Альджанова *«Management Cases-2021» халықаралық конференциясында «Sage Best Case Award» номинациясы* бойынша жеңімпаз атанды.

Биология және биотехнология факультеті, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының оқытушысы, докторант Ә.Б. Құрманғазинов *«Genius» Халықаралық орталығы ұйымдастырған «ТМД ең үздік жас ғалымы – 2021» төсбелгісі мен алғыс хатына* ие болды.

Биология және биотехнология факультетінің оқытушысы, магистр Н.Ә. Бижанова *«Genius» Халықаралық ғылым және спорт орталығынан ғылымға қосқан үлесі үшін «Ең үздік жас ғалым» медалін* алды.

География және табиғатты пайдалану факультетінің оқытушысы Е. Нұрұлы *ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін Тәуелсіз мемлекеттер достастығының «Ең үздік жас ғалым – 2021» төсбелгісін* иеленді.

Биология және биотехнология факультетінің оқытушысы Н.Ә. Бижанова ICYF Еуразиялық аймақтық орталығы мен Әзірбайжан Республикасының Жастар және Спорт министрлігінің шешімі бойынша *ИБҰ 2021 саммитінің «Құрметті қатысушы»* сертификатын алды.

Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант Б.Б. Бесетаев ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін Тәуелсіз мемлекеттер достастығының *«Ең үздік жас ғалым» төсбелгісіне* ие болды.

Журналистика факультеті, ЮНЕСКО, ХЖ және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы, PhD А.И. Скрипникова *«ТМД Ең үздік жас оқытушы – 2021» медалін* иеленді.

Журналистика факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.С. Ахметоваға *Ресей мен Қазақстан халықтарының достастығын нығайтуға және өскелең ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін алғыс* алды.

Пекин шет тілдер университетінде Абай оқуларын онлайн ұйымдастырғаны үшін филология факультетінің аға оқытушысы, филол. ғылымдарының канд. Х.А. Карабаева Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісінің *Алғыс хатын* алды.

Мемлекеттік марапат әрқашан көтермелеудің маңызды элементі, қоғам мен мемлекеттің жеке тұлғаға алғысын білдірудің белгісі болған және солай қала бермек.

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.О. Омарбеков; археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы В.Ф.Зайберт *«Парасат» орденін* иеленді.

Биология және биотехнология факультетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты Н.З. Ахтаева; халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы М.Ш. Губайдуллина; журналистика факультетінің аға оқытушысы Ш.С. Нуржанова; филология факультетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ж.К. Ибраева Қазақстан Республикасының *«Ерен еңбегі үшін» медалін* алды.

Тарих факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Б.К. Карибаев; философия және политология факультетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты Д.Ж. Жанатаев *«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына* ие болды.

Клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы Г.К. Курманова; халықаралық қатынастар факультетінің аға оқытушысы Н.Б. Бекқайыров *Қазақстан Республикасының «Халық алғысы» медалін* алды.

Философия және политология факультетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, Г.Ж. Нурышева; философия және политология факультетінің доценті м.а., тарих ғылымдарының кандидаты Б.К. Рахимбекова *ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін»* төсбелгісін иеленді.

Философия және политология факультетінің доценті м.а., философия ғылымдарының кандидаты Т.Ю. Лифанова; философия және политология факультетінің аға оқытушысы, PhD Ш.Б. Халикова *«Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері»* төсбелгісін алды.

Филология факультетінің профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты Б.С. Сарбасов *ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған мерейтойлық медалін* иеленді.

Философия және политология факультетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Ж.А. Алтаев; филология факультетінің профессорлары, филология ғылымдарының докторы Р.А. Авакова, филология ғылымдарының докторы А.Б. Салқынбай; медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы Ж.А.Калматаева; ғылым мен білім интеграциясы жөніндегі проректор, академик А.А. Сатыбалдин; ректордың кеңесшісі А.С. Естаев; биология және биотехнология факультетінің деканы Б.К. Заядан; шығыстану факультетінің деканы Ы.М. Палтөре; халықаралық қатынастар факультетінің деканы С.Ж. Айдарбаев; физика-техникалық факультетінің деканы А.Е. Давлетов; журналистика факультетінің деканы С. Медеубек; ЖОО дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасов; ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Б.А. Урмашев; университеттің бас ғылыми хатшысы Л.М. Шайкенова *Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалін* алды.

Философия және политология факультетінің доценті м.а., PhD доктор, кафедра меңгерушісі М.М. Аймагамбетова *«Мейірім» төсбелгісіне* ие болды.

Химия және химиялық технология факультетінің доценті, химия ғылымдарының кандидаты Х.С. Тасибеков Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қосқан үлесі үшін *Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мейірім» төсбелгісімен* марапатталды.

Философия және политология факультетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы А.К. Құсайынов; филология факультетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Д. Дадебаев; филология ғылымдарының кандидаты, доцент Р.К. Умирбекова *«Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалін* иеленді.

Археология, этнология және музееология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Елеуов Мадияр білім беру мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің *«Күлтегін» медалімен* марапатталды.

Тарих факультетінің доценті м.а., тарих ғылымдарының кандидаты Г.К. Омаров білім беру мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің *«Лев Гумилев» медалін* алды.

География және табиғатты пайдалану факультетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты З.А.Тукенова ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары Академиясының шешімі бойынша *АШҒА академигі құрметті атағын* алды.

Биология және биотехнология факультетінің доценті м.а., биология ғылымдарының кандидаты Г.Д. Ултанбекова авторлар ұжымы құрамында *2021 жылы Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық* алды.

Филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының докторы А.А. Мауленов *түркология саласындағы үздік жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық лауреаты* атанды. Университеттің 13 ғалымы 2021-2022 жылдарға арналған ҚР БҒМ Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанды, сонымен қатар 2021 жылы 7 адам жыл сайынғы ғылым саласындағы *«Үздік ғылыми қызметкер»* сыйлығын иеленді.

Университет ғалымдары мен ПОҚ жыл сайын құрметті атақтарға, ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін халықаралық және мемлекеттік марапаттарға ие болуда, ғылыми-техникалық іс-шараларға қатысу нәтижесі бойынша медальдармен марапатталып, түрлі байқаулардың жеңімпазы атануда, бұл – жоғары кәсіби біліктілік деңгейінің дәлелі.

2.2.2 Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасы

2.2.2.1 2021-2022 оқу жылында әл-фараби атындағы қазуу диссертациялық кеңестерінің жұмысы

Есепті кезеңде ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 наурыздағы №98 бұйрығымен дәрежелер беру қағидалары мен диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ережеге айтарлықтай өзгерістер енгізілді, осыған байланысты Үлгілік ереженің талаптарына сәйкес диссертациялық кеңес туралы Ішкі Ереженің жаңа редакциясын әзірлеу және диссертациялық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру қажеттілігі туындады. Диссертация жұмыстарды қорғау мен диссертациялық кеңестердің форматы бойынша негізгі өзгерістер мыналарды қамтыды: 1) докторанттарға мақалалар сериясы бойынша қорғауға мүмкіндік беру; 2) диссертациялық кеңес құрамына қойылатын талаптардың өзгеруі, құрамдардың тұрақты және ауыспалы (уақытша мүшелер) болып бөлінуі; 3) диссертация бойынша шешімнің екі жаңа нұсқасын енгізу (диссертацияны пысықтауға жіберу (баптар бойынша қорғауға жатпайды) – мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда; қайта қорғауға жіберу – тақырып, жарияланым сәйкес келмеген, диссертацияны орындау принциптері ішінара сәйкес келген жағдайда және т.б.).

Ректордың 18.02.2019 ж. №49 бұйрығымен құрылған диссертациялық кеңестер 2021 жылдың 27 наурызына дейін диссертациялық жұмыстарды қорғауға қабылдап, содан кейін осы диссертацияларды қорғау бойынша жұмыстарды жүзеге асырды. Басқарма төрағасы–Ректордың 28.06.2021 ж. № 306 бұйрығымен 60 білім беру бағдарламасы, кадрларды даярлаудың 19 бағыты бойынша 16 диссертациялық кеңестің жаңа құрамы (Ғылыми кеңестің 2021 жылғы 22 маусымдағы шешімі, Басқарма төрағасы–Ректордың 2021 жылғы 28 маусымдағы бұйрығы) бекітілді.

73-кесте. Басқарма төрағасы–Ректордың 28.06.2021 ж. № 306 бұйрығымен бекітілген 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру бойынша диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестер.

Диссертациялық кеңес	Диссертациялық кеңестегі мамандықтары	Диссертациялық кеңес төрағасы
Тарих	6D020300, 8D02206 - Тарих 6D020800, 8D02205 - Археология және этнология	Құндақбаева Жанат Бекқызы , тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
Халықаралық қатынастар	6D020900, 8D02209 – Шығыстану 6D020200, 8D03105 – Халықаралық қатынастар 6D050500, 8D03106 – Аймақтану	Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызы , тарих ғылымдарының докторы, профессор
Филология	6D050400, 8D03201 – Журналистика 6D011800, 8D01704 – Орыс тілі және әдебиет 6D020500 – Филология 6D021000 – Шетел филологиясы 6D021400, 8D02304 – Әдебиеттану	Ибраева Жанар Кулматовна , филология ғылымдарының докторы, доцент, әл-Фараби ат. ҚазҰУ жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы профессордың м.а.
Лингвистика	6D021200, 8D02208 – Түркітану 6D020700 – Аударма ісі 6D021300, 8D02303 – Лингвистика	Салқынбай Анаркүл Бекмырзаққызы , филология ғылымдарының докторы, профессор
Әлеуметтік ғылымдар және білім беру	6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану 6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс 6D012300, 8D0180 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану 6D050300, 8D03107 - Психология 6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология 6D050200, 8D03104 – Саясаттану	Насимова Гүлнар Өрленбайқызы , саяси ғылымдарының докторы, кафедра меңгерушісі
Философия	6D020600, 8D02203 – Дінтану 6D021500, 8D02204 – Исламтану	Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы , философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

	6D020400, 8D03102– Мәдениеттану 6D020100, 8D02202– Философия	профессор, дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі
Экономика	6D050600, 8D04102 – Экономика 6D051000, 8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару 6D051700, 8D04105 – Инновациялық менеджмент 6D051800, 8D04107 – Жобаларды басқару 6D050800, 8D04108 – Есеп және аудит 6D050900, 8D04110 – Қаржы 6D051100, 8D04111 – Маркетинг 6D051300, 8D04101 – Әлемдік экономика	Тургинбаева Ардақ Несіпбекқызы э.ғ.д., доцент, кафедра меңгерушісі
Математика	6D060100, 8D05401 - Математика, 6D060300, 8D05403 - Механика 6D070500, 8D06104 - Математикалық және компьютерлік моделдеу 6D074600, 8D07111 - Ғарыштық техника және технологиялар	Әбдибеков Уалихан Сейдилдаевич физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Информатика және ақпараттық жүйелер	6D070300, 8D06101 – Ақпараттық жүйелер 6D070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (Компьютерлік инженерия) 6D075100 - Информатика, есептеу техникасы және басқару (Жүйелік инженерия) 6D060200 - Информатика (Компьютерлік ғылымдар) 6D100200, 8D06301 - Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері 6D070200 - Автоматтандыру және басқару	Қалимолдаев Мақсат Нүрәділұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, бас директор
Физика	6D060400 (8D05306) – Физика 6D060500 (8D05308) – Ядролық физика 6D072300 (8D05303) – Техникалық физика 6D061100 (8D05307) – Физика және астрономия 6D071900 (8D06201) – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар 6D071000 (8D07110) – Материалтану және жаңа материалдар жасау технологиясы 6D071700 (8D07106) – Жылу энергетикасы 8D01501 – Физика	Давлетов Аскар Ербуланович, физика-математика ғылымдарының докторы, факультет деканы
География	8D05202 (6D060900) – География 8D05207 (6D060800) – Экология 8D05203 (6D061000) – Гидрология 8D07301 (6D071100) – Геодезия 8D11101 (6D090200) – Туризм	Ақтымбаева Алия Сағындықовна, география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі

Биология	6D060700, 8D05101 – Биология 6D061300, 8D05108 – Геоботаника 6D070100, 8D05105 – Биотехнология	Бисенбаев Амангелді Қуанбайұлы , биология ғылымдарының докторы, директор
Наноматериалдар және нанотехнологиялар	6D074000, 8D07113 – Наноматериалдар және нанотехнологиялар (химиядағы) 6D073400, 8D07103 – Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы	Муратов Мухит Мухаметнурович , әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ашық типті ұлттық нанотехнология зертханасының міндетін атқарушы директоры (АТҰНЗ), PhD, қауымдастырылған профессор
Химия және химиялық технология	6D060600, 8D05301 - Химия 6D73900, 8D07101 - Мұнай химиясы 6D072000, 8D07104 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы 6D072100, 8D07105 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Кенесов Булат Нурланович , химия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістер орталығы директорының м.а

Диссертациялық кеңестерде айлар бойынша қорғау кестесі:

- қазанда - 4;
- қарашада - 3;
- желтоқсанда-11;
- қаңтарда - 9;
- ақпанда - 8;
- наурызда - 7;
- сәуірде - 6;
- мамырда - 7;
- маусымда - 30;
- шілдеде - 4.

2021-2022 оқу жылында ҚазҰУ диссертациялық кеңестерінде барлығы 89 қорғау өтті, оның ішінде 3 диссертациялық жұмыс пысықтауға жіберілді (физика бойынша диссертациялық кеңестің отырысы 2022 жылдың 21 қаңтарында оң шешіммен, математика бойынша диссертациялық кеңестің 2022 жылдың 22 сәуіріндегі отырысы оң шешіммен, химия жөніндегі диссертациялық кеңес 2022 жылғы 29 маусымда өткен қорғау жөніндегі отырыста 1 диссертациялық жұмысты пысықтауға жіберді, пысықталған диссертация бойынша отырыс күні белгіленбеген), 1 диссертация қайта қорғауға жіберілді (химия бойынша диссертациялық кеңестің отырысы 2021 жылдың 29 желтоқсанында өтті), қалған 85 диссертациялық жұмысты қорғауда диссертациялық кеңестің оң шешімі қабылданды.

Қорғауға шыққан 85 докторанттың 11-і Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарының докторанттары. Күнгізбелік жыл аяқталғаннан кейін университет сайтында диссертациялық кеңестердің қызметі бойынша тоқсан сайынғы және есепті жылдағы есептері орналастырылған.

2.2.2.2 Әл-Фараби атындағы қазу докторанттарының докторантура бағдарламасының ғылыми-зерттеу компоненттерін орындауы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторантурасын 2021 жылы 397 докторант (оның ішінде ҒЗИ 31 докторанты) қорытынды аттестаттаудан сәтті өтті және кешенді емтихан тапсырды, 31 докторант кредиттерді игермеді және докторантураны қорғауға рұқсатсызсыз аяқтады. 2021-2022 оқу жылында 2021 жылы бітірген 28 докторант диссертацияларын қорғады, осылайша 2021 жылы қорғаудың уақтылығы осы жылы шыққан докторанттардың жалпы санының 7% құрады. Өткен жылдардағы бітірушілерден 46 докторант қорғауға диссертация ұсынды. Барлығы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 71 докторанты 2021-2022 оқу жылында университеттің диссертациялық кеңестерінде докторлық диссертацияларын қорғады.

Талдау көрсетіп отырғандай, қорғауға уақтылы шықпаудың, яғни докторантураны бітірген жылы, шетелдік дереккорлар индекстейтін басылымда жарияланымның болмауы болып табылады, өйткені Скопус ДҚ журналдары CiteScore бойынша кемінде 25 процентильді немесе нөлдік емес импакт-

факторы бар (Web of Science журналдары үшін) рейтингтік халықаралық журналдарда мақаланы жариялау процесі өте ұзақ. Қорғауға уақтылы шықпаудың тағы бір кең таралған себебі - диссертацияның аяқталмауы, бұл аттестаттау кезеңінде және бүкіл оқу кезеңінде диссертацияның уақтылы орындалуын бақылаудың маңыздылығын арттырады.

Докторантураны 2021 оқу жылында аяқтаған докторанттар БҒССҚК ұсынған журналдарда 991 ғылыми мақала, WEB of Science және Scopus деректер базасында индекстелетін басылымдарда 321 мақала және 1168 халықаралық конференциялар материалдарын жариялады. Халықаралық рецензияланатын журналдарындағы жарияланымдар саны бойынша физика-техникалық факультеті мен химия және химиялық технология факультеті көш бастап тұр. ҒЗИ арасында Математика және математикалық модельдеу институты мен Ақпараттық және есептеу технологиялары институты алда.

Докторанттар Scopus деректер базасының 3 квинтиль (Q3) құрамына кіретін журналдарда мақалалардың ең көп санын жариялады. Факультет түлектерінің арасында бұл көрсеткіш Scopus базасымен индекстелетін журналдарда шыққан мақалалардың жалпы санының 46%, ҒЗИ түлектерінің арасында 50% құрайды. Квинтильге, яғни санатқа жататындығы библиометриялық көрсеткіштермен анықталатындықтан, бұл талдау докторанттар жарияланатын журналдардың сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Докторанттар мақалалардың ең көп санын Scopus мәліметтер базасының 2-ші квинтиль (Q2) және 3-ші квинтиль (Q3) журналдарында жариялады. Факультет түлектерінің арасында мұндай мақалалар 68%-дан асады, ал ҒЗИ-да 50%-дан. Факультет түлектері 1-ші квинтиль (Q1) журналдарында 2020 жылғы бітірушілерге қарағанда 6% - ға көп жариялана бастады.

Докторантурада оқу кезеңінде білім алушылар оқу жоспары мен докторантура туралы 2020 жылғы 08 қыркүйектегі ережеге сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін докторанттардың шетелдік ғылыми-білім беру мекемелеріне шетелдік тағылымдамаларға бөлінген 10 кредитті игеруі тиіс.

ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді. Докторанттар шетелдік жетекшінің жоғары оқу орнында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтеді, тағылымдамалардың жалпы ұзақтығы, әдетте: жақын шет елдерде – кемінде 90 күн, алыс шет елдерде – 75 күннен кем емес (бірақ АҚШ, Канада, Мексика, Австралия мен Океания, Жапония, Ұлыбританияны елдерінде – 60 күн). Ғылыми-зерттеу жұмыстардың тиімді орындалу мақсатында докторантқа екінші шетелдік іссапарын шетелдік кеңесшінің ұсынысымен басқа ЖОО немесе институтта өтуіне рұқсат беріледі. Докторант зерттеу жұмысының негізгі бағытын анықтау, мақсат-міндеттерін жоспарлау, жарияланым үшін халықаралық басылымдарды реттеу, ғылыми зерттеулер жүргізу және басшылыққа немқұрайдылықты болдыртпау мақсатында 1-ші іссапары міндетті түрде шетелдік кеңесшінің университеті базасында өтеді. Университет докторанттарының тағылымдамаларының көпшілігі Қазақстан, Түркия және Ресейде өткен (24%, 22% және 15% сәйкесінше).

2.2.3. Инновация және зияткерлік меншік басқармасы

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» екенін ерекше атап өтті.

2021 жылы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің әлеуетін одан әрі дамыту, консалтингтік және маркетингтік қызметтер көрсету мақсатында ҚазҰУ-да Технологияларды коммерцияландыру кеңсесі құрылды, ол университет әлеуетінің аудитін толық жүргізуге, университет, ғалымдар мен бизнес арасында жұмысты дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Университетте әртүрлі мемлекеттік өнеркәсіптік кәсіпорындармен және жеке бизнес-құрылымдармен әріптестік қатынастар орнату бойынша жұмыс жалғасуда. Осылай, университет ғалымдарының үздік инновациялық әзірлемелері жиынтығынан құралған «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ инновациялық технологиялары мен ғылыми ауқымды өнімдері» атты 2 бөлімнен тұратын каталог шығарылды, ол әлеуетті инвесторларды іздеу және ынтымақтастық орнату үшін түрлі министрліктер мен ел өңірлерінің жергілікті атқарушы органдарына жіберілді.

2021 жылдың 12 наурызында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сапары барысында инновациялық энергия үнемдейтін газразрядты шамдар,

бейнелерді айырып танудың машиналық түрі, құрамында күкірт бар препаратты алудың жаңа технологиясы, вирусқа қарсы мульти-табиғи қоспа, «Golden Fly» құрама жемі, ауаның ластану деңгейін өлшеуге арналған аспап және т. б. сияқты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелері ұсынылды.

2021 жылдың 12 маусымында ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – ректоры Ж.Қ. Түймебаевтың «Ғылым қоры» АҚ Басқарма төрағасы А.А. Орсариевпен кездесуі барысында ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың креативті индустрияны дамыту бойынша қойған міндеттерін орындау шеңберінде 2021 жылдың 27 желтоқсанында ҚазҰУ-да ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, ҚР Ұлттық экономика министрі Әлішер Әбдіқадыров, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қатысуымен «Креативті индустрияны дамыту перспективалары» атты ашық диалог алаңы өтті. Іс-шараның мақсаты инновация мен шығармашылықты ұштастыру арқылы жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыру болды. Іс-шара барысында делегация университеттің ғылыми жетістіктерінің көрмесін аралап, қатысушылар пікір алмасты.

Перспективті инновациялық жобалар мен технологиялардың, ғылыми эзирлемелердің коммерциализациясына мүдделі серіктестер (лицензиаттар, кәсіпкерлер) іздеу бойынша жұмыс

2021 жылдың 23 маусымында ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – ректоры Ж.Түймебаевтың ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ төрағасы К. Көкрекбаевпен кездесуінің нәтижесі бойынша Тараптар Төтенше жағдайлар кезіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары және табиғи-техногенді тәуекелдер саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандум аясында мамандар ҚазҰУ Жерді қашықтықтан зондтау орталығының қызметкерлерімен бірлесіп «2020-2022 жылдарға арналған көшкін мен көшкін қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспары» Жол картасының жобасымен жұмыс істейтін болады.

2021 жылдың 14 қазанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің ғалымдары «Біріккен химиялық компания» ЖШС өкілдерімен онлайн-кездесу өткізді. Кездесуде химия және химиялық технология факультетінің ғылыми-зерттеу зертханаларында, зерттеу және талдаудың физика-химиялық әдістері орталығында, жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институтында іске асырылатын университет ғалымдарының, өндіріске енгізуге дайын, инновациялық технологиялары мен эзирлемелері таныстырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ және химия өнеркәсібі саласындағы салалық сарапшы «Біріккен химиялық компания» ЖШС арасында меморандумға қол қойылды, оның негізгі мәні химия өнеркәсібі саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ ҚР-да жаңа химия өндірістерін құру болып табылады.

Технологияларды коммерцияландыруға алынған гранттар саны

2021-2022 жылдары университет ғалымдары «Ғылым қоры» АҚ желісі бойынша коммерцияландыруға қаржыландыруды жеңіп алған 3 жобаны іске асыру бойынша жұмысты жалғастырды:

1. Білім беру мекемелеріне арналған шағын ғарыш аппараттарының инновациялық конструкторларын өндіру.
2. Жетілдірілген iBox – әмбебап виртуалды құрылғы агентінің платформасы.
3. Туризмнің сандық мазмұнын жаңарту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтары.

2021 жылы Дүниежүзілік банк қаржыландыратын және технологияларды трансферттеу/коммерцияландыру кеңселерінің әлеуетін арттыруға бағытталған «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы шеңберінде университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғалымдарына ағылшын тілін оқыту аяқталды, нәтижесінде 40-тан астам адам көрсеткіштері 5.5 - тен 8.0 - ге дейінгі IELTS сертификаттарын алды.

Коммерцияландыруға әлеуеті бар жобаларды жүзеге асыруға арналған старт-ап компаниялар құру

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ инновациялық стартаптар мен серпінді студенттік жобаларды белсенді түрде қолдап келеді. Студенттер, магистранттар мен докторанттар ғылыми-технологиялық бағыттағы қолданбалы жобаларды дамыту үшін, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу үшін өз идеялары мен әзірлемелерін ұсынуға мүмкіндігі бар.

2021 жылдың 2 желтоқсанында Бекзат Аманов, Ернар Жолдасов, Берік Сағитжанов, Заманбек Әзіл, Дамир Жаңабержен, Нұрсұлтан Ерболат, Мадияр Смамқожаев құраған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «TechnoRIM» командасы «Цифрлық Қазақстан» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын дамыту аясында ҚР Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орайластырылған «ETU Roboson 2021» жоғары оқу орындары арасындағы робототехника бойынша ІІ Республикалық чемпионатының қорытындысы бойынша 3 орын алды. Іс-шараны Алматы әкімдігінің қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаев Қоры, Еуразия технологиялық университеті және ТМК Development Group компаниясы ұйымдастырды. «ETU Roboson-2021» байқауына Қазақстанның алты облысынан 15 команда – барлығы 150-ден астам адам қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің 1 курс магистранты Әзіл Заманбек «Ақылды жылыжай» жобасымен Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасы мен білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры 2021 жылғы 29 қазанда Байқоңыр метрополитен станциясында ұйымдастырған «UpGrade» инновациялық идеялар көрмесінде 3-ші орынды иеленді. Іс-шара «жаңа буын» жұмыстарының көрмесі форматында өтті. Көрмеде робототехника, дизайн, компьютерлік графика, білім беру және басқа да көптеген салалардағы техникалық бағыттағы орта-мамандандырылған және жоғары оқу орындарының студенттерінің жұмыстары ұсынылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина жоғары мектебінің магистранттары Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақстан жастары фракциясы» ҚҚ және «Jas Otan» жастар қанатымен бірлесіп ұйымдастырылған «Creative Jastar» жобасы аясында «Үздік инновациялық стартаптар» байқауына қатысты. Жобаның негізгі мақсаты жастардың инновациялық әлеуетін дамыту болып табылады.

Байқау қатысушылары үшін кәсіпкерлік қызметтегі сарапшылардан 5 семинар-тренинг, «креативті экономика және қалалық даму» тақырыбына мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 семинар-тренинг өткізілді. Сонымен қатар, жобаға қатысушылар Qolday кәсіпкерлерді қолдау орталығында оқудан өтті, сондай-ақ Байқау қатысушылары үшін елдің креативті экономикасын дамыту жөніндегі компанияларда (SmartPoint, Alatau Creative Hub) экскурсиялар ұйымдастырылды.

Байқау комиссиясына Alatau Creative Hub креативті кеңістігінде 500-ден астам жоба ұсынылды, қорытындысы бойынша тиісті номинациялар бойынша 12 жеңімпаз іріктелді.

Іргелі медицина кафедрасының 2 курс магистранты Токпанова Аида «Алтын нанобөлшектерін қоса отырып, мақсары бояуының (Carthamus Tinctorius L.) тұқымдары негізінде микробқа қарсы және қабынуға қарсы белсенділігі бар көз тамшыларын фармацевтикалық әзірлеу» жобасымен «Creative jastar» жобасының «Үздік жас ғалым» номинациясы бойынша жеңімпазы атанды. «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының 1 курс магистранты Қалдарбек Орынбасар Нұрланұлы «ANB «Биозертханасы» жобасымен марапатталды. Жеңімпаздарға 50 000 теңгеге дипломдар мен сертификаттар табысталды.

ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінің 2 курс студенттері Әбдірахым Асан, Теміртай Назерке және шығыстану факультетінің 2 курс студенті Тұрғанбек Ұлықбек құрамды «Stardust Crusaders» командасы «қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы М.Ж. Дәрібаеваның жетекшілігімен 2021 жылдың 04 қазанында «Шелл Қазақстан» компаниясы мен «KAZENERGY» қауымдастығының ұйымдастыруымен «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауының финалына өтті.

Коронавирустық инфекция пандемиясына байланысты қалыптасқан жағдайларға байланысты байқау 2021 жылғы 4-8 қазан аралығында онлайн режимде өтті. Байқау комиссиясына «Қоршаған ортаны қорғау / Экология», «Мұнай-газ және тау-кен өндіру салалары» және «Энергетика / электр энергетикасы» бағыттары бойынша 12 үздік студенттік жобалар ұсынылды.

Жоба жабық қайта өңдеу циклын құру және қуатты электроника, электр машиналары, машиналар, компьютерлер және т. б. үшін батареялар мен батареялардың бағасын төмендету мақсатында жасалды.

Студенттер аккумуляторлар мен батареяларды қайта өңдеудің үш түрін қарастырды: литий батареялары, құрамында мырыш бар батареялар және құрамында сынап бар батареялар.

ҚазҰУ студенттік бизнес-инкубаторының жұмысы нәтижесінде 6 студенттік Start-up компания іске қосылды:

1. «Alfasat» – (Жетекшісі: Мейрамбекұлы Н., инжиниринг және ғылымды қажетсінетін технологиялар кластері).

2. «RobotABC» – (Жетекшісі: Қуан Б., Жолдасов Е., Сеилов Б., Сламқұл Б., механико-математика факультеті).

3. «Адаптивті заряд басқару жүйесінің прототипі» – (Жетекшісі: Орынбасар С.О., физика-техникалық факультет).

4. «Маркеры диагностики депрессивного состояния» – (Жетекшісі: Ақылбаева А., Қабдылғабитова А., Щеголева Ю., философия және саясаттану факультеті).

5. «Stardust Crusaders» – (Жетекшісі: Дарибаева М.Ж., қаржы және есеп кафедрасы).

6. «БИОЛаборатория «ANB» (Жетекшісі: Қалдарбек О.Н. – медицина және денсаулық сақтау факультеті).

Технологияларды коммерцияландыру саласында біліктілікті арттыру және құзыреттілікті өсіру бойынша жұмыс нәтижелері

2021 жылдың 9 қыркүйегі мен 8 қазан аралығында өткізілген «Ғылым қоры» АҚ «Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбында 14 онлайн-семинардан тұратын цикл өткізді, оның жұмысына еліміздің 76 ЖОО мен ҒЗИ-нан 1100-ден астам ғалымдар мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары қатысты. Өткізілген семинарлардың қорытындыларын талдау негізгі мәселелердің бірі бизнес-құзыреттердің және ғалымдардың ғылыми әзірлемелерін коммерцияландырудағы тәжірибесінің төмен деңгейі болып табылатынын көрсетті. Осыған байланысты, «Ғылым қоры» АҚ ЖОО мен ҒЗИ (аяқталған ҒЗЖ, коммерцияландыруға дайын) перспективалы жобаларының «Өнертабыс питчі» онлайн-питч серияларын іске қосты, ол әрбір жобаның таныстырылымын, онда бар проблема, оның өнертабыс/жоба көмегімен шешілуі, бизнес-модель және қысқаша талдау қамтылады.

Университет ғалымдары 2021 жылдың 13 желтоқсанында онлайн-питчке белсенді қатысып, сарапшылардан кері байланыс, өз әзірлемелерін әлеуетті бизнес-серіктестерге ұсыну мүмкіндігін алды.

2021 жылдың 30 қарашасында ҚазҰУ-да TAN Media Group-пен бірлесіп Нұрлан Смағұлов, Арманжан Байтасов, Асылбек Қожахметов, Қайрат Мәжібаев, Гаухар Қаппарова, Нұржан Жаңабеков және т. б. танымал бизнесмендердің қатысуымен «Жаңа буын энергиясы» атты жас кәсіпкерлер форумы ұйымдастырылды. Форум аясында көрме ұйымдастырылды, онда студенттердің әзірлемелері, бизнес-идеялары ұсынылды, сондай-ақ ҚазҰУ студенттері арасында форумға дейін 2 апта бұрын ұйымдастырылған «Media café» байқауының қорытындылары өткізілді. Құрамында Нұрсұлтан Оңдасынов, Әсем Нұрланова және Динамо Серікхан бар команда жеңімпаз атанып, жыл бойы кофехананы басқаруға грантты жеңіп алды.

2021 жылы университет қызметкерлері, жас ғалымдар мен профессорлық-оқытушы құрамы келесі іс-шараларға тікелей қатысты:

1. 2021 жылдың 7 маусымы мен 31 тамызы аралығында университет ғалымдары «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасын жүзеге асыру аясында КПСІ, КПСІ, АҒҚТ/КҒҚТ гранттық бағдарламаларын түсіндіру бойынша онлайн-семинарға қатысты.

2. 2021 жылдың 9-30 маусым аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастық аясында «Экономика және менеджментке арналған қолданбалы ғылымдар Швейцария мектебі» ұйымдастырған «Маркетинг және брендпен халықаралық басқару» модулі бойынша «трансформациялық көшбасшылық және университетті интернационалдандыру стратегиясы» біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысу.

3. 2021 жылғы 29-30 маусымда Германияның Федералдық Білім және ғылыми зерттеулер министрлігі, CASIB, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ, «Атамекен» ҚР ҰКП, Қазақстан халықтары Ассамблеясы ұйымдастырған «Ғылым экономикамен кездеседі» вебинарына қатысу.

4. 2021 жылдың 30 маусымында «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ ұйымдастырған инновациялық қызмет кезінде ұлттық заңнамаға «қателікке құқық» қағидатын енгізу мәселесі бойынша кеңес жұмысына қатысу.

5. 2021 жылдың 23 қыркүйегінде сарапшы Simon Litvin-мен «Өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясының инновациялары арқылы өндірістің қымбаттауынсыз экологиялық таза өнімдер мен технологияларды қалай құруға болады» тақырыбында онлайн-мастер-класқа қатысу.

6. 2021 жылдың 28 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті қоғам қайраткері, белгілі венчурлық инвестор Мұрат Абдрахмановтың «Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру – венчурлық инвестордың көзқарасы. Іріктеудің негізгі критерийлері» атты дәрісі ұйымдастырылды.

7. 2021 жылдың 6 қазанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Ғылым қоры» АҚ-мен бірлесіп «Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбында ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың қазіргі мәселелері бойынша және оларды шешу мақсатындағы «Ғылым қоры» АҚ ұсынысы туралы онлайн семинар өтті.

8. 2021 жылдың 20-21 қазанында университет қызметкерлері мен білім алушылары Нұрсұлтан Назарбаев Қоры ұйымдастырған «Цифрлық трансформация және өмірдің жаңа сапасы» тақырыбындағы «Open mind» ашық инновациялар форумына қатысты.

9. 2021 жылдың 1-12 қарашасында Nazarbayev University Research and Innovation system «Schi Tech BootCamp 3.0» онлайн-семинарын ұйымдастырды, оған ҚазҰУ ғалымдары мен студенттері қатысты. Семинарға қатысушылар технологиялық кәсіпкерлік және бизнес-идеяларды генерациялау бойынша 2 апталық қарқынды білім алды.

Зияткерлік меншікті қорғау

2021-2022 жж. университет ғалымдары мен қызметкерлері 109 оң шешім және 674 қорғау құжаттарын алды – 30 өнертабысқа патент, 77 ҚР пайдалы моделіне патент, 1 Еуразиялық патент, сондай-ақ 2 тауар белгісіне куәлік және 564 зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тіркеу туралы куәлік.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын метрологиялық қамтамасыз ету

2021-2022 оқу жылында өлшем құралдарының мәлімделген метрологиялық талаптарға сәйкестігін айқындау мақсатында барлық сынақ зертханаларында 14 өлшеу құралы тексерілді, оның ішінде:

- Химия және химиялық технология факультетінің зертханаларында 13 өлшеу құралы, бұл ағымдағы жылы университет бойынша сенімді өлшеу құралдарының жалпы санының 92,5% құрады;
- Механика-математика факультетінің зертханаларында 1 өлшеу құралы, бұл сенімді өлшеу құралдарының жалпы санының 7,5% құрайды.

Есепті кезеңде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жанғыш қазбаларды және оларды қайта өңдеу өнімдерін зерттеу және кешенді талдау зертханасы 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 09 зертханада өлшеулердің жай-күйін бағалау туралы куәлік алды, ол мұнай, мұнай өнімдері, көмір және жанғыш тақтатастардың сапасы саласындағы өлшеулерді (сынақтарды) орындау үшін қажетті барлық шарттардың болуын растайды.

2.3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Кіріспе

Бүгінгі таңда ҚазҰУ Орталық Азия аймағындағы ықпал және Қазақстан Республикасының стратегиялық міндеттерін шешу орталығы болып табылады.

Бұл көп жағдайда Департамент қызметкерлерінің үйлесімді жұмысының арқасында жүзеге асып отыр.

Бөлім келесі негізгі бағыттар бойынша қызметті жүзеге асырады:

- I. Шетелдік мамандарды шақыру және оқытушы-профессор құрамын тарту
- II. Оқытушы-профессорлар құрамы және университет қызметкерлерінің шетелдік іс-сапарлары
- III. Бакалавр, магистрат және PhD докторанттардың шетелдік іс-сапарлары
- IV. Сыртқы академиялық мобильділік және шетел азаматтарының ҚазҰУ-де оқуы
- V. Халықаралық келісім-шарттар
- VI. ҚазҰУ-дағы халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобалары мен бағдарламалары.
- VII. 2021-2022 оқу жылына Тіркеу және визалық қолдау орталығы

Атап айтқанда, стратегиялық даму орталығының жетекшілігімен кафедраның басқа құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп атқарған қызметінің арқасында университет есепті кезеңде QS рейтингінде 175-тен 150-ге көтерілді.

2.3.1 Халықаралық ұтқырлық және бағдарламалар басқармасы

I. Шетелдік мамандарды шақыру және оқытушы-профессор құрамын тарту

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орындарында жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімі бар мамандарды даярлау үшін шетелдік мамандарды тарту бағдарламалары жүзеге асырылып келді. Сонымен қатар шетелдік ғалымдар түрлі ғылыми және білім саласындағы жобалар және бағдарламалар (Эразмус +, факультет жобалары) аясында шақырылады. Соңғы оқу жылында университетке шақырылған шетелдік профессорлардың жалпы саны **115** құрады:

- **80** бюджеттен тыс қаржы есебінен
- **29** штаттағы оқытушылар саны
- Волонтер Еріктілер: **6**

Лотарингия университеті, Белосток Университеті, Лондон университеті, Цукуба университеті, Стамбул университеті, Ломоносов атындағы ММУ және т.б. сынды жетекші шетел университеттері мен білім беру ұйымдарынан бакалавр, магистранттар, PhD докторанттарды дайындау мақсатында және шетелдік ғылыми жетекші ретінде шақырылған профессорлар білім беру процесіне белсенді қатысты.

2021-2022 оқу жылы аралығында университет 115-тен астам профессорлармен келісім-шарт жасасты: Түркия, Оңтүстік Корея, Франция, Греция, Польша, АҚШ және т. б.

II. Оқытушы-профессорлар құрамы және университет қызметкерлерінің шетелдік іс-сапарлары

2021-2022 оқу жылы университеттің оқытушы-профессорлары және университет қызметкерлері ТМД елдері (Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекістан, АЙзербайджан), Еуропа (Аустрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Испания, Италия, Нидерланды, Франция, Чехия, Венгрия, Болгария, Финляндия, Словения, Хорватия, Португалия, Греция, Дания), Азия мемлекеттері (ҚХР, Оңтүстік Корея, Малайзия, Түркия, Жапония, Малайзия), Солтүстік және Оңтүстік Америка (АҚШ), Таяу Шығыс мемлекеттеріне (Мысыр, Бірлескен Араб Эмираттары) және т.б. мемлекеттерде мамандықты арттыру, университетаралық келісімдер бойынша шетел оқу орындарында кадрларды қайта даярлау курстарынан, шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамаларынан өтіп, сонымен қатар халықаралық білім беретін бағдарламаларға, конкурстарға, халықаралық ғылыми-практикалық және теоретикалық конференциялар мен семинарларға қатысты.

74-кесте. Шетелдік іс-сапар

Шетелдік іс-сапар мақсаты	Саны
Халықаралық конференцияларға, симпозиумға, форумдар, конгресстер мен көрмелерге және т.б. шараларға қатысу	58
Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу	130
Барлығы:	188

III. Бакалавр, магистрат және PhD докторанттардың шетелдік іс-сапарлары

Есеп беру мерзімінде **1073** бакалавриат студенттері, магистранттар білім беру және тағылымдамадан өту мақсатында шетелдік іс-сапарға жіберілді, **242** PhD докторант – Еуропа елдері (Ұлыбритания, Австрия, Германия, Франция, Испания), Солтүстік Америка (АҚШ), Азия (ҚХР, Корея, Жапония), Түркия және т.б. елдердегі шетелдік ғылыми жетекшілермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге барды.

75-кесте. Оқушылардың шетелдік іс-сапарлар

Мақсаты	Саны
Бакалавр студенттер:	43
Академиялық мобильділік бағдарламасы аясында білім алу	43

Магистранттар:	1030
Академиялық мобильділік бағдарламасы аясындағы оқу	10
Ғылыми тағылымдамадан өту	1020
Докторанттар:	242
PhD докторанттарды дайындау бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу тағылымдамадан өту	242

IV. Сыртқы академиялық мобильділік және шетел азаматтарының ҚазҰУ-де оқуы

Шетел азаматтарының университетте білім алу және тағылымдамадан өту барысын Халықаралық ынтымақтастық департаменті жалпы бақылау жүргізіп, оқуға түскен сәттен бастап еліне оралуына дейінгі Қазақстан Республикасы территориясында болуына қатысты мәселелермен айналысады. Сонымен қатар, университетті бітірген шетел студенттерінің дипломдарын легализация немесе нострификациядан өткізу сұрақтары бойынша көмек көрсетеді.

2021-2022 оқу жылы бакалавриат, магистратура және Ph.D докторантура бағдарламалары бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ҚХР, Иордания, Индия, Оңтүстік Корея, Түркия, Жапония, Германия, АҚШ, Испания, Иран, Бразилия, Афганистан, Ұлыбритания, Франция, Монғолия, Түркменістан, Филиппин, Вьетнам, Өзбекістан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікістан, Украина және т.б. мемлекеттерден келген 1997 азаматы (1543 бакалавр студенті, 254 магистранттар, 30 докторант) білім алды. Сонымен қатар, 100 шетел азаматы жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде тілдік курстардан өтті және шетел оқу орындарынан 41 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында, 29 студент ғылыми-зерттеу тағылымдамалардан өтті.

ЭРАЗМУС+

ҚазҰУ Еуропалық комиссияның Эразмус+ бағдарламасының жобаларынан Қазақстан ЖОО арасында көш бастап келді.

2021-2022 оқу жылында университеттің қатысуымен Эразмус+ келесі халықаралық жобалары жүзеге асырылуда:

- 598317-EPP-1-2018-1-BG-EPPKA2-SVNE-JP SMRCITY: Smart City Technologies магистратура бағдарламасына инновациялық көзқарас
- 598399-EPP-1-2018-1-IT-EPPKA2-SVNE-JP ChildCA: Орталық Азиядағы жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беруді жаңғырту үлгісі ретінде бала күтімі бойынша білім беруді жетілдіру
- 598506-EPP-1-2018-1-PT-EPPKA2-SVNE-JP ENTER: Инженерлік мұғалімдерге арналған педагогикалық тренинг
- 598661-EPP-1-2018-1-RO-EPPKA2-SVNE-JP ШЕШІМ: Мүгедектерге арналған қызметтерді дамыту
- 573545-EPP-1-2016-1- DE- EPPKA2- SVNE – JP APPLE: «Ғарышты зерттеу және интеллектуалды робот жүйелері бойынша қолданбалы оқу бағдарламасы»
- 573901-EPP-1-2016-1-IT-EPPKA2- SVNE – JP LMPI: «Кәсіпорындардағы компьютерлік желілерді дамыту, басқару, басқару және қорғау бойынша кәсіптік бакалавр және магистр дәрежесі»
- 574060-EPP-1-2016-1-KZ-EPPKAZ-SVNE-SP ENINEDU: «Жаңа әлеуметтік орта жағдайларына сәйкес жоғары білім мен корпоративтік сектордың интеграциясын нығайту»
- 574157-EPP-1-2016-1-IE-EPPKA2-SVNE-JP DIREKT: «Өмір бойы білім алу және білім экономикасы үшін ақпараттық сауаттылықты дамыту»
- Erasmus+ CLASS: «Орталық Азия университеттерінде есептеуіш лингвистика бойынша пәнаралық магистратура бағдарламасын әзірлеу»
- 10. EDUENVI: Ресей және Қазақстан ЖОО-да қалдықтарды тұрақты басқару құзыреттерін арттыру
- 619011-EPP-1-2020-1-KZ-EPPKA2-SVNE-JP
- 11.GeoCLIC: Жағалаудағы экожүйелерді климаттың өзгеруіне бейімдеу үшін жаңа геокеңістіктік инженерия курстары
- 12. № 618860-EPP-1-2020-1-E-L-EPPKA2-SVNE-JPLMQS «Ресейде ашық және қашықтықтан оқыту шеңберінде денсаулық сақтаудағы стратегиялық менеджмент және тәуекелдерді басқару саласындағы бакалавриат және магистратура бағдарламаларын кәсібилендіру, Қазақстан және Өзірбайжан»
- 13. 618868-EPP-1-2020-1-DE-EPPKA2-SVNE-JP «Шығыс Еуропа және Орталық Азия (BACE) аймақтарында жаһандық денсаулық сақтауда академиялық әлеуетті арттыру»

ҚазҰУ әр түрлі жылдары Эразмус+ бағдарламасы аясындағы бағдарламалардың үйлестірушісі болған болатын. Қазіргі таңда студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы келесі университеттермен жүзеге асырылып отыр:

1. Nicolaus Copernicus University in Torun (Польша)
2. Lublin University of Technology (Польша)
3. Ecole Centrale De Nantes (Франция)
4. Lorraine University (Франция)
5. Kiliklareli University (Түркия)
6. Hacettepe University (Түркия)
7. Alexandru Ion Cuza University of Iasi (Румыния)
8. Babes-Bolyai University (Румыния)
9. Anadolu University (Түркия)
10. Paris 8 Vincennes Saint-Denis Universite (Франция)
11. Cumhuriyet University (Түркия)
12. Jozef Stefan International Postgraduate School (Словения)
13. Afyon Kocatepe University (Түркия)
14. Ankara Yildirim Beyazit University (Түркия)
15. Bialystok University of Technology (Польша)
16. Malardalen University (Швеция)
17. Lorraine University (Франция)
18. Isa Lille (Франция)
19. Kodolanyi Janos University of Applied Sciences (Мажарстан)
20. Dimitrie Cantemir Christian University (Румыния)
21. Valencia University (Испания)
22. Social Science University of Ankara (Түркия)
23. Anadolu University (Түркия)
24. Ca'Foscari University of Venice (Италия)
25. University of Salzburg (Австрия)
26. University Of Castilla - La Mancha (Испания)
27. University of Marburg (Германия)
28. Valladolid University (Испания)
29. Radbound University (Нидерланд)
30. Split University (Хорватия)
31. Kaunas University of Technology (Литва)
32. ISCTE University of Lisboa (Португалия)
33. University of Poitiers (Франция)
34. Suleyman Demirel University (Түркия)

2.3.2 Ғаламдық серіктестік кеңсесі

V. Халықаралық келісім-шарттар

ҚазҰУ-дың халықаралық қызметі университетті әлемдік ғылым және білім беру қауымдастығына біріктіруге бағытталған. Бұл ықпалдастық шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнату, халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын, біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру, ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, оқытушылар алмасу және академиялық ұтқырлықты дамыту бағыттарында жүзеге асырылады.

2022 жылға дейін ҚазҰУ Солтүстік Америка, Батыс және Шығыс Европа, Азия, Тынық мұхиты аумағы елдерінің 552-ден аса жоғары білім ордаларымен және ұйымдарымен тұрақты қарым-қатынас орнатқан.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да **552**-ден астам шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар және басқа да білім беру мекемелерімен ынтымақтастық саласында халықаралық келісім-шарттар мен меморандумдарға қол қойылды, оның ішінде **40** келісім-шарт жасау үдерісі 2021-2022 оқу жылының еншісінде. ҚазҰУ-дың интернационалдандыру және ғылыми-зерттеу университетіне айналу үдерісіне

байланысты ынтымақтастық қатынастар орнату барысында негізінен ғылыми - зерттеу жұмыстарына бағытталған жоғары рейтингті университеттермен қарым қатынас орнатуға басымдық беріледі.

VI. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі білім және ғылым саласындағы халықаралық жобалар мен бағдарламалар

Халықаралық ынтымақтастық ҚазҰУ білім және ғылым қызметіндегі басым бағыттарының бірі, әрі ол кәсіптік білім бағдарламалар, ғылыми алмасу, ғылым және техникалық еңбектестікті іске асыру аясында жасалуда.

Университетіміз білім және ғылым саласындағы халықаралық жобаларға қатыса отырып әлемге танымал жоғарғы оқу орындарымен, қорлар мен ұйымдармен нәтижелі ынтымақтастық құруда. Бұл университетіміздің инновациялық дамуына, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық нығайтуына, ғылыми жоспарлардың қаржыландыруы мен зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде алға бастыруына жол ашады.

«ГЕО-ЭНЕРГЕТИКА» орталығы

Францияның көпбейінді Лотарингия Университетімен бірлесіп, екі жетекші университет - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ базасында құрылған француз-қазақстандық Гео – Энергетика ғылыми-білім беру орталығы бүгінгі таңда өз позициясын нығайтып, Қазақстанның білім беру нарығында болу құқығын дәлелдеді. Total, Katko-Orano сияқты ірі кәсіпорындар тарапынан үлкен қызығушылық осының дәлелі болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта ынтымақтастыққа қызығушылық танытқан Қазмырыш және КазПолиМеталл компанияларымен келіссөздер жүргізіліп жатқанын ерекше атап өтуге болады.

2018 жылдың шілде айында өткізілген конкурстық іріктеу нәтижесінде ҚазҰУ-дан 9 студент оқуға іріктеліп алынды.

Сондай-ақ, Орталық Франкофонияның шекарасын кеңейтіп, дамытады. Жалпы жобаның нәтижелері бойынша Сорбонна Қазақстан-Француз Институтымен бірге ҚазҰУ-дың "Халықаралық қатынастар" кафедрасының базасында жұмыс істейтін бір оқытушы, тіл тасымалдаушы келді.

Қазіргі уақытта Орталықты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың еншілес ұйымы ретінде тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Осы формат бойынша Орталық тек ҚазҰУ-ға жататындықтан, "Механика және Энергия" мамандығы бойынша механика-математика факультетімен, "Энергия геологиясы және резервуарларды жобалау" мамандығы бойынша Химия және химиялық технология факультетімен бірлескен екі дипломды бағдарламалар әзірленді, олар 2019-2020 оқу жылынан басталады.

2018-2019 оқу жылы "Гео-Энергетика" орталығына өзгерістер мен өсуге мүмкіндік берген оқиғалардың толық жылы болды. Оқыту мен зерттеуге ғана емес, сондай-ақ, орталықтың алға қойған міндеттері мен мүдделерін іске асыруға қолдау көрсетуге мүмкіндігі бар университеттер мен кәсіпорындарды, өндіруші салалардың жақындастыруына ерекше көңіл бөлінеді.

2020-2021 оқу жылы "Гео-энергетика" Орталығын Қазақстан-Француз Ғылым, Технология және Энергия Институтына қайта құру басталды.

Қазақстандағы алғашқы наноспутник

Қазақстанның алғашқы наноспутнигі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде құрылады. Аталмыш жоба ҚазҰУ мүше болған UNIFORM project халықаралық консорциумның аясындағы Токио және Вакаяма университетімен бірлесе бастау алды.

ҚазҰУ 5 магистранты наноспутникты жасау саласында Токио университетінде теориялық білім мен тәжірибе алды, сонымен қатар Жапон мемлекетімен қаржыландырылатын UNIFORM халықаралық бағдарламасы бойынша Вакаяма университетінде тәжірибе жинады.

ҚазҰУ жас ғалымдары, Жапон университеттерінде оқу барысында өндірудің барлық сатыларына, кіші ғарыш құралдарын пайдаланып, ұшу бөліктерін құрастырудан бастап өңдеуге дейін қатысады. Магистранттар сондай-ақ ҚазҰУ технопаркінде құрастырылып, сыналатын қазақстандық наноспутниктің жобасымен айналысады.

Жергілікті инфраструктура мен отандық наноспутникті кіші ғарыш құралдарын бақылау, жердің бетін түсіруге және мәліметтерді қабылдау, өңдеумен айналысу үшін заманауи ғылыми-тәжірибелік зертхана ретінде пайланылады.

2017 жылғы 5 ақпанда Үнді ғарыштық зерттеулер ұйымы (ISRO) 1,7 кг салмақпен жаңа технологияларды көрсететін "Әл-Фараби-1" наноспутникті сәтті ғарышқа жіберді.

2018 жылғы 4 желтоқсанда Илон Масктың "SpaceX" компаниясы "Al-Farabi-2" екінші Наноспутникті ғарышқа жіберді, ол "Falcon 9" зымыран тасығышында Ванденберг әскери-әуе базасынан Калифорния штатындағы (АҚШ) ғарыш айлағынан сәтті іске қосылды. Наноспутник штаттық режимде жұмыс істейді.

COMSATS

2015 жылдан бастап ҚазҰУ – беделді «COMSATS» халықаралық үкіметаралық ұйымына мүше болған ТМД ЖОО-лары ішіндегі жалғыз университет (Оңтүстіктегі тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен технология бойынша комиссия).

Қазақстандық оқу орнының ұйым құрамына қабылдануы туралы шешім Коломбо қаласындағы (Шри-Ланка) үйлестіру кеңесі отырысында қабылданды. Бұған ҚазҰУ-да болып, оның ғылыми-инновациялық даму деңгейіне жоғары баға берген «COMSATS» халықаралық сарапшыларының университеттің ғылыми-білім беру әлеуетіне жасаған жан-жақты әрі терең талдауы ықпал етті.

COMSATS-қа мүше болу ҚазҰУ-ға ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, нанотехнологиялар және жаңа материалдар, энергияның жаңартылатын көздері, климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау, биотехнология мен тағы басқа салалардағы халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына қатысуға мүмкіндік береді.

1994 жылы құрылған «COMSATS» ұйымы штаб-пәтері Исламабад қаласында (Пәкістан) орналасқан әлемнің 20-дан аса елін біріктіреді. «COMSATS» халықаралық жобаларының жүзеге асуы ЮНЕСКО, ИСЕКО, Ислам ынтымақтастық ұйымы, БҰҰ-ның индустриалды даму ұйымы, Исламдық даму банкі және басқа да көптеген танымал халықаралық ұйымдардың қамқорлығы мен тікелей қолдауының арқасында жүзеге асуда.

2018 жылдың 3-5 сәуір аралығында ТМД аумағында алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Оңтүстік өңірде ғылым және технологиялар тұрақты дамытудағы ХХІ COMSATS Үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. ҚазҰУ ТМД ЖОО ішіндегі COMSATS мүше болып табылады. Және де бұл тандем Азияның, Африканың, Латын және Орталық Америкадағы 25 елдің жетекші ғылыми-технологиялық институттарымен ынтымақтастыққа ықпал етеді. Университет COMSATS Қазақстандағы жетілдіру орталығы болып табылатындықтан, COMSATS елдерінің ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын ғылыми және инновациялық жобаларды исламдық қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Кездесуге 50 танымал шетелдік сарапшылар, ғалымдар мен ғылыми орталықтар мен университеттердің жетекшілері қатысты. Ғалымдар Орталықтар жұмысының нәтижелерін талқылады, бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы есептерді тыңдап, іс-шараларға жыл сайынғы жұмыс жоспарын бекітті.

2018 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ COMSATS - пен бірлесіп климаттың өзгеруі және тұрақты даму мәселелерін зерттеу саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ортақ мүдделер мен мақсаттар негізінде климат және тұрақтылық жөніндегі орталық құрды.

2019 жылы Исламабад қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және COMSATS ынтымақтастығы негізінде ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектеріне арналған арнайы секция ашылды.

БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы

ҚазҰУ-ға Қазақстанның жетекші университеті ретінде тұрақты даму бойынша БҰҰ "Академиялық ықпал" жаһандық хабын басқару сеніп тапсырылды. Бұл ресми шешімді БҰҰ-ның бас пәтері 2014 жылдың 20 қаңтарында жариялады. 2016 жылдың 7 наурызында ҚазҰУ тұрақты даму бойынша БҰҰ "Академиялық ықпал" жаһандық хабы ретінде бірінші кезенді табысты аяқтап, жетекші рөлін тағы бір мәрте көрсетті.

БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Муннің бастамасымен жүзеге асып отырған "Академиялық ықпал" бағдарламасы БҰҰ-ның әлем мойындаған он қағидасына негізделеді, атап айтқанда сауаттылық, тұрақты даму және конфликттерді шешу қағидалары бойынша университеттердің сарапшыларын белсенділікке тарту және білім саласын жаһандық мәселелерді шешудің әдісі ретінде қолдану. Сонғы үш жылда аталмыш бағдарламаға әлемнің 900 университеттері бірікті. Олардың қатарына Кембридж университеті (Ұлыбритания), Нью-Йорк университеті (АҚШ), Калифорния мемлекеттік политехникалық университеті (АҚШ), Пекин университеті (Қытай), Женева университеті (Швейцария) сияқты әлемге танымал ЖОО-ы кіреді. **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**, аталмыш бағдарламаға Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен алғашқы болып қатысқан университет және де қазіргі таңда әлемдік деңгейде ресми түрде осы бағдарламаны басқарып отыр.

2015 жылдың мамыр айында Сеулде (Оңт.Корея) БҰҰ-ның академиялық ықпал бойынша екінші форумы өтті, онда өткен жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, стратегиялық даму бойынша 2015 жылдан кейінгі күн тәртібіндегі мәселелер белгіленді. Аталмыш форумда ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов қатысушыларға университеттің "Академиялық ықпал" бағдарламасы аясында жаһандық хабы ретінде атқарған қызметі мен ұйымдастырылған халықаралық шаралар туралы есеп берді. Сондай-ақ,

Ғ. Мұтанов Академиялық ықпал бағдарламасына мүше университеттеріне 2014 жылғы III Азиялық университеттер форумында мақұлданған "Тұрақты даму бойынша жоспар үлгілерін" жүзеге асыруға ат салысуға және ҚазҰУ G-Global виртуалды алаңында тұрақты даму бойынша мәселелерді талқылауға шақырды.

2015 жылдың 11 маусымында Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының «Діни көшбасшылар мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік және даму жолындағы диалогы» атты V съезі және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунмен кездесуі аясында білім беру, ғылым, мәдениет пен тұрақты даму салаларындағы бастамаларды қолдауға бағытталған бірқатар маңызды шаралар өтті. Астанадағы БҰҰ жаңа ғимаратын ашу салтанаты барысында БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрметті докторы атағы берілді. Дипломмен марапаттау салтанатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов өткізді. Сондай-ақ ол бейбітшілік пен келісімге, БҰҰ мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастыққа қосқан сүбелі үлесі үшін құрметті қомақты Әл-Фараби Үлкен алтын медалімен марапаттап, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Достары» халықаралық клубының құрметті мүшесі сертификатын табыстады.

2016 ж. БҰҰ штаб пәтерімен болған жақандық онлайн сұхбат барысында ҚазҰУ-дың тұрақты даму бойынша БҰҰ "Академиялық ықпал" жаһандық хабы статусы тағыда келесі екі жылға ұзартылғандығы ресми түрде жарияланды.

2018 жылдың мамыр айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2020 жылға дейін БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының ғаламдық хабына жетекшілік ететін болды. Бұл шешім университеттің тұрақты даму саласындағы табысты басшылық қызметінің қорытындысы негізінде қабылданды. Сонымен қатар, 2018 жылдың 17 мамырында Астана экономикалық форумының аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты ашылды. Аталған шешім университеттің тұрақты даму саласындағы көшбасшылық қызметінің нәтижесі негізінде жарияланды.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2022 жылға дейін БҰҰ "Академиялық ықпал" бағдарламасының хабын ресми түрде төртінші мерзімде басқарып келеді. Бұл тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға үлкен үлес қосатын жетекші Қазақстан университетінің табысты қызметінің жоғары халықаралық мойындалуының дәлелі болып табылады.

ҚазҰУ-дағы халықаралық ғылыми-білім беру іс-шаралары

08.09.2021 Белгілі мемлекет қайраткері, дипломат, ҚР Тұңғыш Президенті қорының Халықаралық бағдарламалар орталығының жетекшісі Қайрат Әбусейітов ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай дәріс оқыды.

12.11.2021 ҚР Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақ Елінің жаңа дәуірі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

19.11.2021 «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің негізі ретінде Н. Назарбаевтың құқықтық моделі» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясы өтті.

21.11.2021 Атақты саясаткер, Турцияның Экс-Президенті Абдуллах Гюль университеттің профессорлық-оқытушы құрам, ғалымдар және студенттермен кездесу өткізді.

07.12.2021 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнында білім беріп жатқан шетелдік профессор-ғалымдармен кездесу өткізді. Кездесуге әлемнің 30-ға жуық елінің ғалымдары онлайн және офлайн форматта қатысты

06.02.2022 «TAV Airports Holding» президенті әрі бас директоры Мұстафа Сани Шенер ғылым, техника және бизнес тақырыбында студенттер, жас ғалымдар мен оқытушыларға көшбасшылық дәріс оқыды.

04.04.2022 «Әл-Фараби және түркі халықтарының рухани дәстүрлері» атты халықаралық конференциясы өтті.

13.04.2022 Еуропалық Парламент делегациясының арнайы сапары. Оқытушы-профессорлар құрамы және студенттерімен кездесті. Делегация құрамына «Қазақстан Республикасы – Еуропалық

одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының төрағасы, Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андрис Америкс (Латвия), елші, ҚР ЕО өкілдігінің басшысы Кестутис Янкаускас, ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының мүшесі, ЕП Сыртқы істер комитетінің мүшесі Франциско Миллан-Мон (Испания) және басқа да ұйым мүшелері кірді.

22.04.2022 «Егемен Қазақстанның сыртқы саясаты мен дипломатиясына 30 жыл: жетістіктері, сын-кәтерлер мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

01.05.2022 Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестердің (ACCELS) президенті, доктор Дэн Дэвидсон оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушылармен кездесті. Америкалық ғалым «Флагман» бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы кеңінен әңгімелеп, өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

13.05.2022 Орталық Азия елдері университеттері ректорларының I халықаралық форумы өтті. Форум жұмысына ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және Орталық Азия елдерінің білім, ғылым саласы министрлері мен ЖОО ректорлары қатысты.

26.05.2022 Бішкек қаласындағы (Қырғыз Республикасы) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

27.05.2022 Түркі әлеміне ортақ ойшылдар – әл-Фараби мен Мұхаммед Иқбалдың бай мұраларын зерттеп, насихаттауға арналған «Әл-Фараби – Иқбал»: түркі әлемі тарихи жадын жаңғырту атты халықаралық форумы өтті.

01.06.2022 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың ресми сапары

20.06.2022 Қырғыз Республикасының Тұңғыш Президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаевтың ресми сапары.

30.06.2022 Алматы қ. Дипломатиялық өкілдіктер мен ҚР СІМ студенттер, жас ғалымдар және профессорлық-оқытушы құраммен кездесуі өтті.

02.06.2022 ҚР Сыртқы істер министрі М.Тілеубердінің сапары. «Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан дипломатиясы» дөңгелек үстелі.

ҚазҰУ филиалдары

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға алғашқы ресми сапары аясында Президент Тайып Ердоғанмен кездесуі өтті, оның нәтижесінде Қазақстан-Түркия қарым-қатынасын екіжақты деңгейге жеткізу туралы келісімге қол жеткізілді. кеңейтілген стратегиялық серіктестік. Түрлі салаларда, соның ішінде ғылым мен білім саласында бірқатар маңызды үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Президентінің ресми сапарына байланысты 11 мамырда Ыстамбұлда (Түркия) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.

2022 жылдың 26 мамыры Бішкек қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалы шылды.. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан астанасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалының ашылуына барды. ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев мемлекет басшыларына оқу кабинеттерін көрсетіп, оқу орнының оқу және ғылыми қызметіне, соның ішінде қырғыз студенттеріне грант бөлу жоспарына тоқталды..

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында МИФИ филиалы ашылды

Басқа құрылымдармен бірлесе отырып, ҚазҰУ-дың өзіндік құзіреттілігін дамыту мақсатында ҚазҰУ базасында НИЯУ МИФИ филиалын ашу жұмысы басталып, жүргізілуде.

2.3.3 Тіркеу және визалық қолдау орталығы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2021-2022 оқу жылы шетелдік студенттер саны 2247 соның ішінде 623-ші мемлекеттік грант немесе академиялық ұтқырлық негізінде білім алып жатыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2021-2022 оқу жылы ұзақ мерзімге келген шетелдік оқытушы-профессорлар саны (отбасы мүшелерімен) 14, қысқа мерзімге келгендер - 31

Осы көрсетілген студенттер мен оқытушы-профессорлардың (отбасы мүшелерінің) құжаттарын қабылдап, Алматы қаласы Көші-қон қызметі департаментіне және Алматы қаласының 9 аудандық Көші-қон қызмет бөлімдеріне тапсырып рәсімдедік:

- Визалық қолдау (шақырту);
- келгені жайлы хабарлама;
- визаның жарамдылық мерзімін ұзарту;
- виза рәсімдеу;
- тіркеу;
- мекен-жайыды ауыстыру жайлы хабарлама;
- шығу визасы;
- шығу тіркеуі.

Атап айтқанда, шақырту (визалық қолдауды) – 349, визаның жарамдылық мерзімін ұзарту – 29, виза рәсімдеу – 72, тіркеу – 233, мекен-жайыды ауыстыру жайлы хабарлама – 76, келгені жайлы хабарлама – 702, шығу визасы – 1, Шақырту (визалық қолдауды) – 349 рәсімделді.

Жоғарыда көрсетілген, шақыртуларды (визалық қолдауды) электронды почта арқылы Қазақстанға келгендегі жүріп-тұру тәртібімен қоса таратық.

Шетелдік студенттер мен оқытушы-профессорлардың Қазақстанға келгендегі жүріп-тұру нұсқаулықпен таныстырып, түсіндірдік.

Шетел ел азаматтары бойынша барлық кіріс хаттарға жауап жазып, есеп бердік.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің визасы мен тіркеуін алған студенттер мен оқытушы-профессорлардың электронды тізімін жасап, бақылаудамыз.

Шетелдік қандастарымыздың (студенттер) басқа визамен келген немесе ықтияр хаты болған жағдайда мәліметтерін жинап, тізімін жасадық.

Университетімізді бітіруші шетелдік студенттердің «кету парағына» қол қойып, ҚР аумағынан шығуын бақылаудамыз.

2021-2022 оқу жылы сот арқылы 1 студент (Дуюсембаева Ксения) және 1 профессор (Нугманов Рахим) әкімшілік жауапқа тартылып айыппұл салынды. 2 студентке (Дарвази Срош, Мухамед Наим) әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы толтырылып, айыппұл салынды.

2.4 ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ДЕПАРТАМЕНТІ

2.4.1 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі басқарма

Университеттің тәрбие жүйесі тиімділігінің мониторингін есеп беру мерзінде әлеуметтік жұмыс жөніндегі басқарма негізгі өлшемдермен жүзеге асырды, оның ішінде:

- ЖОО тәрбие жұмысына қарасты барлық жүйелерде жұмыстың тұрақты және нақты дәрежесі;
- тәрбие сипатындағы шараларға студенттерді тарту дәрежесі;
- клубтар мен үйірмелердің жұмысына студенттердің қатысу сапасы және дәрежесі;
- барлық деңгейде тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы: университеттік, факультеттік, кафедралық, оқытушылық;
- студенттердің жаңа бастамалары және олардың өз бетімен оқудан тыс жұмыстардың түрлерін табуы, мәдени-көпшілік шараларды өткізудің сапасын көтеруге талпынуы;
- студенттер арасында тәртіпбұзушылықты болдырмау.

Индикативті жоспар бойынша «Әлеуметтік даму» бағытындағы факультеттердің, кафедралардың және ОПҚ-ның жұмысы талданды; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрілігінен, Алматы қаласы, Бостандық ауданының әкімшілігінен өткізілген іс-шаралар туралы мәліметтер бойынша, сонымен қатар өзге де заңды және жеке тұлғалардан келген сұраныс хаттарға жауап берілді; кафедралардағы тәрбие жұмысын жетілдіруге және оқытушылардың тәрбиелік жұмысын дамытуда әдіснамалық семинарларға арналған материалдар, куратор-эдвайзерлерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар дайындалды; проректор мен бөлім директорының университет ректораты мен ғылыми кеңесте баяндауға арналған материалдарын дайындау жұмысына атсалысты; факультеттердегі куратор-эдвайзерлік сағаттардың өткізілуіне; бөлім өткізген мәдени-көпшілік іс-шаралар бойынша ұйымдастырушылық жұмыстарға қатысуға; кафедралардағы клубтық-үйірмелік жұмыстарға жетекшілік етуге; ТЖ мен ДК бойынша орталықтарға жетекшілік етуге; Куратор-эдвайзерлер мектебімен бірлесіп өткізілген куратор-эдвайзерлерге арналған жеке семинарларға; факультеттердегі

мәдени іс-шараларға; іс-шаралардағы тәртіптің сақталуына, өткізілетін іс-шараларды буклеттермен, баннерлармен, презентациялармен және басқа материалдармен қамтамасыз етуге бақылау жасалды.

Факультеттердегі тәрбие жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету шаралары өткізілді. Басқарма факультеттер деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары мен аға куратор-ұйымдастырушыларының жұмыстарына үнемі бақылау жүргізеді.

Әлеуметтік жұмыстар аясында басқарманың есеп беру мерзімінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- студенттермен оқудан тыс және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- университет қызметкерлері мен студенттерінің кешенді медициналық және флюорографиялық тексерісін өткізуді ұйымдастыру;
- ҚР халқының әлеуметтік-қамтылмаған қабатына жататын (ҰОС ардагерлері, ҚазҰУ Құрметті ардагерлері, жетім студенттер, мүгедек студенттер, көпбалалы және азқамтылған отбасынан шыққан студенттер, «Д» тіркеуінде тұрған студенттер және т.с.с.) қызметкерлер мен студенттерінің мәліметтер банкінің үнемі жаңартылып отыруы;
- студенттерге арналған кафедралық шәкіртақыларды тіркеу;
- «Салауатты өмір салты үшін» бағдарламасын жүзеге асыруды бағыттау;
- университет ардагерлерін республикалық газеттер мен журналдарға жазғызу;
- БАҚ-да қызметкерлерге көңіл айту жарияланымдарын дайындау;
- бұйрықтарды дайындау: қарттар күніне, «Д» тіркеуінде тұрған студенттерді тамақтандыруға ай сайын қаржылай ақша бөлу туралы және т.с.с.;
- жатақханаға мұқтаж студенттердің жатақханаға орналасуына үнемі бақылау жасау;
- іс-шара қонақтарына кофе-брэйктер, шай үстелін, фуршеттер, түскі астар ұйымдастыру;
- студенттерге оқу ақысын төлеудің еркін кестесін ұсыну туралы сұрақтарды қарастыру бойынша комиссия құрамындағы жұмыстар.

Әлеуметтік қолдау мақсатында студенттерге әлеуметтік жеңілдіктер қалыптасқан:

- «өте жақсы» және «жақсы» көрсеткіштеріне оқитын әлеуметтік-қамтылмаған қабатқа жататын 922 студент оқу ақысын төлеуде 10-нан 100 пайызға дейінгі жеңілдіктерді қолданды;
- 1000-ға жуық шәкіртақы иелеріне демеушілік шәкіртақылар тапсырылды;
- жалпы қаржыланудың 10% студенттерді ФЗЖ орындауға тартуға – ғылыми жобаларда қатысқаны үшін еңбекақы төлеу, халықаралық конференцияларға қатысу, студенттік ғылыми үйірмелерді техникалық жабдықтауға бағытталды;
- 1200 студент факультеттердегі оқу-көмекші қызметкерлердің және студенттердің құрылыс жасағының құрамында жұмыс істеуге мүмкіндік алды;
- 154 жетім студенттердің тамақтануы мен киіміне ақшалай өтемақы бөлінді;
- туберкулезге қарсы диспансердің «Д» тізімінде тіркелген студенттің тамақтану өтемақысы 4,5 млн. теңгені құрады;

Көптеген сауалнамалар өткізілді, соның ішінде:

- Оқытушы әріптестер көзімен;
- Куратор-эдвайзер студенттер көзімен;
- Оқытушы әріптестер көзімен
- «Университет коррупциядан тыс» сауалнамасы.

Пандемияға байланысты университеттегі оқу процесі онлайн форматқа көшірілгендіктен, жатақханаларда тек шетелдік студенттер, сонымен қатар жетім студенттер тұрды. Студенттерді Студенттер үйіне (жатақханаларға) орналастыру сандық нұсқада жүргізілді. Студенттер арызды онлайн түрде жіберді. Студенттер үйінен орынға тапсырыс беру үшін, студент онлайн режимінде тіркеу нысанын толтырып (студенттеріне е-Қызмет көрсету бетінде, жеке кабинетте), жатақханаға орналасуға артықшылық құқығын құс қанат белгісімен(галочка) белгілеп, растайтын құжаттарды тіркеуі қажет. Өтініш мақұлданғаны жөнінде студенттің жеке кабинетінде хабарлама алғаннан кейін, студент орналасу тапсырысын басып шығарып тұру ақысын төлеп, жатақханаға орналасады. Келтірілген қызмет Студенттер үйіне студенттерді орналастырудың жеделдетуін және айқындағын жоғарлатуға бағытталған.

Есеп беру мерзімі аралығында университет қызметкерлері мен студенттердің ұжымдық рухын көтеруге бағытталған іс-шаралар өткізілді. Рухани-мәдени ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің, өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің, моральдық-адамгершілік және рухани құндылықтарды қалпына келтіру мен берудің маңызды факторлары болып табылатын мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтуді ұйымдастыру маңызды тәрбиелік мәнге ие. Оқудан тыс іс-шараларға қатысқан студенттердің саны артты. Дүние жүзілік жаһандық пандемияға байланысты және Қазақстан Республикасы Президентінің COVID-19 вирусының енуі мен таралуын тоқтату және алдын-алу

жөніндегі тапсырмаларына сәйкес университеттегі барлық іс-шаралар қашықтан өткізілуге онлайн форматқа көшірілді. Осыған қарамастан университетте жоспарланған іс-шаралар өз уақытында және өте жақсы деңгейде өткізілді.

2021-2022 оқу жылы студенттер мен ОПҚ арасында университетпен, факультеттермен және кафедралармен көпшілік-ағартушылық насихаттау және түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілді: кураторлық сағаттар, құқықтық тақырыптардағы дәрістер мен сұхбаттар, тақырыптық кездесулер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, байқаулар, олимпиадалар, қоғамдық көрсетілімдер және фильмдерді талқылау, адамгершілік-құқықтық тақырыптардағы тақырыптық телебағдарламалар. Одан басқа, студенттер мен ОПҚ арасында құқықтық және діни тақырыптарға қатысты семинар-тренингтер өтті, ҚазҰУ студенті мен оқытушысы туралы ереже мен кодексі талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Қазақстан Халқына жолдауын насихаттауды және түсіндіруді ұйымдастыру, «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы» Стратегиясының және Үкіметтің басқа да әлеуметтік-саяси құжаттарын жүзеге асыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дөңгелек үстелдер, студенттік конференциялар; дәріс-семинарлар, пікірталастар өтті.

Арнайы жоспарлар бойынша Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына, Әлихан Бөкейханұлының 155 жылдық мерейтойына, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған халықаралық, республикалық, қалалық, университеттік деңгейдегі іс-шаралар, конференциялар, кездесулер және семинарлар өткізілді.

Наурыз мерекесі және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасын отырғызды. Игілікті шара Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысындағы: «Мен Ұлыстың ұлы күнін жаңаша атап өтуді ұсындым. Бабаларымыз Әз Наурыз келгенде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жаңа қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап, қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл – ата салтымыз және ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы», – деген тапсырмасына сай жүзеге асты.

Тарихи жады мен ұрпақ сабақтастығын сақтау үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне үлкен көңіл бөлінеді. Аға ұрпақ өкілдеріне деген құрмет және оларға қамқорлық қоғамның тұрақты дамуының кепілі. Жеңіс күніне орай университетте «Ардагерлерге құрмет» атты қайырымдылық акциясы өтті. Қазіргі ұрпақтың парызы – қиын-қыстау кезеңде жауынгерлермен бірге батырлық пен жанқиярлықтың жарқын үлгісін көрсетіп, аянбай еңбек етіп тер төккен тыл еңбеккерлері мен соғыс ардагерлерін қолдап, оларға қамқор болу. Университет тарапынан ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы барысында 121 Ұлы Отан соғысының, тылдағы еңбек майданының, Ауған соғысының ардагеріне және университет ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне арнайы азық-түлік себеттері мен қаржылай көмек табысталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. Алқалы жиын ақын білім алған ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде оқу аудиториясының ашылуымен басталып, «О.Сүлейменов – ақын және азамат» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға ұласты.

Білім ордасының «Отыз жылдыққа отыз апталық» жол картасы негізінде «Ұлы Фарабидің ұлағаты» бағыты бойынша жоспарланған бұқаралық дәрістер өткізілді. Алғашқы дәрісті ұлы даланың дара тұлғасы – Әбу Насыр әл-Фараби мен өзге де данышпандардың жазба мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға енгізуге шығармашылық өмірін арнаған ҚР ҰҒА және Халықаралық араб тілі ҒА академигі Әбсаттар қажы Дербісәлі өткізді. Ғалым Отырар қаласынан шыққан 30-дан астам ғұламалар жайлы мол мағлұмат беріп, олардың еңбектерінен деректер келтірді. Соның ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып өтті. Дәрісте Қазақстанның тәуелсіздік жылдары жеткен ғылыми және мәдени жетістіктері де сараланып, көпшілік назарына ұсынылды. Қатысушы ғалымдар мен студенттер, көпшілік қауым қазақ мәдениеті мен ғылымы жайлы құнды ғылыми деректер мен дәйектерге қанықты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Nur Otan» партиясының ауыспалы кубогына ХІХ республикалық пікірсайыс

турнирі өтті. Сайысқа еліміздің барлық өңірлерінен 40 команда қатысып, шешендер мен сөз шеберлері өз өнерлерін ортаға салды. Айта кету керек, 11-31 наурыз аралығында еліміздің барлық өңірлерінде іріктеу ойындары өтті. Олардың нәтижелері бойынша қазақ және орыс лигаларынан 40 команда жеңімпаз атанып, республикалық пікірсайыс ойындарына жолдама алды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қолдауымен өткен шараның негізгі ұйымдастырушысы – «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанаты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, пікірсайыс бүгінгі таңдағы кез келген жағдайды әр тараптан талдауға және күрделі мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Жасотандықтар, белсенділер, студенттер және дебат клубтарының өкілдері өз өңірлеріндегі өзекті мәселелерді талқылады, өз пікірлерімен бөлісті және «кейстер» ұқсастығы негізінде ағымдағы міндеттерді шешу бойынша өз көзқарастарын білдірді. Қатысушылар «Әлемнің онлайн форматқа толық көшуі», «Барлық қазақстандықтарды міндетті түрде вакцинациялау» және т.б. маңызды тақырыптарды талқылап, шешу жолдарын іздеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі, Алматы қаласы әкімдігі және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасымен елімізде алғаш рет «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ», «Адал бол – Адам бол!» атты республикалық және қалалық форумдар мен конференциялар өткізілді.

Тұңғыш Президент күніне орай 7-ші «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастары арасындағы жыл сайынғы Республикалық конкурс өтті.

Тәрбие жұмысы мәселелерінің Ғылыми кеңес, ректорат, деканаттар мен кафедралар отырыстарында қарастырылуы және олардың нәтижелігі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі мен міндетті шарасы болып табылады. Білім беру қызметтеріндегі тәрбиелік аспект оқу жылы барысында басты назарда болды.

Мемлекеттік тілді дамыту, халық дәстүрі мен мәдениетіне деген құрмет студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің басым бағыттары болып табылады. Тілдерді дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының “Тілдер туралы” Заңына, ҚР Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарғысына сәйкес жүргізіледі. Оқу жылы барысында Қазақстан халқының Тілдері күніне орай «Тілдер» фестивалі, қазақ тілін жетік меңгерген студенттер арасында жалпыуниверситеттік олимпиадалар, жыл сайынғы тіл апталығы «Ана тілім – Алашымның айбыны!» жалпылай атауымен онлайн форматты өткізілді, сонымен қатар «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны», «Тіл – достық пен келісімнің символы» жалпыуниверситеттік байқаулары дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Куратор-эдвайзерлермен, оқытушылармен, кафедралармен үнемі әдеби-мәдени шаралар, оқулар, түрлі мәдени орталықтардың өкілдерімен кездесулер жиі өткізілді.

«Саламатты университеттер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ҚазҰУ-да мамандардың қатысуымен саламатты өмір салты бойынша лекциялар, семинар-тренингтер, кездесулер негізінде кеңінен насихаттау және алдын алу жұмыстары жүргізілді. Есеп беру кезеңінде «Қазіргі жағдайда нашақорлыққа қарсы күрес мәселелері» конференциясы, «Жастар жемқорлық, нашақорлық және ЖИТС-ке қарсы» студенттік конференциясы, «Жастар арасында нашақорлыққа қарсы және алдын алу шаралары» дөңгелек үстелі, Саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша ҰО-мен бірлесіп нашақорлық, маскүнемдік және темекі тартудың алдын алу бойынша бірқатар лекциялар, «Зоны, свободные от табачного дыма как механизм формирования здоровой нации», «Біз саламатты өмір салтын қалаймыз!» дөңгелек үстелі, нашақорлыққа қарсы тақырыптар бойынша семинар-тренингтер және т.б. ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті акын және қоғам қайраткері О.Сүлейменовтің 85 жылдығына орай әуесқойлар арасында жағажай волейболынан халықаралық турнир өткізілді. Спорттық шараны Алматы қаласы әкімдігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және қалалық Волейбол федерациясының қолдауымен «Буревестник-Алматы» спорт клубы ұйымдастырды. Алаңға Өзбекстан, Қырғызстан және ел аймақтарынан келген 60 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша әуесқой ерлер, әйелдер және аралас 60-тан астам команда жиналды.

ҚазҰУ спорт кешенінде «Жан Досым» заманауи теннис орталығы ашылды. Соңғы үлгідегі жабық орталықта алты корт және 165 көрерменге арналған трибуна бар. Алаңдар төсеніші Халықаралық теннис федерациясы бекіткен әлемдік талаптарға сай келеді. Елімізде дамып келе жатқан спорт түрімен он екі ай айналысуына мүмкіндік беретін жаңа теннис орталығын студенттер үшін зор мүмкіндік алаңы деп бағаланды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде XI Жазғы универсиада ойындарының жеңімпазы – ҚазҰУ командасының спортшылары мен жаттықтырушыларын марапаттауға арналған салтанатты жиын өтті. Шараны ашқан оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев спортшы жастарды

үлкен жетістіктерімен құттықтады. Биыл жетінші жыл қатарынан командалық есепте алға шыққан ҚазҰУ командасы мен жаттықтырушылардың жоғары кәсіби деңгейі мен ерен еңбегін атап өтіп, алғыс білдірді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Жазғы универсиадаға спорттың жалпы 35 түрі бойынша қатысып, 60 университет арасынан үздік шықты. Оның ішінде 19 спорт түрінен жеңіске жетті. Спорттың жеті түрі бойынша 2-орын және алты түрі бойынша 3-орын алды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектер күні», бұл ауқымды оқиға онлайн форматта жетекші университеттің мыңдаған түлектерін қамтыды. Ұйымдастырушылардың күш-жігері мен заманауи технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында, түлектер араға көп жылдар салып қайта қауышып, сүйікті альма-матерлерін жаңа жетістіктерімен құттықтап, өз жаңалықтарымен бөлісіп, бір-бірінің табысты еңбектеріне қуаныштарын жеткізе алды. Мереке жылы және достық жағдайда өтіп, қатысушыларға жағымды эмоциялар мен күш-қуат берді. Онлайн кездесуге танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, дипломаттар, БАҚ басшылары, әр түрлі жылдардың түлектер қатысты.

Кредиттік технологиялар жағдайында ҚазҰУ-да студент пен оқытушының өзара қатынасы жаңа бастамалардан қалыптасады: бір жағынан бастама, таңдау еркіндігі, студенттің дербестігі мен жауапкершілігі болса; екінші жағынан көмек, оқытушының жәрдемдесуі, қолдауы. ҚазҰУ-дағы педагогикалық тәлімгерлік ұстанымын штаттағы оқытушылардың 75%-ы қызметін атқаратын куратор-эдвайзерлер арқылы жүзеге асырылады.

Куратор-эдвайзерлер университеттің бекітілген Куратор-эдвайзерлер туралы ережесіне сүйене отырып жұмыс істейді. Екі маңызды қызметті қоса атқару – тәрбиелік және академиялық кеңес беру оқытушылар мен студенттердің өзара қарым қатынасына тиімді жүйе құруға, студенттермен жұмыс жасауда тіл табысуға мүмкіндік береді.

Куратор-эдвайзерлер жұмысын жалпыуниверситеттік және факультеттегі Куратор-эдвайзерлер кеңесі ұйымдастырады, үйлестіреді және әдістемелік қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, куратор-эдвайзерлер міндеттері оқытушының өзіне кәсіби деңгейіне жоғары талаптар қояды.

Куратор-эдвайзерлер мектебі куратор-эдвайзерлерге педагогикалық шеберлікті көтеру мақсатында төмендегі тақырыптар бойынша семинарлар өткізіледі: «Қауіп-қатер тобындағы студенттермен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы», «Қазақстандағы дін: дәстүр мен дәстүрсіздік», «Куратор сағаттарын әзірлеу және өткізу технологиялары» және т.б.

Жыл бойы бөлім факультет декандарының оқу, әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарларымен, кафедра меңгерушілерімен, аға куратор-эдвайзерлермен факультеттің оқу жұмыстарынан тыс тығыз қарым-қатынаста болды.

Өткен 2021-2022 оқу жылында әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі басқармасымен куратор-эдвайзерлерге, клуб және үйірме жетекшілеріне және орталықтарға арнайы рейтинг өткізілді.

Қорытындысы бойынша, жиналған барлық баллдардың сәйкес тізімдері тізілді. Баллдарды есептеу белгіленген критерийлерге сәйкес жұмыстың әр бағыты бойынша өткізілді.

Осылайша, куратор-эдвайзерлердің рейтингісі анықталды. Байқауға қатысқан 893 куратор-эдвайзерлердің 160-ы жоғары балға ие болды. Жоғары балл алғандар санаттарға бөлінді: бірінші санатты 3500 баллдан жоғары жинағандар, екіншіге 3200-3500 балл жинағандар, үшінші санатқа 3200 баллдан төмен жинаған куратор-эдвайзерлер. Сәйкесінше жоғары балл жинаған куратор-эдвайзерлерге арнайы қосымша көмек көрсетілу ұсынылды және ОПҚ индикативті жоспарына қосымша баллдар қосылды.

Тәрбие жұмысы бойынша орталықтар рейтингісі келесі нәтижелерді көрсетті. Факультеттердің оқу жылы басында бекітілген индикативті жоспарында жоспарланған 30 орталықтан бүгінгі күні барлық орталықтар жұмыс істейді. Оқу жылы ағымында рейтинг бойынша жоғары балл жинаған 12 орталық белсенді түрде жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта белсенді түрде студенттермен үйірмелер жұмыс істейді. Бүгінгі күнге дейін университетте 325 үйірме мен студенттік бірлестіктер жұмыс істеуде. Клубтар мен үйірмелердің басты негізгі мақсаты: студенттердің бос уақыттарын ұйымдастыру мен өткізу, студенттерді ғылыми зерттеуге баулу, олардың ғылымға деген қызығушылығын анықтау, белсендендіру, студенттер арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру мен насихаттау, жеке қызығушылықтарды, бейімділік пен қабілеттерді жетілдіру, сабаққа дайындалу деңгейін арттыру мен оқу үдерісінде жіберілген сабақтарды болдырмау, студенттердің өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу, белсенді өмір сүруге дағдылау. Студенттік бірлестіктер мен үйірмелер төмендегі бағыттар бойынша жұмыс атқарады: ғылыми, кәсіби, қоғамдық, спорттық және тілдік. Осы күнге дейін ҚазҰУ-дың «Универ» жүйесіне 325 клуб пен үйірме тіркелген. Соңғы үш оқу жылында клуб қызметтеріне тартылған студенттер жұмысы 1,6 есе өскен және бүгінгі күні 12 мың студентті (жалпы континент санының 65%) құрайды.

Өткізілген рейтинг нәтижелері бойынша үйірмелер мен клуб жетекшілері де индикативті жоспарларына қосымша баллдар жинады.

Толықтай алғанда, белсенді азаматтық ұстаным, елжандылық, жоғары рухани-адамгершілік, құқықтық және дене тәрбиесін қалыптастыру бойынша іс-шараларға қатысқан студенттер саны 1,4 есеге өскендігін және 2021-2022 оқу жылындағы студенттердің 75%-ын құрағанын атап өтуге болады.

2.4.1.1 Түлектермен жұмыс жасау секторы

әл-Фараби Қазақ ұлттық университетінің түлектерімен жұмыс секторы. КЕАҚ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен 2022 жылы құрылған.

Есепті кезеңде сектор университеттің түлектері, педагогтары мен студенттерінің корпоративтік рухын көтеруге бағытталған бірқатар жалпы университеттік іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысты.

Оқу жылы барысында ҚазҰУ түлектері арасынан Қазақстан Республикасының көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткерлері көшбасшылық дәрістер оқыды. Көптеген танымал түлектер жалпыуниверситеттік іс-шаралар мен ғылыми конференцияларға альма-матерге шақырылды.

28 мамырда 2022 жылы дәстүрлі жалпыуниверситеттік "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер күні" мерекесі өтті. Соңғы екі жылда алғаш рет офлайн форматында өтті. Мереке алдында сектордың үлкен жан-жақты дайындық жұмысы жүргізілді: анонстан бастап баспасөз релизіне дейін, шақыру билеттерінен бастап іс-шараға қатысушыларды шығарып салуға дейін, мәдени бағдарламаны әзірлеуден бастап ЖОО басшылығының ВИП-қонақтарды қабылдауына дейін.

Дәстүр бойынша түлектердің кездесуі факультеттерде күннің бірінші жартысында басталды. Атап айтқанда, экономист, халықаралық қатынастар мамандығы түлектерінің қатысуымен профессор Р.Е. Елемесов атындағы аудиторияның ашылуы өтті. Факультеттерде түлектер кәсіби қызметтегі жетістіктерімен бөлісіп, университет педагогтарына үлкен алғыс білдірді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ.Ә. Мәмидің төрағалығымен түлектер қауымдастығы президиумының отырысы өтті. Төралқа отырысына университет қонақтары Нұрсұлтан, Ақтау және Алматы қалаларынан қатысты. Модератор өз сөзінде ҚазҰУ ашылуының 90 жылдығына дайындыққа (15 қаңтар 1934 ж.- 15 қаңтар 2024 ж.) және түлектердің Алма – матер жобаларын қаржылай қолдаудағы рөліне назар аударды. ЖОО-ның даму стратегиясы және профессорлық – оқытушылық ұжымның жаңа міндеттері туралы КЕАҚ ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректор Ж.К. Түймебаев сөз сөйледі. әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

"Түлектер күні" мерекесінің екінші бөлімі У.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында өтті. Түлектер атынан Түлектер қауымдастығының президенті Қ.А. Мәми (заңгер), сенатор Б. Т. Жұмағұлов (математик), Т. А. Қожамқұлов (физик), бизнесмен К. С. Қрымов (философ, Ақтау қ.) және меценат А. Н. Қуатбаев (ақпараттық технологиялар) сөз сөйледі. Түлектерге "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік түлегі" медалі мен университеттің Ғылыми Кеңесінің тиісті шешімдері табыс етілді.

Түлектер күні-2022 Қазақстан мен Ресейде тұрып жатқан және жұмыс істейтін түлектердің, сондай-ақ университет достарының офлайн форматта өту және қатысу ауқымымен ерекшеленді. Мереке жылы және достық атмосферада өтті. Фото және бейнематериалдар банкі құрылды.

29 мамыр 2022 ж. сектор ҚазҰУ-ды бітіргеніне 45 жыл толуына орай Алматыға келген география факультетінің түлектері үшін кампус бойынша экскурсия өткізді.

Сектор соңғы екі жылда алғаш рет 2022 жылы шыққан түлектерге куәлік дайындау тәжірибесін қайта бастады.

2.4.1.2 АРТ-орталығы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің АРТ-орталығы "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" КЕАҚ құрылымдық бөлімшесі болып табылады, өз қызметінде "әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" КЕАҚ Жарғысын, даму Стратегиясын негізге алады, стратегияны іске асыру бойынша негізгі іс-шаралар жоспары, негізгі үдерістердің құжатталған рәсімдері, университеттің бұйрықтары мен өкімдері, ішкі тәртіп ережелері, корпоративтік мәдениет кодексі, сондай-ақ АРТ-орталық туралы ереже.

АРТ-орталықтың негізгі міндеттері:

- Студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға,
- Жеке тұлғаның үйлесімді дамуына;
- Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға;
- Арт-орталық үйірмелерінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.;
- Университет студенттерінің өз шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасау
- Студенттердің қызығушылықтарына сүйене отырып, көркемөнерпаздар үйірмесіне деген қызығушылықты ояту, концерттік қойылымдарға ынталандыру.

АРТ-орталықтың негізгі функциялары:

- Университет студенттерін түрлі шығармашылық бағыттағы үйірмелерде оқыту: актерлік шеберлік, вокал, би, аспаптық шығармашылық, шешендік өнер;
- Студенттік көркемөнерпаздар үйірмелерінің жоспарларын әзірлеу;
- Студенттер арасында түрлі номинациялар бойынша конкурстар мен фестивальдер ұйымдастырып өткізу;
- Шығармашылық студенттерді түрлі деңгейдегі конкурстарға, әртүрлі тақырыптағы мәдени-көпшілік іс-шараларға дайындау және қатыстыру;
- Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: концерттер, фестивальдар, әдеби-музыкалық композициялар, КВН және т. б.

АРТ-орталықтың міндеттеріне сәйкес жыл бойы университетте білім алушылардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру жүзеге асырылды; университеттің барлық мәдени-бұқаралық іс-шаралары ұйымдастырылды және өткізілді; білім алушылардың, қызметкерлердің бейресми және ақпараттық білім беру шеңберінде шығармашылық (креативті) қабілеттері дамытылды.

АРТ-орталық университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен, факультеттерімен үнемі өзара әрекеттесіп отырды.

АРТ-орталықтың шығармашылық ұжымдарына қабылдау студенттердің үйірмелерге қызығушылығына қарай жыл бойы жүргізілді.

Қызметкерлер студенттерді көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстыру үшін жарнамалық және үгіт-насихат жұмыстарының түрлі құралдары мен әдістерін қолданды;

АРТ-орталықтың шығармашылық үйірмелеріне 2000-ға жуық студент қатысты, олар жыл бойы "Студенттерге арнау", "1 курс таланттары", "Студенттік көктем-2022", "Түлектер күні" және басқа да жалпы университеттік іс-шараларға белсенді қатысты.

76-кесте. 2021-2022 оқу жылындағы АРТ-орталыққа қатысушылардың факультеттері бойынша студенттердің жалпы саны

№	Факультеты	Хор	Оркестр (Қазақ ұлт-аспаптар)	Би шоу балет «Бақыт»	Вокал	Имидж-группа	Жас ақындар	Актер шеберлігі мектебі	Общее количество
1	Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру	100	-	11	3	-	5	-	119
2	Филология	35	45	28	37	18	30	7	200
3	Халықаралық қатынастар	3	14	24	25	13	4	5	88
4	Экономика және Бизнес жоғарғы мектебі	4	24	20	21	15	13	8	105
5	Механика-математика	9	33	67	30	7	2	3	151
6	Физика-техникалық	7	28	22	20	3	8	10	98

7	Биология және биотехнология	-	15	21	29	8	6	5	84
8	География және табиғатты пайдалану	11	22	16	34	16	5	12	116
9	Химия және химиялық технология	29	35	77	35	12	11	16	215
10	Журналистика	21	26	10	21	13	42	21	154
11	Философия және саясаттану	1	5	29	13	8	4	-	60
12	Шығыстану	-	5	37	15	12	7	18	94
13	Тарих	12	18	19	13	9	8	7	86
14	Заң	11	8	14	11	13	7	4	68
15	Медицина және денсаулық сақтау	-	20	20	9	7	19	16	91
16	Ақпараттық технологиялар	45	30	43	21	21	8	9	177
Жалпы саны		288	328	458	337	175	179	141	1906

2.4.2 Жастар ұйымдары комитеті

Оқу кеңістігі мен студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуды демократиялауда әлеуметтік серіктестік – университеттік профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік пен студенттер арасындағы әрекеттестіктің белсенді әлеуметтік тәжірибиесі ерекше рөлге ие. Осыған орай белсенді студенттерге университет басшылығы оқу-тәрбие үдерісін барынша тиянақты ұйымдастыру мақсатында әрекет жасайтын, студенттік өмірді белсендендіретін, әкімшілік пен студенттердің байланысын орнататын серіктес ретінде қарайды. Әсіресе студенттердің белсенді серіктестік жүйесінде оқу шарттарын оңтайландыру үдерісіне, студенттердің әлеуметтік құқықтарын қорғау және оқудан тыс қызметтерді ұйымдастыруға қатысуы жас ұрпақтың экономикалық, инновациялық, шығармашылық белсенділіктерін арттыруға барынша қолайлы мүмкіндікер туғызуда.

2021-2022 оқу жылы пандемияға байланысты қашықтықтан онлайн форматта өткізілгеніне карамастан, Жастар ұйымдары комитеті түрлі бағыттарда көптеген іс-шаралар өткізді.

Оқу жылы онлайн форматта 1 курс студенттерін студенттер қатарына қабылдау және студенттер ұйымдарының жәрмеңкесімен басталды. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бойынша келесі іс-шаралар өткізілді: жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің, жастар ұйымдары комитетінің жоспарын талқылау мен бекіту, студенттік ұйымдардың жаңа құрамын қалыптастыру («Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы, Студенттер Сенаты, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, Студенттердің Ғылыми қоғамы, «Көмек» еріктілер қозғалысы, Студенттердің Жоғарғы кеңесі, «Жас Отан» ЖК, «Алтын сапа» пікірсайыс клубы және өзге де қызығушылығы бойынша клубтар).

Ақпараттық материалдар жаңартылды: стендтер, брошюралар, үнпарақтар мен СӨҰ қызметіне қатысты өзге де ақпарат құралдары. Сонымен қатар, студенттік ұйым көшбасшылары мен студенттік декандардың сайлауы өтті.

2-семестрдің басынан наурыз айының ортасына дейін физика-техникалық факультетінің, механика-математика факультетінің, химия және химиялық технология факультетінің, биология және биотехнология факультетінің және медицина және денсаулық сақтау факультетінің 1 курс студенттері офлайн форматта оқуына байланысты барлық карантиндік шектеулерді сақтай отырып студенттер жатақханаға орналасты. Осыған орай аталған факультеттердің жатақханаларында Студенттік кеңес ұйымы өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып шықты. Онлайн форматта жастар ұйымдары комитетінің жиналысы, жатақхананың студенттік кеңесімен жатақханада тұратын студенттермен кездесу (2-семестр), жатақханаларда тексеріс, студенттік ұйымдардың әлеуметтік даму жөніндегі проректормен, тәрбие ісі жөніндегі департамент директорымен жұмыс бойынша кездесулер өтті.

Оқу жылындағы ең ірі жобалардың бірі – «Бірінші курс таланттары» байқауы өткізілді. Аталған байқау студенттер арасында өз өнерлерін көрсетіп, видеоға түсіру арқылы АРТ-орталықтың әлеуметтік желілерінде өтті. Байқау жеңімпаздары желісіндегі лүпіл саны және арнайы құрылған төрешілердің шешімімен анықталды.

Университетте студенттердің патриоттық тәрбиесіне үлкен мән беріледі. Оқу жылының басында барлық факультеттерде ҚР Конституция күніне арналған іс-шаралар өтті. Қазақстанның ертеңінің негізін қалаушы бола тұра өскелең жастар өз мемлекетінің бүгінгі таңда дамудың қай кезеңінде және қандай бағытта келе жатқанын білуі тиіс. Тиісті қағиданы насихаттай отыра, көптеген іс-шаралар патриотизмнің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Олардың бірі барлық факультеттерде биографиялық, көркем фильмдер көрсетумен тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар тұңғыш президент күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» атты Республикалық студенттік патриоттық фестиваль өтті. Бұл іс-шаралар қатарын университеттің профессор-оқытушы құрамы, қызметкерлері мен студенттік активтің қатысуымен өткен ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар толықтырады.

Университет ішілік жобалардан бөлек ҚазҰУ студенттері қалалық, республикалық деңгейдегі семинар-тренинг, конференцияларға қатысты. Мысалы Тұңғыш Президент Елбасы – Н.Ә.Назарбаев атындағы кітапхана ұйымдастырған «Болашаққа жол өзіннен басталады» атты вебинарында студенттер жоғары нәтиже көрсетіп, алғыс хаттармен марапатталды.

Наурыз айының басында Жастар Ұйымдары комитетінің кеңейтілген жиналысы Тәрбие ісі жөніндегі департаменттің директоры Ж.Д. Есімовамен өткізіліп, студенттер арасындағы өзекті мәселелер талқыланды. Жиналыста Жастар Ұйымдары комитетінің жетекшісі Бекқайров Нұрсұлтан Болатұлы өз орнын босатып, жаңа жетекші болып, Искакова Мадина Қанатқызы тағайындалды.

Университетіміздегі жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін факультет аралық байқау «Студенттік көктем» жобасы жоғары деңгейде өткізілді. Аталмыш байқау осы жылы онлайн форматта, инстаграм желісінде бейнероликтерді жариялау арқылы өтті. Тақырыбы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Наурыз мейрамына арналған болатын. Бейнероликтерді төрешілер бағалап, инстаграмдағы лүпіл санына байланысты «Жалынды Жастар» номинациясының жеңімпазы анықталды. Аталған номинацияның жеңімпазына және Гран-При иегеріне Шарын шатқалына билеттер берілді.

«Сұңқар» студенттер және магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін «Ең үздік студенттік топ» және «Ең үздік эдвайзер» жобалары өтті. Жоба жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар берілді. Ақшалай сыйлықтың жалпы қоры – 440 000тг болды.

Студент жастардың бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мақсатында университетте «Көсбасшылар мектебі» жобасы өтті. Аталмыш мектеп тренингтер, тайм-менеджмент, шешендік өнер бойынша лекциялар, жобалар дайындау арқылы көшбасшылық қасиеттің ашылуына септігін тигізді. Өткізілген жобадағы семинар-тренингтерде ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясының тренерлері, Республикалық, қалалық ұйымдардың басшылары, психологтар болды. Жоба аяқталғаннан соң жоғары нәтиже көрсеткен 12 студентке «Жастар Керуені» жобасына жолдама берілді. Тиісті мектеп аясында студенттік ұйымдарға кіру арқылы санын арттырған бірінші курс студенттерінің қатарынан жаңа лидерлер тәрбиеленді.

Студенттер жастардың бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мақсатында университетте «Көсбасшылар мектебі» клубының жұмысы өтті. Аталмыш мектеп тренингтер, тайм-менеджмент, шешендік өнер бойынша лекциялар, жобалар дайындау арқылы көшбасшылық қасиеттің ашылуына септігін тигізді. Тиісті мектеп аясында студенттік ұйымдарға кіру арқылы санын арттырған бірінші курс студенттерінің қатарынан жаңа лидерлер тәрбиеленді. Сонымен қатар осы жылда «Жүз кітап», «Айналанды нұрландыр!» жобалары аясында іс-шаралар өткізілді; еңбек және ҰОС ардагерлерінің қатысуымен, ғылым және мәдениет қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлерімен кездесулер өтті. Университеттің академиялық саясатын меңгеру мақсатында академиялық мәселелер жөніндегі департамент өкілдерімен кездесулер мен дөңгелек үстелдер өтті. Жыл бойы қалалық, республикалық турнирлерге белсене қатысып бірінші жүлделі орындарға ие болып жүрген «Алтын сапа» пікірсайыс лигасы өз қызметін ерекше күшейте түсті.

2021-2022 оқу жылының аяғында Жастар Ұйымдары комитетінің қорытынды жиналысы өткізілді. Қорытынды кеш әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а. А.Р. Масалимова мен тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің директоры Ж.Д. Есімованың қатысуымен өтті. Жиналыста Университеттің ең белсенді 180 студентін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы, ректор – Ж.Қ. Түймебаевтің Алғыс хатымен марапатталды.

Қала әкімдігімен және республикалық жастар ұйымдарының өкілдіктерімен жұмыс жыл бойы жүргізілді. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп бірқатар іс-шаралар өткізілді. Жеке жоспар бойынша қалалық және республикалық ұйымдармен жұмыстар жүргізілді. "Нұр Отан" ХДП жанындағы "Жас Отан" Жастар қанаты, Алматы қ. Ерiкiтiлер лигасының Алматы қалалық филиалы, Қазақстан студенттерiнiң Альянсының Алматы қалалық филиалы, Қазақстан Жастарының Конгресiмен университет студенттерi қалалық, республикалық iс-шараларға, акцияларға, конкурстарға бiрлесiп белсендi қатысты.

2.4.3 Әлеуметтік-психологиялық қызмет секторы

Есеп беру мерзiмiнде 24.03.2022ж. бастап әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетiнде әлеуметтiк-психологиялық қызмет құрылды және жұмыс iстеуде. Штаттық кестеге сәйкес әлеуметтiк-психологиялық қызмет құрылымында 3 психолог жұмыс iстеуi керек. Оның iшiнде 2 педагог-психолог және 1 әлеуметтiк-психологиялық қызмет меңгерушiсi. Қазiргi уақытта бар болғаны 1 психолог жұмыс iстейдi.

«Әлеуметтiк-психологиялық қызмет секторының жұмысы туралы ереже» әзiрленiп, бекiтiлдi. Әлеуметтiк-психологиялық қызмет секторының меңгерушiсi мен педагог-психологтың лауазымдық нұсқаулықтары әзiрленiп, бекiтiлдi.

Студенттердiң психоэмоционалды жай-күйiне психодиагностикалық мониторинг жүргiзiлдi (суицидтiк тәуекел деңгейiн анықтау), психодиагностикалық мәлiметтер массивiн жинау, талдау және түсiндiру; студенттер арасында суицидтiк тәуекел деңгейiнiң өсуiнiң себептерi мен механизмдерi анықталды. Осы психодиагностикалық зерттеу аясында орыс тiлдi таңдау тобында 77%, қазақтiлдi таңдау тобында 73% сауалнамаға қатысқан оқушылардың психологтың көмегiне жүгiнуге ниеттi екенi анықталды (олар зерттеу нәтижелерiн алу, психологтан ұсыныстар алу және психологтың кеңесiнен өтуге тiлек бiлдiредi). Бұл сандар студенттердiң университеттегi психологқа жүгiнуге деген қажеттiлiгi мен дайындығын бар екенiн көрсетедi.

ҚазҰУ студенттерi арасындағы психологиялық тестiлеу деректерiне шолу. Т.Н. Разуваеваваның өзгерткен суицидтiк тәуекел сауалнамасы жүргiзiлдi.

Өткен мерзiмi: 11.04.2022-22.04.2022

Сауалнамаға қатысқан студенттер саны: қазақ тiлiнде-3265 адам , орыс тiлiнде -1924 адам.

Барлығы сауалнамаға жауап берген студенттер саны- 5189 адам, бұл студенттердiң жалпы санынан 21% құрайды.

77-кесте. Студенттердiң психоэмоционалды жағдайының психодиагностикалық мониторингiне қатысқан студенттер саны (суицидтiк тәуекелдi анықтау)

Факультеттер	Орыс тiлiнде	Қазақ тiлiнде
Биология	237 чел	363
Механико-математика	350	537
Ақпараттық технологиялар	331	584
Физика-техникалық	105	241
Химия	55	77
География	137	242
Философия	83	153
Шығыс	87	75
Тарих	56	142
Заң	72	68
Филология	179	264
Экономика және Бизнес жоғары мектебi	75	302
Журналистика	8	49
ХҚ	105	41
Медицина	44	130
Барлығы	1924 адам	3265 адам


78-кесте. Суицидтiк тәуекелдiң үш деңгейi бойынша адамдар саны

Суицидтiк тәуекел деңгейлерi	Орыс тiлiнде жауап берген студенттер арасында	Қазақ тiлiнде жауап берген студенттер арасында
------------------------------	---	--

Суицидтік тәуекелдің төмен деңгейі	274 адам (14%)	646 адам (20%)
Суицидтік тәуекелдің орташа деңгейі	1320 адам (70%)	2298 адам (70%)
Суицидтік тәуекелдің жоғары деңгейі	330 адам (16%)	321 (10%)

Орыс тілінде жауаптарында

Қазақ тілінде жауаптар



10-сурет. Суицидтік тәуекелдің үш деңгейінің диаграммасы

Психологиялық проблемалары бар студенттерге жеке психологиялық кеңестер өткізілді.

Барлығы 10 студентке психологиялық кеңестер берілді. Оның ішінде суицидтік мінез-құлығы бар екі студент қыз.

Студенттерге арналған тренинг сабақтары өткізілді: (оқушылардың өтініші бойынша тренингтер өткізілді)

1) 1 курс студенттеріне арналған психологиялық тренинг. Өту мерзімі 13.04.22., 14.04.22г. Өту орны Керемет 206 ауд. Тақырып: Үлкен Жасөспірімдер кезеңі, психологиялық ерекшеліктері және қиындықтарыно

2) 1 курс студенттеріне арналған психологиялық тренинг. Өту мерзімі 15.04.22г. Өту орны Керемет 206 ауд. Тақырып: Тиімді қарым-қатынас . Психологиялық тренинг.

3) Жалпы қалалық психологиялық конференция аясында Психологиялық тренинг-мастер класс жүргіздім. Тақырыбы «Я выбираю жизнь», студенттерге өмірлік қиындықтарға мойымай, өз көңіл-күйін өздері басқаруға бағыттау.

28.04.2022 Әлеуметтік-психологиялық қызмет секторы «Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтаудағы әлеуметтік-психологиялық қызметтің рөлі» атты жалпықалалық, психологиялық конференция ұйымдастырып, өткізді. Студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау саласындағы белгілі мамандар – практиктер спикерлер болды. Студенттерге психологиялық денсаулықты сақтауда практикалық көмек көрсету мәселелері талқыланды. Конференцияға Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының психолог-оқытушылары қатысты.

02.06.2022 Алматы технологиялық университетінде өткен «Студенттердің өзін-өзі бағалау ерекшеліктері» атты жалпықалалық психологиялық конференцияға қатысты.

22.06.2022 Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ағымдағы жылдың 11 наурызында қаланың тәрбие ісі жөніндегі проректорларының мәжілісінде құрылған Алматы қаласы университетінің психологиялық қызметі Үйлестіру кеңесінің жұмыс отырысына қатысты. Кездесу тәуелділікпен ауыратын студенттермен жұмыс істеу алгоритмін құруға бағытталған. Кездесу Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және коммуникациялар университетінің базасында өтті.

2.5 АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ

Ақпарат және коммуникация департаменті қазан айынан қайта жасақталды.



11-сурет. Ақпарат және коммуникация департаментінің құрылымы

2.5.1 Баспасөз басқармасы

–2021-2022 жаңа оқу жылынан бері Баспасөз басқармасы, 200 жаңа бейне материал дайындап youtube каналына шығарды. Ректордың қатысуымен өткен барлық шараларға қатысты бейнесюжеттер дайындады. Студияға арнайы қонақтар шықырылып 4 бөлек телебағдарламалар дайындалып, апта сайны шығарылып отырды. Сондай-ақ kaznu.kz сайтына жаңалықтар бөліміне қазақ және орыс тілдерінде материал орналастырылды және бұл материалдар ағылшын тіліне аударылды. «Жаңалықтар» бөліміне қазақ тілінде 490 ақпаратты жазып, салды. Орыс тілінде – 490, ағылшын тілінде – 400 жаңалық салынған. Баспасөз басқармасы кбінесе ректордың қатысумен өткен шараларға қатысты ақпарат беріп, бейнероликтер мен сюжеттер дайындады.

2.5.1.1 «Ақпарат және мониторинг секторы»

«Ақпарат және мониторинг секторы» оның ішінде 2021-2022 жаңа оқу жылынан «Жаңалықтар» бөліміне қазақ тілінде 490 ақпаратты жазып, салды. Орыс тілінде – 490, ағылшын тілінде – 400 жаңалық салынған.

Орта есеппен сайтқа қазақ және орыс тілдерінде айына – **93** материал; аптасына – 23 материал салынады.

Республикалық БАҚ құралдарында жарыққа шыққан имидждік мақалалар саны: 2705

Ректордың атынан және есептері бойынша шыққан материалдар саны – 76.

Сондай-ақ 135-тен аса баспасөз-хабарламасы даярланып БАҚ-қа таратылды. Күнделікті республикалық БАҚ-та шыққан ақпаратқа мониторинг жасалып, сайттағы апталық дайджест толтырылуда.

Мемлекеттік сатып алу бойынша республикалық басылымдық БАҚ– газеттеріне жазылу арқылы– 22700 см²-бонус көлеміне, интернет порталындағы ресми БАҚ сайттарына – 50 материал шығаруға қол жеткізілді.

2.5.2. Farabi Media басқармасы

79-кесте. Жалпы статистика

Жалпы	700 түсірілім
YouTube	Ай сайын 20-25 бейне ролик
YouTube	Жылына 200 жаңа бейне материал

Баспасөз басқармасының көмегімен шыққан арнайы бағдарламалар:

1.«Аптаның айшықты оқиғалары» – 45 шығарылым

2021 жылы 12 ақпаннан басталды.

2.«ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары» – 20 шығарылым

2021 жылы қараша айынан басталды.

3.«Ойталқы» – 28 шығарылым

2021 жылы қараша айынан бастап қазақ және орыс тілінде түсіріле бастады.

4. «Академиялық ұтқырлық» – 5

2022 жылы қаңтардан басталды

(ағылшын тілінде, шетелдік профессорлармен сұхбат)

5. «ҚазҰУ ғалымдарының дәрістері» – 10 шығарылым

2022 жылы сәуір айынан басталды.

6. «Талапкер – 2022» – жаңа бағдарлама

2022 жыл маусым айынан

7. «Vlog» – жаңа бағдарлама

2022 жыл маусым айынан

2.5.3. «Qazaq universiteti» газеті басқармасы

Жаңа оқу жылында «Qazaq universiteti» газетінің 29 нөмірі дайындалып, жалпы саны 448 материал жарияланды. Оның 361-і қазақ тілінде, 60-сы орыс тілінде, ал 15-і ағылшын тілінде.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мақалалар негізінде:

1.«Маңызды мезет» жинағы

(қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде)

2.«ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары» кітаптары шықты.

2022 жылдан бастап республикалық мәртебеге ие болды.

Университет басылымына «Қазпошта» арқылы жазылу жүргізіледі.

Kaspi.kz қосымшасында төлем жасауға болады.

Қазір Халық банкте **QR-код** арқылы газетке төлем жасау қосылуда.

2.5.4. Farabi University басқармасы

Farabi University басқармасы ҚазҰУ сайты бүгінде қайта жаңартылуда.

Ақпарат және коммуникациялар департаментінде бүгінде **26 адам** жұмыс істейді, оның 1-уі шетелдік тағылымдамада.

2.6 АТ-ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

2.6.1 Деректерді талдау және өңдеу басқармасы

ДТӨБ Университеттің ақпараттық-талдау жүйесін (IAS) әзірлеу және дамыту жұмыстарымен айналысады.

«Ақпараттық-талдау жүйесі» жобасы

2021-2022 оқу жылында Деректерді Талдау және Өңдеу Орталығында (ДТӨО) Оқыту Аналитикасы (Learning Analytics) - білім алушылар мен оқытушылармен кері байланыс арқылы білім алу мен оқытуды жақсарту үшін деректерді пайдалану процесіне көп көңіл бөлінді. Бұл үлкен деректер оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін қайта қарастыруға, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқытуды түрлендірудің қуатты құралы бола алады.

ДТӨО жұмысының мақсаты цифрландыру процестерін дамытудың қазіргі заманғы тренді ретінде жоғары білім беру жүйесіндегі деректерді басқару мәселесін зерттеу, деректерді басқару мәдениетін қалыптастыру және оларды жоғары оқу орнының басқару қызметін жақсартуда және білім сапасын арттыруда барынша пайдалану үшін басқарушы құжаттарды әзірлеу болды.

Есепті кезеңде АТЖ-ны дамыту бойынша келесі жұмыстар орындалды:

- «Moodle» курстарын басқару жүйесіндегі статистикалық есептілікті талдау;
- аналитикалық есептілік формаларын жобалау;
- визуалды және кестелік есептер әзірленді;
- Деректерді басқару процедурасы жасалды: жауапкершілік, деректерді жинау, деректерді сақтау, қол жеткізу, пайдалану;
- Деректерді өңдеу, талдау және беру бойынша процедура әзірленді;
- «Деректерді басқару стратегиясы» басқарушы құжаты әзірленді;

Білім беру саласындағы ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жүйесін іске асыру білім беруді

басқарудың барлық деңгейлеріне қатысты жүйелі зерттеулер мен өзгерістер жүргізуге мүмкіндік берді.

2021–2022 жылдары жұмыстың мақсаты жоғары білім беру жүйесіндегі деректерді басқару мәселесін цифрландыру процестерін дамытудың қазіргі заманғы үрдісі ретінде зерттеу, деректерді басқару мәдениетін қалыптастыру және оларды университеттің басқару қызметін жақсартуда және білім сапасын арттыруда барынша пайдалану үшін басқару құжаттарын әзірлеу болды, осыған байланысты келесі жұмыс түрлері орындалды:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент үшін Moodle курстарын басқару жүйесінің деректерінен аналитикалық есептеменің қосымша формаларын жобалау орындалды:

Университеттің оқу қызметі – Мониторинг панелі: 6.16 Форма - 6.19 Форма, 6.21 Форма;

2. Визуалды және кестелік түрлерде аналитикалық есептердің формалары әзірленді:

- ✓ 6.16 Форма Moodle жүйесіндегі тапсырмалар
- ✓ 6.17 Форма Moodle жүйесінде жүктелетін ресурстар
- ✓ 6.18 Форма Moodle жүйесінде онлайн сабақтар өткізу
- ✓ 6.19 Форма Moodle жүйесіндегі қорытынды емтихандар
- ✓ 6.20 Форма Онлайн курстарды өткізілген талдау
- ✓ 6.21 Форма Moodle жүйесі бойынша қорытынды емтихандар – көктемгі семестр 2021–2022ж.
- ✓ 6.22 Форма Анализ оценок УМКД ППС ПОҚ ПОӘК-тің баға талдауы
- ✓ 6.23 Форма Студенттердің оқудан шығарылу қаупін талдау
- ✓ 6.24 Форма Студенттердің төменгі үлгерімі бойынша талдау

3. Деректерді басқару процедурасы әзірленді: жауапкершілік, деректерді жинау, деректерді сақтау, қол жеткізу, Learning Analytics қалыптастыру тәсілдерін анықтайды, неліктен, кім үшін, қандай артықшылықтар, аналитиканы генерациялау процесін қалай басқару керек, қалай бақылау керек, қалай жауап беру керек, сондай-ақ пайдаланушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

4. Тәрбие жұмысы бөлімі үшін Ashyq жүйесінің деректер базасынан (Univer жүйесімен API) қосымша аналитикалық есеп беру нысандары әзірленді және көрнектімен кестелік түрінде аналитикалық есептердің нысандары әзірленді:

Әлеуметтік және тәрбиелік іс-шаралар – Мониторинг панелі:

- ✓ 4.6 Форма Университет студенттері арасында Ковид-19 талдауы (Ashyq деректері)
- ✓ 4.7 Форма Университет қызметкерлері арасында Ковид-19 талдауы (Ashyq деректері)
- ✓ 4.8 Форма Университет оқытушылары арасында Ковид-19 талдауы (Ashyq деректері)

5. Студенттерінің қарыздары бойынша ІС деректер базасын пайдалана отырып, визуалды және кестелік түрінде аналитикалық есептердің нысандары әзірленді:

- ✓ 1.12 Форма Бакалавриаттың оқу ақысы бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)
- ✓ 1.13 Форма Магистратураның оқу ақысы бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)
- ✓ 1.14 Форма Докторантураның оқу ақысы бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)
- ✓ 1.15 Форма Бакалавриаттың тұрғын үй бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)
- ✓ 1.16 Форма Магистратураның тұрғын үй бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)
- ✓ 1.17 Форма Докторантураның тұрғын үй бойынша қарыздары (факультеттер бойынша)

6. Университеттің АТ-ресурстары бойынша ІС деректер базасын және Excel файлдарын пайдалана отырып, визуалды және кестелік түрінде аналитикалық есептердің нысандары әзірленді:

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ – Жұмыс кеңістігі

АТ ресурстары – Мониторинг панелі:

- ✓ 12.1 Форма Университеттегі интернет жылдамдығы
- ✓ 12.1.2 Форма Университеттегі ДК талдауы
- ✓ 12.1.3 Форма Университеттегі жабдықтарды талдау
- ✓ 12.1.4 Форма Университеттегі физикалық серверлерді талдау
- ✓ 12.2 Форма Университеттің мәжіліс залдары
- ✓ 12.2.1 Форма Университеттің виртуалды серверлері
- ✓ 12.3 Форма Университеттегі компьютерді (КЖ) талдау (ІС)
- ✓ 12.3.1 Форма Университеттегі оргтехниканы талдау (ІС)
- ✓ 12.3.2 Форма Университеттегі басқа да машиналар мен жабдықтарды (ПМжБ) талдау (ІС)
- ✓ 12.3.3 Форма Университетте сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді (БҚ) талдау (ІС)

✓ 12.4 Форма Құрылымдық бөлімшелер алған компьютерлік жабдық

АТ ресурстары – Жұмыс кеңістігі

АТ-ресурс есептері – Мониторинг панелі:

- ✓ 12.1 Форма Университеттегі интернет жылдамдығы
 - ✓ 12.1.2 Форма Университеттегі ДК талдауы
 - ✓ 12.1.3 Форма Университеттегі жабдықтарды талдау
 - ✓ 12.1.4 Форма Университеттегі физикалық серверлерді талдау
 - ✓ 12.2 Форма Университеттің мәжіліс залдары
 - ✓ 12.2.1 Форма Университеттің виртуалды серверлері
 - ✓ 12.3 Форма Университеттегі компьютерді (КЖ) талдау (1С)
 - ✓ 12.3.1 Форма Университеттегі оргтехниканы талдау (1С)
 - ✓ 12.3.2 Форма Университеттегі басқа да машиналар мен жабдықтарды (ПМжБ) талдау (1С)
 - ✓ 12.3.3 Форма Университетте сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді (БК) талдау (1С)
 - ✓ 12.4 Форма Құрылымдық бөлімшелер алған компьютерлік жабдық
7. Студенттерді оқудан шығарудың әртүрлі факторларға тәуелділігін визуалды түрде анықтау үшін студенттерді оқудан шығаруды талдау талдамалық есеп әзірленді..
8. Студенттердің төмен оқу үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтау үшін деректерді талдау нәтижелері бойынша есеп әзірленді.
9. Студенттердің үлгерімінің оқу материалдарының бағалауымен педагогикалық қызметкерлердің іс-әрекетіне тәуелділігін анықтау үшін «ПОӘК бағалаулары мен сауалнамаларын талдау» есебі әзірленді.
10. Студенттердің төмен оқу үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтау үшін деректерді талдау нәтижелері бойынша есеп жасалды.
11. Студенттердің одан әрі оқудан шығарылатын тәуекел тобына түсуіне әсер ететін факторларды анықтау үшін «Оқушыларды оқудан шығару қаупі» есебі әзірленді.
12. Факультеттер, мамандықтар және пәндер контекстінде студенттердің жалпы орташа үлгерімі туралы қосымша есеп бетін қосу арқылы 6.8 есеп нысаны түзетілді.
13. Ситуациялық басқару орталығының талабы бойынша Контингенттің сапалық құрамы туралы есептің нысаны түзетіліп, «этникалық қазақтар (кандастар) контингенті туралы ақпарат» және «этникалық қазақтар контингенті туралы кестелік ақпарат (кандастар)» беттері қосылды.
14. «Студенттер үйлеріндегі студенттердің қоныстануы туралы мәліметтер» есептің нысаны түзетілді:
- жатақханадағы қалалық емес студенттердің жалпы саны;
 - факультеттер мен студенттік үйлер бойынша жатақханадағы қалалық емес студенттердің саны;
 - студенттер үйлері бойынша жатақханадағы студенттер саны.
15. IAS енгізудің барлық кезеңдерінде оқытуға мүмкіндік беретін Power BI бизнес-барлау бұлттық сервисі негізінде ақпараттық-талдамалық жүйені жобалау және әзірлеу бойынша нұсқаулықтар әзірленді.
16. Икемді теңшелетін сүзгі жүйесі бар әрбір интерактивті есептің ішінде ішкі есептері бар 68 (алпыс сегіз) астам есептер көлемінде интерактивті және статистикалық есеп беру нысандарының каталогы құрылды.
17. Ақпараттық-аналитикалық жүйені пайдаланушылар телефон арқылы немесе ДК жұмыс үстелін қашықтан қосу арқылы кеңес алды.
18. IAS Excel нысандарын жаңарту үшін Excel файлдарын қалыптастыруға жауапты пайдаланушылармен жұмыс жүргізілді (Өндірістік және мәдени мәселелер бөлімі, Ситуациялық басқару орталығы).
19. Learning Analytics зерттеуі (Аналитика бойынша тренинг) (Танымал LA құрылымдары мен қауымдастықтарының негізгі аспектілері мен артықшылықтарының сипаттамасы).
20. Learning Analytics зерттеуі (Аналитика бойынша тренинг) – деректерді талдау және өңдеу нәтижелері туралы есептері бар машиналық оқыту алгоритмдерін әзірлеу, машиналық оқыту алгоритмдерін әзірлеу және үлгілердің нәтижелері.
21. Есептерді алумен университеттің LMS жүйелерінің журнал деректеріне талдау жүргізілді:
22. Univer жүйесінің журнал деректерін талдау нәтижелері туралы есеп (өңдеу, статистикалық талдау, қорытындылар).
23. Moodle жүйесінің журнал деректерін талдау нәтижелері туралы есеп (өңдеу, статистикалық талдау, қорытындылар).

24. Оқушылардың үлгерімін бақылау және болжау алгоритмдері машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана отырып, оқудан шығару қаупі тобын ерте анықтау мақсатында әзірленді..

25. Интерактивті есептерді құру әдістемесі және ақпараттық панельдер мен интерактивті есептерді ресімдеуге қойылатын талаптар әзірленді..

26. Пайдаланушыларға есептермен жұмыс істеу және шешім қабылдау үшін өздерінің кең ауқымды талдауларын жүргізу үшін сценарийлерді талдау тәсілдері зерттелді..

27. Жалпы деректерден бастап, егжей-тегжейлі шолуға өту арқылы бірнеше есептердегі қызықты деректерді кезең-кезеңмен көруге мүмкіндік беретін 4 сценарийлік талдау әзірленді..

28. Сценарий талдауларының орындалу схемалары әзірленді:

- Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша студенттің үлгерімі;
- Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті контекстіндегі оқушылардың үлгерімі;
- Педагогикалық ұжымның ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- Факультет, кафедра, оқытушы жетістіктерін талдау.

2.6.2 АТ-инфрақұрылымын дамыту басқармасы

2.6.2.1 Аудио-бейнежүйелер және телефония бөлімі

Аудио-бейнежүйелер және телефония бөлімі келесі функцияларды орындайды:

- Бейнебақылау және қол жеткізуді басқару жүйелеріне техникалық қызмет көрсету
- Аудио және бейне жабдықтарға техникалық қызмет көрсету
- Жатақханаға және СҚО Кереметке сервистік қызмет көрсету
- Оргтехникаға техникалық қызмет көрсету
- Телефония жүйелеріне қызмет көрсету және жергілікті желіні орнату

Университеттің бейнебақылау және ҚБЖ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (күнделікті техникалық қызмет көрсету: бейнебақылау және ҚБЖ жүйелерінің жұмысын тексеру және жүйеде анықталған қателерді түзету. Ай сайынғы техникалық қызмет көрсету: бекіткіштердің дұрыс техникалық жағдайын, монтаждауды, бүтіндігін және әртүрлі құрылғылардың сенімділігін тексеру. қосқыштарды ауыстыру, Тоқсан сайынғы техникалық қызмет көрсету: линзалар линзалары мен камера корпустарын әртүрлі ластанулардан тазарту, олардың орналасуын тексеру және түзету, қажет болған жағдайда, барлық электрондық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін тексеру, сынау, тазалау және қажет болған жағдайда бейненің салқындату жүйесін жөндеу сервер, Жылдық техникалық қызмет көрсету: қуат көздерінен берілетін кернеу мәндерін өлшеу, жүйелік дискілер массивтерін қателерге сынау. Бейнебақылау жүйелеріне жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету кезінде жыл ішінде орын алған ақауларға және оларды жою бойынша жұмыс көлеміне талдау жасалады.)

- Емтихандарды өткізу уақытында дәрісханаларды және аудиторияларды бейнебақылаумен жабдықтау бойынша жедел жұмыстар жүргізілді.
- Кампус бойынша 132 бейнебақылау камералары орнатылды/ауыстырылды (8 сыртқы камера, 124 ішкі камера)
- Университет ғимараттарында 3 қуат көзі және турникет үшін 2 контроллер орнатылды/ауыстырылды.
- 8247 дана көлемінде оқуға және жұмысқа қабылданғандар үшін қол жеткізуді басқару жүйесіне қызметкерлер мен студенттердің дербестендірілген электрондық карталары жасалып, мәліметтер базасына енгізілді.
- Қолжетімділікті басқару жүйесі бойынша бакалавриат, магистратура, докторантураның 1 курсына оқитын студенттерге электронды рұқсат карталары шығарылды және берілді.
- 3123 дана жоғалған тіркелген рұқсат карталары қалпына келтірілді.
- Жыл ішінде күн сайын оқиғалар мен анықталған бұзушылықтарға талдау жүргізілді.
- Бейнебақылау және кіруді бақылау жүйелерін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аудио-бейне техникасына техникалық қызмет көрсету бойынша есепті кезеңде техникалық қолдау және қолдау көрсету бойынша келесі іс-шаралар жүргізілді:

- Университеттің үлкен дәрісханаларының проекторлары мен дыбыс жүйелері 30 бірлік көлемінде жөндеуден өтті.
- Конференциялар (халықаралық, ғылыми-практикалық және т.б.): 43 дана.

- Онлайн конференциялар: 92 дана.
- Ректорат отырысы: 27 дана.
- Жиналыс – 21

Жатақханаға сервистік қызмет көрсету және СҚО Керемет және т.б.

Оқу интернет орталығы таратылды: 128 компьютерлік техника университеттің жатақханасына және құрылымдық бөлімшелеріне берілді.

- БИК-те әкімшілік және техникалық қолдаудағы ақпараттық серверлердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, атап айтқанда:
- СҚО Керемет, спорт кешені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, гараж және жатақханалардағы компьютерлік сыныптарға техникалық қызмет көрсету: теледидарларды орнату, ақауларды жою, сұраныс бойынша жүйеге техникалық қызмет көрсету және профилактикалық қызмет көрсету, талдау ДК-нің болуы мен жай-күйі, арнайы қолдану арқылы пайдаланушы құпия сөздерін жою, бағдарламалар, желіні тексеру және конфигурациялау, IP мекенжайларын орнату, ДК орнатуды белсендіру. Өтініштер portal.kaznu.kz порталында тіркелген.

Есептеу техникасына сервистік қызмет көрсетуге өтінімдер – 543

Оргтехникаға техникалық қызмет көрсету бойынша есепті кезеңде келесі жұмыс түрлері орындалды:

- Ақауларды жою, конфигурациялау, тапсырыс бойынша жүйеге техникалық қызмет көрсету, профилактикалық қызмет көрсету, оргтехниканың бар-жоғын және жағдайын талдау: 120 жүйелік сұраныс және 125 қосалқы бөлшектерді орнату аяқталды.

Есепті кезеңде телефония жүйелеріне қызмет көрсету және жергілікті желіні орнату бойынша келесі жұмыс түрлері орындалды:

- Әрбір адамның заманауи және серпінді атмосферада мәдени өсуіне ықпал ету.

- Тәжірибені байыту және мүмкіндіктерді кеңейту.

Әл-Фараби кітапханасының ұстанымдары:

- Баршаға ақысыз қол жетімділік.

- Ашық ресурстар, ашық білім беру ресурстары.

- Білім алуда сенімді жол көрсеткіш болу.

- Кітапхана ғылыми және шығармашылық жұмыстарды кеңейтетін және насихаттайтын дәрістер, форумдар, дөңгелек үстелдерге арналған үй ретінде.

Әл-Фараби кітапханасының басым бағыттары:

- Біз жаңа кәсіби дағдыларды үйренуге арналған ресурстарды ұсынамыз.

- Біз студенттерге виртуалды және жеке оқуға арналған құралдар мен ресурстарды ұсынамыз.

- Біз электрондық коллекциялар мен ресурстарды үнемі кеңейтіп отырамыз.

- Біз виртуалды қызметтердің санын біртіндеп көбейтеміз.

- Біз технологияларды бәрінен бұрын мұқтаж адамдарға қол жетімді және пайдалы ету үшін жұмыс істейміз.

- Біз қол жетімділік пен оқытуды қамтамасыз ету үшін серіктестермен ынтымақтасамыз.

- Біз цифрлық технологияларды енгізуді іс-әрекет пен ақпарат беру арқылы кеңейтеміз.

- Біз жеке және халық денсаулығын қолдай отырып, болашақ кітапхана тұрғын жайларын жоспарлаймыз.

Кітапхана мұраты

Әл-Фараби кітапханасы – әр түрлі қоғамдастықты біріктіретін, ақпаратқа, қорға және инфрақұрылымға қол жетімділікті қамтамасыз ететін университеттің ажырамас классикалық және виртуалды құрылымы ретіндегі кітапхана.

КІТАПХАНАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Кітапхана әртүрлі функционалдық аймақтарға бөлінген біртұтас кеңістік болып саналады. Оқу-ақпараттық аймаққа әмбебап аудиториялар, коворкинг-залдар, тақырыптық бөлмелер, абонемент, электрондық және оқу залдары, сондай-ақ кітап сақтау қоймасы кіреді. Әр қабатта тарихи-мәдени құндылықтар мен білімді біртұтас кеңістікке біріктіретін ақпараттық-демалыс аймағы бар.

Кітапхананың әр қабатының жеке тұжырымдамасы бар, бұл кітапхананың өзіндік ерекшелігімен байланысты. Әл-Фараби кітапханасы білім қоймасы ғана емес, қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға ықпал ететін серпінді, коммуникативтік орта.

«**Әбу Насыр әл-Фараби**» деп аталатын бірінші қабаттың тұжырымдамасының негізіне адамзаттың Екінші ұстазы атанған Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің идеясы мен ілімі алынды. Мұнда ірі философ, энциклопедияшы ғалымның ғылыми мұрасын зерттейтін Әл-Фараби орталығы және оның өмірі мен шығармашылығына арналған Әл-Фараби музейі орналасқан. Сондай-ақ осы қабатта «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін ауданы 1658 м²-ден асатын абонемент, жинақтау және сервистік қолдау басқармасы орналасқан.

Біртұтас «**Қазақ елі**» тарихи-көркем кешеніне біріктірілген кітапхананың екінші, үшінші және төртінші қабаттары «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мемлекеттік бағдарламасын ашады.

«**Ұлы даланың жеті қыры**» экспозициясы орналасқан екінші қабаттың тұжырымдамасы кең байтақ өлкемізде жасалған, қазіргі Қазақстан жерінен табылған, кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралып, ата-бабамызда ең озық технологиялардың болғанын айғақтап, Ұлы Даланың жеті қырын бейнелейтін тарихи жәдігерлер қойылған.

Екінші қабаттың оқу-ақпараттық алаңына ауданы 1718,8 м² 800 орындық классикалық оқу залы, отандық және шетелдік журналдардың 224 атауы бар мерзімді басылымдар залы және кітапхана әкімшілігі кіреді. Сонымен қатар мұнда Біріккен Ұлттар Ұйымының «**Академиялық ықпал**» бағдарламасының Жаһандық хабының кеңсесі де ұсынылған. ҚазҰУ Жаһандық хаб ретінде халықаралық деңгейде осындай жоғары мәртебеге ие болған ТМД елдеріндегі бірінші және жалғыз университет болды. БҰҰ-ның 10 жаһандық хабының біріне айналған ҚазҰУ ғаламшар ресурстарын сақтауға, сапалы білім мен әл-ауқаттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, инновацияны дамытуға, экожүйелерді сақтауға және т.б. бағытталған адамзаттың тұрақты дамуының 17 мақсатын жүзеге асыруға әлемдік академиялық қоғамдастықты белсенді түрде тартып, жұмысты үйлестіреді.

«**Алаш мұрасы**» экспозициясы орналасқан үшінші қабат тұжырымдамасы ХХ ғасырдың басында еліміздің ұлттық тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің жарқын бейнелерін ашады, жаңа заманның рухани жаңғыруының бастауында тұрған олардың азаттық идеясы қазіргі жастарды шабыттандыруға бағытталған. Үшінші қабаттың оқу-ақпараттық аймағына жалпы ауданы 1000 м² құрайтын электрондық кітапхана залы кіреді. Зал 240 орынға есептелген, Интернетке, Wi-fi желісіне, халықаралық лицензияланған дерек қорлары мен электрондық кітапханалық жүйелеріне тегін кіру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ осы қабатта ақпараттық ресурстарды қағаздан цифрлық форматқа көшірумен, университеттің электрондық кітапханасын құрумен айналысатын Цифрландыру орталығы орналасқан. 2020 жылдан бастап баспа басылымдарын цифрландыруға тапсырыс беру бойынша онлайн-қызмет енгізілді. Сонымен қатар үшінші қабатта кітапхананың ғылыми-әдістемелік, консультативтік, ақпараттық және мәдени-көпшілік қызметін қамтамасыз ететін Даму және коммуникациялар орталығы орналасқан.

Үшінші қабатта сондай-ақ негізгі қордың арнаулы бөлімі болып саналатын және жұмыстық қорлар жүйесіне жататын, аумағы 127,1 м² Сирек және құнды басылымдар мен қолжазбалар залы орналасқан. Бүгінгі таңда сирек кітаптар мен қолжазбалардың жинақталу жиілігі ғылымның әртүрлі салалары бойынша XVII–XXI ғасырдың басына жатады. Осы қабатта ауданы 217,5 м² құрайтын Абай залы және 40 және 60 орындық коворкинг-залдар да бар. Абай Құнанбаевқа арналған экспозициялар ұсынатын тақырыптық зал ақынның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін көркем галерея болып саналады. Абай залы мен коворкинг-залдар заманауи аудио-бейне жабдығымен жарақтандырылған, мұнда студенттерге дәрістер, кездесулер, конференциялар және басқа да еркін форматтағы іс-шаралар өткізуге болады. Тұңғыш Президент залы. Интерактивті жарықдиодты панелімен, электрондық флип-чартпен, мультимедиялық платформамен жабдықталған заманауи зал Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған ел Тәуелсіздігінің қалыптасу және нығаю тарихы туралы материалдар жинақталған білім орталығы болып саналады.

«**Мәңгілік Ел**» композициясы төртінші қабаттың тұжырымдамасының негізі болып саналады. Композиция ата-бабалары ғасырлар бойы тәуелсіздік пен еркіндікті аңсаған, жарқын болашаққа ұмтылған халықтың бүгінгі ұрпақтарының азаттық сүйгіш рухын көрсетуді көздейді. Реалистік триптихтің үш бөлігін де біртұтас концепция біріктіреді. Суреттің алдында және ортасында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына зор үлес қосқан белгілі тарихи тұлғалар бейнеленген.

Сыйымдылығы 300, 80, 60 орындық конференц-залдар. Залдар заманауи техникалық құралдармен жабдықталған және мыналарды өткізулерге арналған:

конференциялар мен бейнеконференциялар;

брифингтер мен баспасөз конференциялары;
келіссөздер мен жиналыстар;
дөңгелек үстелдер мен презентациялар;
тренингтер мен семинарлар.

Аумағы 3363 м² кітап сақтау қоймасы кітапхананың периметрі бойынша бүкіл жертөлесін алып жатыр. Кітапхананың коммуникативтік-релаксациялық аймақта 75 орындық дәмхана, жүк сақтау камерасы, гардероб бөлмесі, адалдық дүкені (сатушысыз) орналасқан. Барлық қабаттарда бейресми кездесулер мен бос уақытты өткізуге өткізуге, демалуға арналған, Wi-Fi арқылы Интернетке еркін кіруге арналған кеңістік –ақпараттық-демалыс аймағы бар. Кітапхананың әкімшілік-өндірістік аймағында қызметтік бөлімдер, шаруашылық және әкімшілік, қосалқы және әкімшілік үй-жайлар орналасқан.

КІТАПХАНА ШТАТЫ

Кәсіби менеджмент жүйесін жаңарту кітапхананың ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымын қайта қарауды талап етеді, осыған байланысты Әл-Фараби атындағы кітапхана жұмысының сапасын жақсарту мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 29 маусымдағы №10 шешімі негізінде 2020 жылғы 20 шілдедегі №251 бұйрықпен құрылымға өзгертулер енгізілді (1-сурет. Кітапхана құрылымы).

Кітапхана қызметкерлерінің штаттық саны 79 шт. бірлікті құрайды. Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар, оның ішінде 1 – ғылым кандидаты, 1– PhD, 6 – магистр.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Әл-Фараби кітапханасының ұжымы университетте, кітапханада өткен шаралардың, кітап көрмелен ұйымдатырған, ақпараттық-техникалық қолдау көрсеткен, оқырмандардың қатысуымен мәдени-ағарту іс-шараларын да өткізуге ат салысқан мамандардың еңбегі жоғары бағаланды: , еліміздің мерейлі күнін лайықты атап өтуіне өз үлесін қосты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты онкүндіктің аясында өткен мәдени-рухани шараларға қатысып, белсенділік танытқан университет қызметкерлеріне арнайы марапаттар тағайындалған. Марапатқа ие болған кітапхана қызметкерлері:

- Кітапхана директорының орынбасары Аркенова Жадыра Айдынғалиқызы,
- Ақпараттық қызмет басқармасы басшысын Джаманкозева Ақмарал Амангелдіқызы,
- Кітапханалық технологиялар басқармасы басшысы Мукашев Жандос,
- Даму және коммуникация орталығы жетекшісі Жайлаубаев Абзал Рысбекұлы,
- Цифрлау орталығы жетекшісі Рүстемов Айдын,
- Бас кітапханашы-менеджер Аубакирова Фарида,
- Жүйелік администратор Әліп Ержан
- Кітапханашы-менеджер Асанова Айсулу.

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



35-сурет. Кітапхана құрылымы

КІТАПХАНАНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНУЫ

Кітапхана заманауи құрал-жабдықтармен және компьютерлік техникамен жарақтандырылған (1-кесте. Кітапхананың материалдық-техникалық жарақтануы).

89-кесте. Кітапхананың материалдық-техникалық жарақтануы

№	Атауы, сипаттамасы	Саны
1.	Компьютер -Моноблок HP EliteOne 800 G2 23in NT GPU AiO	13
2.	Дербес компьютер	438
3.	Ноутбук	3
4.	Куосера FS-1120 D лазерлік принтері, минутына 30 бет, А4, дуплексті	4
5.	КМ bizhub 20P принтері	3
6.	HP LASER Jet P2015 ПРИНТЕРІ	1
7.	HP 2015 принтері А4,1200*1200	1
8.	Ақ-қара лазерлік принтері. А4	2
9.	Canon PIXMA принтері	1
10.	Konica Minolta bizhub164 монохромды көпфункционалды құрылғысы	3

11.	Konica Minolta bizhub монохромды көпфункционалды интеграцияланған автономды басып шығару құрылғысы	4
12.	A3 форматындағы көпфункционалды құрылғы (көшірме, принтер, желілік басып шығару мүмкіндігі бар сканер)	1
13.	Көпфункционалды құрылғысы	4
14.	HP Scanjet G3010 Photo Scanner 4800x9600 сканері	1
15.	MustekScanExpress A3 USB 600x600 optical сканері	1
16.	HP L 2698A ScanJet G3110 (A4) сканері	5
17.	Басылымдарды цифрландыру бойынша оқырмандардың өзіндік жұмысына арналған "Элар Скан А2" сканерлеу станциясы	1
18.	Автоматты кітап сканері	1
19.	Штрих-код қоюға арналған сканер	20
20.	"Эрфид" бағдарламалық жасақтамасы (БЖ) бар "Nordic ID Sampo SI (USB)" көпфункционалды жұмыс станциясы	4
21.	RFID қолдауымен "ЭРФИД" мобильділігі аз топтарға қолжетімділігі бар оқырмандардың өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы	2
22.	«Impinj X Portal порталдық оқығыш» кітапхана қорының бүтінділігін қамтамасыз ету жүйесі	2
23.	Metrologic MS9500 Voyager штрих код сканерлері	10
24.	Түгендеу және сәйкестендіру БЖ-сы кіріктірілген автоматты түрде түгендеу жүргізуші «Nordic ID Medea/UHF RFID» мобильді құрылғысы	1
25.	Ақпараттық дүңгіршек	10
26.	LCD мониторы	8
27.	LCD 42 LG LK 430 теледидары	7
28.	Beng MX525 мультимедиялық проекторы	2
29.	Epson EB-X72, LCD 3P-Si проекторы	1
30.	Optoma DX300 DLP проекторы	2

КІТАПХАНА ҚОРЫ

2021 ж. 31-желтоқсандағы мәлімет бойынша бірыңғай ақпараттық-кітапханалық қор 2 294 989 дана басылымды құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 586 530 дана, орыс тілінде – 1 575 665 дана, шет тілінде – 132 794 дана (2-кесте. *Әл-Фараби кітапханасының жалпы қоры, 3-4-кестелер. Факультеттер бойынша кітапхана қоры*). Қор құрамында қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс, латын, араб, қытай және т.б. тілдерінде басылымдар бар.

Оқу әдебиетінің қоры 1 206 401 дананы құрайды, бұл қордың жалпы көлемінің 52,57% құрайды.

Ғылыми әдебиет қоры 531 111 дананы құрайды, бұл қордың жалпы көлемінің 23,14% құрайды.

Көркем әдебиет қоры – 219 383 дана, бұл қордың жалпы көлемінен 9,56% құрайды.

Қорды толықтырудың негізгі жолдары:

жыл сайынғы жоспарланған материалдық тасымалдағыштардағы жаңа құжаттарды алу (сатып алу); мерзімді басылымдарға жазылу;

қайырымдылық ретінде сыйға берілген кітаптар (жеке тұлғалардан,

авторлардан, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан, мемлекеттік бағдарламалар бойынша, әртүрлі фирмалардан, баспалардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, қайырымдылық және басқа ұйымдардан өтеусіз түсімдер);

«Қазақ университеті» баспасынан құжаттардың міндетті данасын алу.

90-кесте. Кітапхананың жалпы қоры

Қордың атауы	Оның ішінде тілдер бойынша						Қордың жалпы саны	Жалпы қордан үлесі, %
	Қазақ тілінде	Қордың қазақ тіліндегі үлесі, %	Орыс тілінде	Қордың орыс тіліндегі үлесі, %	Шеттілдерінде	Қордың шет тіліндегі үлесі, %		

Оқу әдебиеті	385 765	65,77%	712 769	45,24%	107 867	81,23%	1 206 401	52,57%
Ғылыми әдебиет	128 776	21,96%	381 976	24,24%	20 359	15,33%	531 111	23,14%
Көркем әдебиет	32 753	5,58%	184 298	11,70%	2 332	1,76%	219 383	9,56%
Диссертациялар	1 628	0,28%	6 544	0,42%	77	0,06%	8 249	0,36%
Авторефераттар	2 575	0,44%	9 839	0,62%	45	0,03%	12 459	0,54%
Мерзімді басылымдар	35 033	5,97%	280 239	17,79%	2 114	1,59%	317 386	13,83%
ҚОРЫТЫНДЫ	586 530		575 665		132 794		2 294 989	100,00%

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕСЕБІ

91-кесте. Кітапхана қоры жаратылыстану ғылымдар бойынша												
№ п/п	Факултеттер /Қор	Мех.-математ. фак-ті	Физика-техн..	Биология ж/е биотех. фак-ті	География ж/е табиғатты пайдану фак-ті	Химия ж/е хим.техн фак-ті	Экон. ж/е бизнес жоғары мектебі	Халық қат. фак-ті	Заң фак-ті	Шығыстан у фак-ті	Филос. ж/е саясаттану фак-ті	
1.	Оқу әдебиеті	51 482	89 981	126 992	46 449	105 213	120 735	96 789	76 393	14 097	106 903	835 034
2.	қазақ тілінде	18 993	22 101	49 064	16 529	32 236	32 465	19 292	37 553	6 147	43 881	278 261
3.	орыс тілінде	31 755	66 038	70 598	29 625	67 021	79 657	72 939	33 946	6 888	53 231	511 698
4.	шет тілдерінде	734	1 842	7 330	295	5 956	8 613	4 558	4 894	1 062	9 791	45 075
5.	Ғылыми әдебиет	27 144	37 853	45 549	33 437	45 726	44 802	57 019	4 095	8 647	23 686	32 333
6.	қазақ тілінде	1 663	2 051	16 534	2 177	10 221	6 786	10 152	6 743	1 348	18 498	76 173
7.	орыс тілінде	24 762	34 690	27 811	30 924	33 815	36 072	45 521	34 980	5 406	3 074	277 055
8.	шет тілдерінде	719	1 112	1 204	336	1 690	1 944	1 346	1 372	1 893	2 114	13 730
9.	Көркем әдебиет	0	0	0	0	0	0	0	0	2 071	0	2 071
10.	қазақ тілінде	0	0	0	0	0	0	0	0	36	0	36
11.	орыс тілінде	0	0	0	0	0	0	0	0	1 765	0	1 765
12.	шет тілдерінде	0	0	0	0	0	0	0	0	270	0	270
13.	Диссертациялар	458	1 034	406	220	1 152	755	182	651	26	990	5 874
14.	қазақ тілінде	22	22	30	25	74	61	51	157	20	241	703
15.	орыс тілінде	423	993	369	191	1 061	688	131	492	5	747	5 100
16.	шет тілдерінде	13	19	7	4	17	6	0	2	1	2	71
17.	Авторефераттар	430	1 011	736	404	949	1 862	367	1 500	2	2 362	9 623
18.	қазақ тілінде	23	31	59	33	67	241	58	231	1	713	1 457
19.	орыс тілінде	407	978	675	371	881	1 620	307	1 247	1	1 647	8 134
20.	шет тілдерінде	0	2	2	0	1	1	2	22	0	2	32
21.	Мерзімді басылымдар	25 182	27 011	20 744	23 332	26 490	27 202	17 664	23 064	10 484	25 848	227 021
22.	қазақ тілінде	975	399	874	711	535	442	264	4 382	119	5 691	14 392
23.	орыс тілінде	24 172	26 607	19 834	22 555	25 656	26 463	16 993	18 620	10 293	19 840	211 033
24.	шет тілдерінде	35	5	36	66	299	297	407	62	72	317	1596
ЖАЛПЫ ҚОР		104696	156890	194427	103842	179530	195356	172021	144703	35327	159789	1 446 581

92-кесте. Кітапхана қоры әлеуметтік ғылымдар бойынша

№ п/п	Факультеттер/Фонд	Тарих фак-ті	Филология фак-ті	Журналистика фак-ті	Медицина және денсаулық сақтау фак-ті	Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті	Ақпараттық технологиялар фак-ті	Қорытынды (данасы)
1.	Оқу Әдебиеті	94 109	120 098	72 960	21 211	37 828	25 161	371 367
2.	қазақ тілінде	32 673	21 619	17 190	10 880	15 316	9 826	107 504
3.	орыс тілінде	57 971	43 686	53 241	9 679	22 318	14 176	201 071
4.	шет тілдерінде	3 465	54 793	2 529	652	194	1 159	62 792
5.	Ғылыми Әдебиет	53 242	46 396	42 799	9 943	1 730	10 043	164 153
6.	қазақ тілінде	13 114	29 437	7 666	1 134	834	418	52 603
7.	орыс тілінде	38 631	14 817	33 102	8 403	890	9 078	104 921
8.	шет тілдерінде	1 497	2 142	2 031	406	6	547	6 629
9.	Көркем Әдебиет	0	217 312	0	0	0	0	217 312
10.	қазақ тілінде	0	32 717	0	0	0	0	32 717
11.	орыс тілінде	0	182 533	0	0	0	0	182 533
12.	шет тілдерінде	0	2 062	0	0	0	0	2 062
13.	Диссертациялар	948	1 257	97	20	0	53	2 375
14.	қазақ тілінде	239	605	60	3	0	18	925
15.	орыс тілінде	708	650	37	17	0	32	1 444
16.	шет тілдерінде	1	2	0	0	0	3	6
17.	Авторефераттар	726	1 884	92	69	6	59	2 836
18.	қазақ тілінде	232	822	50	14	0	0	1 118
19.	орыс тілінде	494	1 050	42	55	6	58	161
20.	шет тілдерінде	0	12	0	0	0	1	13
21.	Мерзімді Басылымдар	28 308	40 069	15 020	6 638	153	177	90 365
22.	қазақ тілінде	1 016	19 080	105	331	57	21	20 610
23.	орыс тілінде	27 235	20 533	14 915	6 307	96	156	69 242
24.	шет тілдерінде	57	456	0	0	0	0	513
ЖАЛПЫ ҚОР		177 333	427 016	130 968	37 881	39 717	35 493	848 408

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА

Ақпарат пен білім дамуды айқындаушы экономикалық фактор, сондай-ақ маңызды ұлттық ресурс (белгілі мағынада жер қойнауы, су, орман және т.б. сияқты) болып табылады және едәуір дәрежеде мемлекеттің әл-ауқатын анықтайды.

Қазіргі уақытта электрондық форма ақпаратты барынша сенімді және жинақы сақтауға, оны әлдеқайда жедел және кең таратуға мүмкіндік береді, сондай-ақ өзге формаларға трансформациялау мүмкіндігін береді. Сақтаудың дәстүрлі формасынан электрондық формаға көшу жаппай таралуда. Мұның бәрі кітапхананың қызмет етуінде көрініс тапты.

Әл-Фараби кітапханасы электрондық деректер қоры мен өзі жасақтаған дербес ресурстарының толықмәтінді базасын құрды (5-кесте. Электрондық кітапхана).

93-кесте. Электрондық кітапхана

№ р/р	Қазіргі уақытта қолжетімді дерекқорлар (ДК):	Жазбаалар (данасы)	
1.	Мақалалар картотекасы	294560	
2.	Авторефераттар ДК	11124	
3.	Диссертациялар ДК	8053	
4.	Сирек қор ДК	11317	
5.	Мерзімді басылымдар ДК	22684	
6.	Кітап қоры	181642	
7.	Оқырмандар ДК	26218	
	БАРЛЫҒЫ	555598	
Толықмәтінді дерекқорлар (ТДК)			
№ р/р	Қазіргі уақытта ТДК электрондық кітапханасы келесі бөлімдерден тұрады:	жазбалар	Бет
1.	Кітаптар	9740	3031832
2.	Заң әдебиеті	387	66296
3.	Сирек қор	20	5720
4.	Диссертациялар	10	2064
5.	Авторефераттар	5337	163618
6.	Әл-Фараби еңбектері	191	124316
7.	Абай еңбектері	298	52254
8.	«Елбасы жолы»	162	45630
9.	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	112	12054
	БАРЛЫҒЫ	16257	3503784

Әл-Фараби кітапханасының өзі жасақтаған дербес дерекқорына білімнің барлық салалары бойынша оқулықтардың, диссертациялар тезистерінің, әл-Фараби еңбектері мен Абай шығармаларының және «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ тіліндегі әлемдік оқулықтардың толық мәтіндері кіреді. С 2021 бері «Елбасы жолы», «Сирек қор», «Заң әдебиеті» цифрлық кітапханасы кіріктірілген [Сілтемесі: <http://elib.kaznu.kz>].

Әл-Фараби кітапханасы отандық және халықаралық дерек қорлары мен кітапханалық жүйелерге қолжетімділік пен ақпараттық қолдау көрсетеді, 2021 жылы 10 жазылымдық дерек қорға жазылды: Oxford Scholarship online (OUP) [oxfordscholarship.com], Oxford [academic.oup.com], Oxford medicine online [oxfordmedicine.com], Wiley Online Library платформасы [www.onlinelibrary.wiley.com], Polpred.com [www.polpred.com], «IPRbooks» [iprbookshop.ru], «ЭОР-РКИ» [ros-edu.ru], ЭБС «Лань» [e.lanbook.com], «Эпиграф» [res.epigraph.kz], «Newbook» [mbook.kz].

2021 жылы Әл-Фараби кітапханасының толық мәтінді дерекқорына қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті, Білім министрі, Білім және ғылым

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЕСЕБІ**

саласының мемлекеттік қызметшілері, мемлекет қайраткерлері үшін арнайы логидер тіркелді - барлығы 50 akkaунт.

Сонымен қатар Әл-Фараби кітапханасы 15 жоғары оқу орнының ғылыми кітапханаларымен ынтымақтастық (кітапханааралық абонемент) туралы келісім-шартқа отырған (6-кесте. *Ынтымақтастық туралы келісім-шарттар мен келісімдер*).

94-кесте. Ынтымақтастық туралы келісім-шарттар мен келісімдер

№	Ұйым	Шартқа қол қойылған күн	Шарттың аяқталу күні	Мекен-жайы
1.	«Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті»	01.11.2021	31.12.2024	Алматы, Жандосов көшесі, 59 тел.: 8727330-59-15
2.	«ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы» ММ	31.05.2021	31.12.2024	ҚР,050023, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау ы/ауданы, Е. Рахмадиев көшесі, 8 тел.:8(727)2679688
3.	«Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" АҚ	17.03.2021	31.12.2024	160019, Шымкент қ., әл-Фараби д-лы, 1, тел.: 8(7252) 40-82-10, ішкі 1033
4.	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	13.06.2019	31.12.2022	«Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ» АҚ Алматы, Мұратбаев көшесі, 200, тел.:8727292-0800
5.	М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы	20.05.2019	31.12.2022	М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 97, тел.: 8(727)292-50-84. e-mail info@kazatk.kz
6.	«Халықаралық білім беру корпорациясы» АҚ	12.09.2019	31.12.2022	"Халықаралық білім беру корпорациясы" АҚ 050043 Алматы, Рысқұлбеков к-сі, 28 Тел.8(727)2208104, ішкі.1123
7.	«Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ	03.03.2019	31.12.2022	"Алматы энергетика және байланыс университеті" КеАҚ 050013, Алматы, Байтұрсынұлы к-сі,126/1, тел.: 8(727)2925740, 2920457
8.	«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ	30.01.2019	31.12.2022	«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ, Алматы, Манас к-сі, 34/1 тел.: 8(727)330 85 69, ішкі 2022,2062
9.	«І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК	04.01.2019	31.12.2022	040009 Талдықорған, Жансүгіров к-сі ,187А. Тел.:(8-7282) 22-00-20
10.	Республикалық жоғары оқу орындарыаралық электрондық кітапхана (РМЭБ)	Шексіз		150013. Алматы, Сәтбаев к-сі, 16-18, 18а, 714 кеңсе
11.	«Жоғары оқу орындары кітапханаларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі	Шексіз		080000. Тараз, Әйтеке би көшесі, 66. Тел. 8(7262) 45-74-33
12.	«КИМЭП университеті» КеАҚ	Шексіз		"КИМЭП университеті" КеАҚ 050010, Алматы

КІТАПХАНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Әл-Фараби кітапханасы жаңа технологияларды белсенді игеруде:

2021 ж. RFID технологиясына негізделген автоматтандыру жүйесі жаңартылды, нәтижесінде «ИРБИС 64» автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесінің (АКАЖ) +128 нұсқасына интеграциялануы жүзеге асырылды.

Аудио- және бейнефайлдар жүйесін кітапхана жасақтаған дербес дерекқорына енгізуге мүмкіндік беретін қосымша модульдер енгізілді.

Сайттың функциялары, дизайны және қауіпсіздік жүйесі жетілдірілді.

Кітапхана жұмысы туралы пайдаланушылардың «Пікірлері мен ұсыныстары» беті [elibrary.kaznu.kz/ru/comment] әзірленді.

Сайттың мобильді нұсқасы жасалып болды.

Интернет-боттардан беттерді қорғау үшін сайттағы барлық пішіндер үшін reCaptcha қосылды.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау мақсатында кітапхана бөлімшелері үшін «Пікірлер» жүйесін әзірленді.

Кітапхана сайтында «Медиакітапхана» құрылды.

«Залдар галереясы» беті әзірленді.

Университет қызметкерлері мен білім алушыларына арналған университеттің бірыңғай сәйкестендіру куәлігі (ID-карта) оқырман билеті ретінде сәтті біріктірілді.

Кету парағын толтырудың онлайн-жүйесі кітапханалық жүйеге сәтті біріктірілді.

Алынған құжаттар, оларды қайтару мерзімі сияқты барлық өзекті ақпаратты көрсететін оқырмандардың бірыңғай электрондық базасы бар.

RFID технологиясы негізінде жұмыс істейтін оқу залында орнатылған өзіне-өзі қызмет көрсету станциялары оқырмандарға таңдаған әдебиеттерін өз бетінше тіркеуге және реттеуге мүмкіндік береді.

RFID қауіпсіздік қақпасы кітап ұрлаудың алдын алуға, кітапхана қорының қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етуге арналған. Қақпа электронды белгілермен жабдықталған кітаптарды рұқсатсыз алып шыққан кезде дыбыстық және жарық сигналдарын беру арқылы жұмыс істейді.

Көшіргіш аппараттары және «ЭЛАРСКАН А2-300» планетарлық сканері орнатылды, оның көмегімен кітапхана пайдаланушылары таңдаған әдебиеттерінің қажетті беттерін ақысыз сканерлеп, электронды пошталарына немесе USB флэш-дискісіне жібере алады.

«Электрондық стеллаж» деген жаңа автономдық жүйе қосылған, оның көмегімен пайдаланушылар мамандықтар бойынша көп сұранысқа ие оқу әдебиетін QR-кодты мобильді сканер арқылы жүктей алады.

Коммуникативтік-ақпараттық аймақтар QR-кодтарды сканерлеу арқылы толықмәтінді кітапханаға кіру мүмкіндігі бар платформалармен жабдықталған.

Келесі қызметтер ұсынылады: әдебиеттерге дәстүрлі қағаз түрінде және электрондық форматта онлайн-тапсырыс беру, онлайн-анықтамалар беру, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының мақалаларына ЭОК (УДК) индексін беру, құжаттарды электрондық түрде жеткізу, кітапханааралық абонемент.

Кітапхана жүйесіне ақпараттық ресурстарды кіріктіру, жіксіз авторизациялау жүзеге асырылды.

Пайдаланушының электрондық поштасына тапсырыс берілген әдебиеттерді алу/қайтару туралы хабарламалар жіберіліп тұрады.

Әл-Фараби кітапханасының сайты (<http://elibrary.kaznu.kz/ru>) үнемі жаңартылып және өзекті ақпаратпен толықтырылып отырады. Сайтта қосымша төмендегідей айдарлар пайда болды:

Кітапхананың залдарымен және басқа да коммуникациялық аймақтарымен танысуға мүмкіндік беретін «Залдар галереясы» айдары.

Пайдаланушыларды кітапханада ұйымдастырылатын көрмелер, конференциялар және басқа да іс-шаралармен таныстыратын «Жобалар мен іс-шаралар» айдары.

«Бюллетендер мен хабаршылар» бөлімі рецензияланатын журналдарға қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес рәсімделген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршыларының мұрағаттарымен толықтырылды.

Онлайн-тапсырыс беру Интернетке кіру мүмкіндігі бар кез келген жерден оқырманға қажет әдебиеттеріне тапсырыс жасауына мүмкіндік береді.

Кітапханада бар танымал басылымдармен танысуға мүмкіндік беретін «Қызықты кітаптар» айдары пайда болды.

Виртуалдық көрмелер орналастырылды.

Деректер базалары жаңартылды және толықтырылды.

Тегін Интернет-ресурстар бар.

«Ресурстар» бағанында серіктестердің басылымдарына, жаңа материалдар мен айдарларға қол жеткізуге болады.

«Оқырмандарға», «Оқытушыларға», «Кітапханашыларға» айдарларындағы ақпарат жаңартылды.

АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ақпараттық қызметтер басқармасының негізгі міндеті – кітапхана пайдаланушыларына ақпараттық қызмет көрсету, оқырман үшін оның рухани дамуы, ұлттық және әлемдік мәдени-тарихи мұрамен танысу, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқытушылар мен студенттердің инновациялық қызметі үшін еркін ақпараттық кеңістік құру.

Оқырмандарды абонементтерде тіркеу университеттік ID-карта бойынша жүргізіледі, әр оқырманға электрондық формуляр толтырылады. Пайдаланушы кітаптарды алғаннан кейін оның электрондық поштасына берілген әдебиеттер туралы хабарлама жіберіледі. Оқу залдарының қорларына ашық қолжетімділік қамтамасыз етілген, оқырмандар үшін өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі енгізілді, яғни кітапты оқу залынан өзіне-өзі қызмет көрсету станциясының көмегімен алуға немесе қайтаруға болады. Кітапхананың кіреберісінде орнатылған қауіпсіздік қақпалары құжаттарды (кітаптарды) рұқсатсыз алып кету әрекеттері болса, дабыл қағады.

Әл-Фараби кітапханасы ашық кітапхана болып жарияланған: басқа университеттердің студенттеріне оқу залдарында өз оқырман билеттері бойынша ақысыз қызмет көрсетіледі, кітап қоймасына да кіруге мүмкіндігі бар.

Библиографиялық жұмыс үнемі жүргізіледі.

Кітапханалық қызмет көрсету (кітапханалық қызмет) оқырмандардың сұраныстарына байланысты, кітапханада бар ресурстардан құжаттарды, анықтамаларды беру түрінде, құжаттарды онлайн режимінде жеткізу, кітапханааралық абонемент арқылы жеткізу түрінде көрсетілуі мүмкін.

Төменде оқырмандарға қызмет көрсету бойынша мәліметтер келтірілген (7-кесте. *Оқырмандарға қызмет көрсету*).

95-кесте. Оқырмандарға қызмет көрсету

Кітапхананың нақты оқырманы	17094
<i>Кітапханаға жаңа оқырмандарды жазу</i>	2719
Студенттер	2155
Докторанттар	42
Магистранттар	251
Профессорлық-оқытушылық құрам	67
Қызметкерлер	52
Колледж студенттері	26
Оқушылар	126
Басқа оқу орындарынан тіркелген оқырман саны	566
Магистранттар	9
Студенттер	455
Докторанттар	12
Колледж студенттері	2
Оқушылар	20
Профессорлық-оқытушылық құрам	64
Қызметкерлер	4
Кету парағы бойынша кітапханадан тіркеуден шыққан оқырман саны	6036
Кітапханаға келіп-кету саны	53446
Абонементтер	14341
Оқу залдары (<i>мерзімді баспасөз залы, т.б.</i>)	27876
Электрондық кітапхана	11229
Көпшілік іс-шараларға келу	16 919
Кітапханалық вебинарлар	1985

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЕСЕБІ

Студенттерге арналған семинарлар мен тренингтер	2640
Оқытушыларға, PhD және докторанттарға арналған семинарлар мен тренингтер	698
Қызметкерлерге арналған семинарлар мен тренингтер	78
Көрмелер	7890
Экскурсиялар	3628
Виртуалды түрде кіру (кітапхана сайтына) саны	289439
Электрондық каталогқа	56000
Кітапханалық-ақпараттық қызметтер алу үшін	231270
Онлайн-анықтама	70
Кітапты цифрландыруға онлайн-өтінім	2043
Кітапты цифрландыруға қағаз түріндегі өтінім	56
Әлеуметтік желілерге кіру саны	34653
Instagram	10215
Facebook	1074
Youtube	23364
Кітапхана қорларынан берілген құжат саны	114 183
Абонементтерде	49 952
Оқу залдарынан (<i>мерзімді баспасөз залы, т.б.</i>)	64 213
МБА (<i>Кітапханааралық абонемент</i>)	18

Ескертпе: Шығып кеткендерді ескере отырып, оқырмандардың кітапханаға барлық бөлімшелерден жазылуы.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Әл-Фараби кітапханасы оқу үдерісін қамтамасыз ететін бөлімше ғана емес, сонымен қатар университетте өткізілетін іс-шаралардың қатысушысы және ұйымдастырушысы.

Әл-Фараби атындағы кітапхана тұрақты негізде пайдаланушылардың, студенттердің және педагогикалық ұжымның ақпараттық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады, серіктестермен бірлесіп, жарияланым этикасын жақсарту мақсатындағы вебинарлар, поэзия кештері, кітапханалық шолулар, кино кештері және басқа да іс-шаралар өткізіледі.

Кітапхана – университет ішінде де, жергілікті және аймақтық деңгейде де коммуникациялық байланыстардың белсенді қатысушысы. Жетекші халықаралық ғылыми ресурстарға, білім беру платформаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша сұраныстармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде, профессорлық-оқытушылық құрамға, студенттерге және кітапхананың басқа пайдаланушыларына консультативтік көмек көрсетіледі (8-кесте. *Кітапхана ұйымдастырған іс-шаралар*).

96-кесте. Кітапхана ұйымдастырған іс-шаралар

Іс-шаралар түрі	Іс-шаралар саны	Қатысушылардың тіркелуі
Қызметкерлерге арналған семинарлар мен тренингтер	45	175
Колледжа студенттеріне арналған семинарлар	7	59
Басқа оқу орындарының білім алушыларына арналған семинарлар	11	113
Бакалавриат студенттеріне арналған семинарлар	29	917
Оқытушыларға, PhD және магистранттарға арналған семинарлар мен тренингтер	41	619
Вебинары первокурсникам	27	1500
Кітапханалық вебинарлар	54	919
Онлайн-дебаттар	4	61

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЕСЕБІ**

«Медиа- және ақпараттық сауаттылық» атты онлайн-конкурс	2	79
Экскурсиялар	151	2741
Онлайн-көрмелер	48	412
Көрмелер	66	6081
Итого	485	13676
Жобаларға қатысу		
Жоба аты	Серіктестер саны	Қатысушылар саны
Цифрлық ресурстар апталығы	12	395
ЮНЕСКО-мен бірлесіп «Медиа- және ақпараттық сауаттылық»	7	456
Қорытындысы	19	1702
Scopus	7	419
Elsevier	3	78
Springer	3	215
Wiley	6	109
IPR Media	12	98
«Орыс тілі шетел тілі ретінде»	2	26
«Эпиграф»	17	209
IEEE	9	156
Taylor and Francis	3	141
Znanium.com	12	197
Қорытындысы	74	1229

Даму және коммуникациялар орталығы Әл-Фараби атындағы кітапхананың ақпараттық кеңістікте болуын қамтамасыз етеді және пайдаланушыларды кітапхана сайты, әлеуметтік желілер және басқа да медиаплатформалар арқылы хабардар етіп отырады. 2021 жылы медиаресурстар арқылы 34 653 қолданушы қамтылды, олардың ішінде ең көп саны кітапхананың Youtube арнасында – 23 364 қаралым, Instagram-да – 10 215 қолданушы және Facebook желісінде 1 074 адам қамтылған.

2021 жыл медиаресурстардың ақпарат тарату құралы ретіндегі маңыздылығын және пайдаланушылардың көп бөлігін қамтудың маңыздылығын көрсетті, болашақта кітапхананың медиакеңістікте болуы артады, онлайн-конкурстар, тренингтер және тікелей эфирлер кітапхананың қызметінде маңызды кезеңге айналады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кітапханалар кампус қауымдастығын және жалпы жұртшылықты жаңалықтар ашуға және өзін-өзі дамытуға қажет біліммен байланыстырып, университеттердің қызметінде маңызды рөл атқарады.

2021 жылы қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді, бірақ кітапхана саласының ерекшелігі – технологиялар дамыған сайын және ақпаратты таратудың инновациялық әдістері пайда болған сайын барлық мүмкіндіктерді одан әрі ашу өзектілігі әрі сұранысқа ие болуы артады.

Кітапхана университеттің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамытуға және әзірлемелерді коммерцияландыруға арналған сапалы білім алу, оқыту және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатын жүзеге асыруға бағытталған. Университеттің стратегиялық мақсаты кітапхана қызметінің басымды бағыты ғана емес, сонымен қатар кітапханалық технологиялар мен қызметтерді дамытудың негізі болып саналады.

Осыған байланысты кітапхана өз әлеуетін іске асыру үшін 6 нақты қадамды белгілейді:

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мәдениеті мен идеяларын насихаттау және баршаның жоғары білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- электрондық журналдар, дерек қорлар арқылы ғылыми деректерге интуитивтік қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы зерттеушілердің жарияланымдық белсенділігі саласындағы университеттің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру;

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕСЕБІ

• университеттің мақсаттары мен әрбір адамның ақпараттық қажеттіліктерін қолдайтын инновациялық және жан-жақты жинақтарды, бағдарламаларды, қызметтер мен технологияларды ұсыну;

• жетекші кітапхана ретінде қалалық, ведомствоаралық, аймақтық және республикалық ауқымдағы жетекші орын алу және оны сақтап қалу;

• өз деңгейінде оқу, тәжірибелік оқыту, инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін кеңейту;

• цифрландыруды және сирек басылымдарды, қолжазбаларды, картографиялық деректерді және басқа да мұрағаттық құжаттарды цифрландырып, оларға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Бұл қадамдардан пайдаланушы сұраныстарының өсуімен бірге Әл-Фараби кітапханасының жауап беруі тиіс міндеттері мен алдына қойылатын талаптары да өзгеріп, түзетіліп, жаңарып жатқанын көреміз.

Сонымен, ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың электрондық форматтың қарқынды дамуына қарамастан, дүние жүзіндегі кітапханалар білім мен мәдениеттің орталығы, жаңа және тың идеялардың ордасы болып саналатыны туралы, дәстүрлі кітапхананың тәрбиелік рөлі ешқашан өзінің маңызын жоймайтындығы туралы сөзіне сүйене отырып, біздің кітапхана дәстүрлі форматта да, цифрлық әлемде де кітапхана ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге әрқашан ұмтылады.

3.2 «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» БАСПА ҮЙІ

2021/22 оқу жылының басты оқиғаларының бірі – еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту болды. Осы іс-шара аясында университетте мерекелік шаралар, кездесулер, конференциялар, көрмелер және т.б. «Қазақ университеті» баспасы да түрлі шараларға белсене қатысты. Фото және кітап көрмелері ұйымдастырылып, кітап өнімдері шығарылды, декорациялар, кәдесыйлар жасалды, көрме және мәжіліс залдары безендірілді.

2021/22 оқу жылында баспа 10-нан астам көрмеге қатысты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті баспа үйінен жарық көрген өнімдер XVI-халықаралық Анкара кітап көрмесінде жұртшылық назарына ұсынылды Түркияның 300-ден астам ірі баспа үйі, баспаханалар мен жарнама агенттіктері бас қосқан жәрмеңкеге биыл Қазақстан «қонақ мемлекет» мәртебесінде шақырылған. Ал «Қазақ университеті» баспа үйі ауқымды жобала алғаш рет өз өнімдерін таныстыруға мүмкіндік алды.



36-сурет. Университет кітаптары Анкара көрмесіне қойылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұсынған топтамалар қатарында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының дипломатиясы», «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты», әл-Фараби еңбектері, Абайтану, Сүйінбайтану сериялары, Жамбыл Жабаевтың 2 томдық шығармалар жинағы және университет оқытушыларының ғылыми еңбектері бар.



37-сурет. Анкарадағы кітап көрмесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері, оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Отырыс аясында Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының фойесінде «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» атты фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды.





38,39,40-суреттер. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» фото және кітап көрмесі

2022 жылғы 26 мамырда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан астанасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ашылу салтанатына қатысты. Осы іс-шара аясында кітап көрмесі ұйымдастырылып, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының еңбектері ұсынылды.



41-сурет. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Бішкектегі филиалының ашылуы



42-сурет. Баспа қызметкерлері безендірген Бішкек қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалының аудиториясы



43-сурет. Оқулықтар

Баспа Абай институтымен бірлесіп көптомдық басылымдарды шығарды:



44-сурет. Көптомдық басылымдар

Еліміздің белгілі тұлғалары туралы кітаптар жарық көрді:





45,46-суреттер. Еліміздің белгілі тұлғалары туралы кітаптар

Халықаралық ынтымақтастық аясында жарық көрген кітаптар:



47-сурет. Халықаралық жобалар

2021-2022 жылғы өндірістік өнімнің нәтижесі: жалпы өндірістік көрсеткіш 575 657 033,37 тг құрады (өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға төмендеді). Оның 276 634 734,07 тг сырттан келіп түскен тапсырыстар (өткен жылмен салыстырғанда 7 %-ға төмендеді).


97-кесте. 2017-2022 жылдардағы өндірістік өнімнің көрсеткіші

Атауы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	%
Кітап сатылымы және авторлар есебінен түскен қаржы (тг)	191 386 409	210 457 087	200 243 614	296 028 810	276 364 734,07	-7 %
Жалпы өндірістік өнім	465 082 618	546 786 188	524 147 867	619 131 330	575 657 033,37	-7 %

ҚР мемлекеттік сатып алу порталы бойынша 37 031 789,72 теңгеге 61 келісімшартқа қол қойылды. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 25 %-ға өскен.

Білім және ғылым министрлігінен бөлінген грант бойынша 163 960 048,47 теңгеге кітап шығарылды. Бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда 266 %-ға өскен.

Өндірістік өнім сегментация келесідей болып бөлінеді:



48-сурет. Өндірістік өнім сегментациясы

2021-2022 оқу жылында 2410 өнім дайындалды, оның 872-і – кітап атауы.

98-кесте. 2021-2022 оқу жылы «Қазақ университеті» баспа үйі шығарған өнім түрлері

Өнім атауы	Саны
Оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралы	240
Монография	331
Конференция материалдары, жинақтар	135
ҚазҰУ хабаршысы	105
Мерзімді басылымдар	91
«Ғибратты ғұмыр өмір» сериялық басылымы	5
«Аманат» сериялық басылымы	2
Авторлар есебінен шыққан кітаптар	301
Библиографиялық көрсеткіштер	7
Ақпараттық-бланкілік өнімдер	1193
Барлығы:	2410

99-кесте. «Қазақ университеті» баспа үйі жасаған өзге де жұмыстар

Жұмыс атауы	Саны
Дизайнерлік модульдер	26 000
Күнтізбе және күнделіктердің жаңа дизайны	34
Кабинет, аудиторияны безендіру	9 аудитория+2 кіреберіс+7 фотокөрме
Көлемді әріптер, маңдайшалар, лайтбокстар	1079
Баннер	8900 шаршы метр
МАФ және безендіру	648 объект
Тақтайшалар	6617
Кәдесый өнімдері	1495
Паучоктар	443
Ролл-ап	295
Стенд	1037
Жарнамалық тақтайшалар	117
Автомобильдер мен автобустарды безендіру	94
Декорация	29

Тампобасу	261
Автомобильдерді безендіру	26 000



49-сурет. 2022 жылдық жаңа күнтізбелері мен күнделіктері

2021/22 оқу жылы «Қазақ университеті» баспа үйі үшін жетістіктерге толы болды, ұжым алдында алға қойылған мақсаттар орындалды.

3.3 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

1. Қысқаша түсініктеме

Қазақстан республикасының жоғары оқу орындары оқытушыларының Біліктілігін арттыру институты (БАИ) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 14-маусымдағы № 474 бұйрығына, ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің 2002 жылғы 4-шілдедегі № 6-21-335 шешіміне және ректордың 2002 жылғы 18-шілдедегі № 170 бұйрығына сәйкес өз қызметін іске асырып келеді.

2016 жылдың 21 желтоқсанында университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен Институт Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты (БАЖҚББИ) болып қайта құрылды.

БАЖҚББИ 41 ғылыми бағыт және 302 мамандандыру бойынша ҚР ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру жүзеге асырады; мектеп мұғалімдеріне арналған өзекті тақырыптарда біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып жүргізіледі, сонымен қатар кәсіби қайта даярлау мен қосымша білім беру аясында оқыту жүргізілді.

БАЖҚББИ қызметкерлері: Институт директоры - Шайкенов Б.А., директор орынбасары – Налибаева С.М., институттың–бас мамандары Ахметжанова Л.Б., Билдебаева Д.А., Абдулина Н.А., Абшенова Л.У., Махмет Х. Б.

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты арқылы жоспарға сәйкес 2021-2022 оқу жылында оқытудың әрбір түрі бойынша 1511 тыңдаушы біліктілігін арттырды.

2. Есептің толық мәтіні

2.1 Оқу үдерісінің негізгі бағыттарын ұйымдастыру және жүзеге асыру

Институт өз қызметін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАЖҚББИ туралы ережесіне» сәйкес жүргізеді, институттың міндеттері осы Ереженің мазмұнынан туындайды. Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты (БАЖҚББИ) қызметінің негізгі бағыттары:

- білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу;

- арнайы бағдарламалар бойынша әртүрлі профильді ұйымдар мен мекемелердің мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жүргізу;
- ғылым мен техниканың сәйкес салаларындағы жаңа жетістіктер, отандық және шетелдік озық тәжірибелер жайлы мамандардың білім алу қажеттілігін қанағаттандыру;
- білім беру саласында ғылыми зерттеулерді, ғылыми-техникалық және тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, кеңес беру қызметі;
- жұмыс профилі бойынша бағдарламаларды, жобаларды, ұсыныстарды, басқа да құжаттар мен материалдарды ғылыми сараптау;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерін дайындау сапасын арттыруға бағытталған ғылыми-әдістемелік материалдарды дайындау;
- жаңа технологиялар мен оқыту әдістемелерін сынақтан өткізу, енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу;
- ғылыми-педагогикалық тәжірибені зерттеу, тұжырымдау және тарату.

2.2 Институт жоспарлаған және орындаған міндеттері

Институт есеп беру кезеңінде жоспарлаған тапсырмаларды толығымен орындады.

Олар мыналар болып табылады:

2.2.1. Оқу жоспары бойынша ақылы негізде оқыту. Біліктілікті арттыру институты 40 ғылыми бағыт және 308 мамандандыру (1-қосымша, 1-2 кесте), сондай-ақ оқытушылардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттырудың жеке жоспары бойынша оқытуды жүзеге асырады. Оқу үдерісін ұйымдастыру жеке-дара және өз бетінше оқытуды дамытуға және нақты тапсырмаларды шешуге бағытталған.

Оқыту университеттің барлық 16 факультетінде, 67 кафедрасында және ғылым-зерттеу институты базасында, ғылыми-техникалық паркінде жүзеге асырылады.

Оқу жоспарлары БАЖҚББИ тыңдаушысының біліктіліктілігін арттыруда жеке траекториясын құруға, педагог-ұстазын, міндетті пәндер тобын және арнайы пәндер тобын (арнайы мамандандыру) таңдауға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған

Арнайы пәндер блогы, жаңа ақпараттық технологиялар, электронды оқулықтар жазу, физиканың өзекті мәселелері, химияның өзекті мәселелері, биологияның өзекті мәселелері және т.с.с. пәндер болып табылады.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының блогы, таңдаған мамандығы бойынша оқу-әдістемелік құралдарды зерттеуге, таңдаған тақырыбы бойынша патенттік ізденіс жүргізуге, ғылыми мақалалармен және кітапханада мен жұмыс істеуге арналған.

Тыңдаушылар үшін оқу жоспарының мұндай үлгісі оқытудың қазіргі кредиттік жүйесін түрлендіру болып табылады, бұл тыңдаушылар мен тапсырыс берушілердің мүддесін барынша ескеруге жағдай жасайды.

Біліктілікті арттыру курстарында оқыту мерзімі тапсырыс беруші мен тыңдаушының мүддесі мен пікірін ескере отырып, оқу немесе жеке бағдарлама бойынша белгіленеді.

Біліктілікті арттыру оқытудың келесі түрлері бойынша жүзеге асырылады:

- қысқа мерзімді – 72 сағат;
- орта мерзімді – 108 сағат;
- ұзақ мерзімді - 144 сағат.

72 сағаттан аса көлемдегі бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудан өткен тыңдаушыларға арнайы үлгідегі сертификат беріледі.

2021-2022 оқу жылында **19** тыңдаушы – 144 сағаттық, **5** тыңдаушы – 108 сағаттық, **144** тыңдаушы – 72 сағаттық бағдарлама бойынша білім алды.

2.2.2 Университет есебінен оқу жоспары бойынша оқыған БАЖҚББИ тыңдаушылары – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары туралы мәліметтер

2021-2022 оқу жылында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ **80** оқытушылары әр-түрлі мамандықтар бойынша университет есебінен біліктіліктерін арттырды.

Олар университеттің барлық құрылымдық бөлімдері бойынша **3** кезеңге бөлініп жүзеге асырылды- 11.10.2021 ж - 23.10.2021 ж., с 01.11.2021 - 13.11.2021 ж., 29.11.2021 ж- 13.12.2021 ж.: (2-қосымша, 3-кесте).

2021 жылғы 17-29 мамыр аралығында аккредиттеу талаптары аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 757 оқытушысы «Оқыту әдістемесі және білім беруді бағалау» курсы бойынша біліктілігін арттырды.

2.2.3 БАЖҚББИ тыңдаушылары – оқу жоспары бойынша ақылы негізде оқыған жоғары оқу орнының оқытушылары туралы мәліметтер

Ақылы негізде 2021-2022 жылы оқыған БАЖҚББИ тыңдаушылары туралы мәліметтер 3-қосымшаның 1-3 кестелерінде берілген.

2021-2022 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАЖҚББИ арқылы ақылы негізде өтетін тыңдаушылардың біліктілігін арттыру 10 кезеңге бөліп жүзеге асырылды:

06.09.2021 - 02.10.2021 ж, 04.10.2021 - 30.10.2021 ж, 01.11.2021 - 27.11.2021 ж, 29.11.2021 - 30.12.2021 ж, 03.01.2022 - 29.01.2022 ж, 31.01.2022 - 26.02.2022 ж, 28.02.2022 - 31.03.2022, 04.04.2022 - 30.04.2022 ж, 02.05.2022 - 30.05.2022 ж, 31.05.2022 - 30.06.2022 ж

Ақылы негізде 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының **32** жоғары оқу орнынан **168** тыңдаушы 40 ғылыми бағыттың **23** түрі бойынша оқыды.

